



Балғожа
КЕНЖЕФОЗИН

Өмірде өзін де,
есін де қалдаңыз



Издательство
«Северный Казахстан»



**Кітапты құрастырған
Біржан Балғожаұлы КЕНЖЕГОЗИН
және журналист Жоламан ШАХАНОВ**

***ӨМІРДЕ
ІЗІНДЕ, ІСІНДЕ
КАЛДЫРҒАН***

**Балғожа Кенжеғозиннің көзі тірісінде
жазған дастандары, жиған-терген
шешендік-шежірелі сөздері, естеліктер**

Петропавл қаласы
2013 жыл

УДК 534 (85)
ББК 84. 3 Каз 5-2
К 83

К 83 Өмірде ізін де, ісін де қалдырыған.
Б. Кенжегозин, Ж. Шаханов / г. Петропавловск, Издательство
«Северный Казахстан», 2013 г. - 248 б.

ISBN 978-601-7247-38-4

52382

Кітап өнірімізде есімі кеңінен танымал, ғасырга жуық ғұмында елі үшін, жұрты үшін талай іс атқарып, кейінгі ұрпакка өшпес мұра қалдырыған Балғожа Кенжегозинге арналады.

УДК 534 (85)
ББК 84. 3 Каз 5-2

ISBN 978-601-7247-38-4

© Б. Кенжегозин, 2013
© Издательство «Северный Казахстан», 2013



*Марқұм әкеміз, шешеміз, бауырымыз
Балғожа Кенжегозыұлының,
Жәмила Кенжегозы келінінің,
Марат Балғожсаұлының,
Әскер Балғожсаұлының
рухтарына арнаймыз*

ӨМІРДЕРЕК

Балғожа Кенжеғозыұлы қазіргі тілмен айтканда 1902 жылды Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылында дүниеге келген. Осы ауылдың тумасы болса да еліне елеулі енбекімен, халқына кайырымды камкорлығымен ерекше құрметке боленген оның есімін бір өнірмен ғана шектеп қала алмайсын. Біраз жердің дәмін татты, біраз жерге танылды. Өмір сүрген өз ортасында көнілі ашық, жаны жомарт, көкірегі ояу, көрген-білгені мол, көркем ойдың қөркі, көсем сөздің шебері атанған ерекше тұлға еді.

Он бір жасында бай есігінде батрак болып енбек етіп жүре, етінің тірлігі арқасында хат танып, білім алды. Алғыр, тындырымды болды. Колхоз председательдерінің окуын оқып, Төнкеріс ауданында ауылдық кенестің. Жарқын ауылдық тұтынушылар одағының төрағасы. Преснов аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары қызметтерін аткарып, шаруа біткеннің бел ортасында жүрді.

1940-42 жылдары енбек армиясында болды. Сол кезде ерекше маңызы бар Орал корғаныс заводында жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы шиеленіскең киын сәтте ел корғау үшін өз еркімен майданға сұранды. 1943 жылды Орал ерікті танк корпусының құрамында Орталық майдан шебінде бөлімше командирі болып ұрысқа кірді. Сондағы сұрапыл шайқастың бірінде бір ротадан тірі қалған жауынгерлерді өзі баскарды, ұрысты жалғастырды. Шайқаса жүріп, жау шебін жарып өтіп, өз жауынгерлерімізге косылды. Осы жолғы ерен ерлігі үшін ол 1 дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Бірак бұл жоғары награда несін жиырма бес жылдан кейін туған жерінде тапты.

Курск иініндегі сұрапыл шайқаста Балғожа Кенжеғозыұлы ауыр жаараланып, қанша емделсе де одан әрі соғысқа қатысуға денсаулығы келмей, елге мүгедек болып оралды. Соған қарамастан бірден белшешіп еңбекке араласты. Сол кездегі Преснов ауданының «Айымжан», «Қарағаш» колхоздарын басқарды. Тыңға алғашқы түрен салушылардың қатарында болып, жаңа құрылған «Жамбыл» кеңшарының іргесін қаласты. 1966 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Еліміздің «Дербес зейнеткөрі» атағына ие болды. Бейбіт өмірде де бірнеше наградалармен марапатталды.

Балғожа суырыпсалма ақындығымен, шешен-дік-шежірелі сөздерімен жұртшылыққа жақсы таны-мал болған. Ескілікті жыр, қисса, дастандар, шешендік сөздер аузынан бірінен соң бірі ағытылатын. Дәмдеп, мақамдап, сыр-толғау ғып шертетін. Бір ғажабы соның бәрін жатқа билетін. Содан да болар, алқа-қауым ол кісінің әңгімесін қызыға тыңдал, үйіп қалатын. Тоқсан би, Серіз сері, Шағырай шешен. Қожаберген жырау сияқты осы өнірдің атақты адамдары ел-жұртқа Балғожа ақсақал арқылы жаңа қырынан танылды десе де болады. Олардың шешендік сөздерін кейінгілерге жеткізіп, ауыз әдебиетіне де көмегін тигізді. Сөйтіп, оның шежірешілігі өз өнірімізден асып, бүкіл республикаға танылды. Белгілі жазушылар Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов елге келген сайын Балғожа ақсақалмен кездесіп, әңгімесін тыңдал, дәмдес болатын.

Балғожа ақсақалдың өз қаламынан туған туындылар да аз емес. Ол «Ақ бүркіт», «Әлім мен Рәзия», «Әсет-Әсия» атты ұзак дастандар мен өлеңдер жазып, кейінгі ұрпағына өшпес мұра қалдырды. Оқырман қауым оның «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған ұзак дастандарымен жақсы таныс.

Үрпактары демекші. Балғожа зайдыбы Жәмила екеуі жеті бала тәрбиелеп, өсіріп, бәріне жоғары білім әптерді. Олардың бәрі ел-жұрт таныған азаматтар. Ұлкен ұлы Әскер ғалым-агроном, кейінгі ұлы Марат экономика ғылымының докторы, академик. республика Білім және ғылым министрлігі экономика институтының директоры қызметін өмірінің сонына дейін аткарды. Төрт жұзден астам ғылыми енбек жазған ірі тұлғалы ғалым болды. Кенже ұлы Біржан облыстағы іргелі шаруашылыктар мен басқармаларды баскарып, абырайлы қызмет етті. Әлі де лауазымды қызметтен кол үзген жок. Қызы Роза мен күйеу баласы Сайын Есенғұловтар ұлкен лауазым иелері. Аксакалдың жиырмадан астам немересі мен отызға жуық шәбересі оның есімін абырайға бөлеп, ісін жалғастыруда.

Балғожа Кенжеғозыұлы токсан жасында 1992 жылы Қызылжар қаласында қайтыс болды.

ҰСТАЗ

Бәкеңмен (Балғожа Кенжеғозыұлымен) көзі тірісінде көп араластым дей алмаймын. Бірақ бір кісідегі білемін. Жүргінде ізгіліктің шамы лапылдаған бекзат жан еді. Кескін-келбеті. жүріс-тұрысы бөлек-тін. Сөзі де сары алтындаі салмақты болатын. Арамыздан кеткелі де едәуір уақыт өтті. Ұмытқан жоқпызы. Ойға жиі оралады. Сірә да, «тау алыстаған сайын биіктей береді» деген сөздер бекерге айтылмаған болуы керек. сондай бір сәттерде. кезінде өзім қуә болған көп жайлар жадымда жаңғырып. ерекше бір сезімге бөле-нетінім бар.

Бұл жалғанға кімдер келіп. кімдер кетпеген?! Бәкенді сол көптің бірі болды деуге қимаймын. Шын мәнінде, ол болмысы бөлек жан болатын. Нағыз тұлға еді. Бертінге дейін шалғайдағы ауылда ғұмыр кешкен қазақтың қара шалы сол биікке қалай көтерілді? Әрине, бұл саяулға жауап іздеген адам ең алдымен Бәкенің өмір жолын шарлайды, басқан ізіне үңіледі. Кім болса да коп жайға қанығары күмәнсіз. Өйткені. қаршадайынан еңбекке араласқан. ел басына қауіп-қатер төнгенде қолына қару алып. Отан-Анасын жаушенгелінен қорғауға аттанған. майдан даласында тағдыры жалғыз оққа байланған жаздал қансыраған, сонда да жігері жасымаған қайсар жанның өмірі тағылымды-құлашты кең сілтеп көсілсек. тарқатып жазсақ, том-том кітапқа арқау болғандай.

Өнегелі өмірімен жүрген-тұрған ортасын нұрландырған. отбасын шуакқа бөлеген Балғожа Кенжеғозыұлығибратты ғұмыр кешті, ел арасында беделді болды. Ол

кісінің алдында бала-шагасы. ағайын-туғандары ғана емес, аралас-құралас болғандардын бәрі қоғадай иіліп тұратын. Алла тағала мұндай бакытты сүйген құлына. басқалардан касиеті аскан пендесіне ғана сыйлайды десек. Бәкенді ел құрметіне бөлеген. абырой биігіне өрлеткен. ен алдымен, қарапайымдылығы дер едім. Ол кісі болдым-толдым деп асып-тасуды білмейтін. ішкі мәдениеті өте жоғары адам болды. Үлкенге де, кішіге де сіз деп сөйлейтін. Жүрек жылуының молдығы соншалық, кез келген адамды ерекше бір мейірім шуағына бөлеп, бірден баурап алатын. Әсіресе, ол кісінің балаларына деген сезімі ерекше еді. Бәрін ойлап, бәрін іздеп отыратын. Әр сезінен. кимылтынан тәртіпті, адалдыкты сүйетіні сезілетін.

Мен өзім қариямен күйеу баласы Сайын арқылы тыныстым. Әскер катарынан оралғаннан кейін «Ленин туы» (казіргі «Солтүстік Қазакстан») газетіне қызметке орналасып. журналистік кадамымды жана-жана бастаған кезім. Редакция табалдырығын менен төртбес ай бұрын аттаған Шашубай екеуміз бір бөлмеде отырамыз. Шашубай екеуміз бір мектептің бір жылғы түлегіміз. Бірде ол кабинетке ұзын бойлы. қараторы өнді, талдырмаштау келген жігітті өртіп келді. Сайын Есенғұлов деп таныстырыды. Сайынның БЛКЖО-ның Мәскеудегі жоғары мектебін тәмамдап оралған беті еken. Ол облыстық халықтық бакылау комитетіне инспектор болып орналасты. Кешікпей Сайын мен Роза шанырак құрды. Сәкенмен қызмет барысында кездесіп жүрдік, кейін отбасымызбен араласа бастадық.

Осылай күндер өтіп жатты. Сайынның өз әке-шешесі де, ата-енесі де акжарқын, конакжай адамдар болып шыкты. Той-томалак болса, бізді де қалдырмайтын. Сайынға еріп беймезгіл барып калсак та жылы қабак

танытып. колда барларын алдымызға тосады. Оның үстіне Бәкен әңгімеге байытады. Журналист боламын деп жүрген адамға керегі де осы ғой. орайы келгенде өзіміз де Бәкенді айналышқатап шықпайтын болдық. Сөйтіп жүріп Бәкеннің естеліктері негізінде бірнеше макала жазды.

Бәкен, әсіресе, ескі әңгімелерді көп білуші еді. Өзі де көnlге оралған көрікті ойларды қағазға түсіріп жүреді екен. Бертін солардың біразы газеттерде жарияланды.

Бәкеннің кісі қызығарлық тағы бір қасиеті сергектігі еді. Ол кісі жасы біразға келіп қалса да, картайдық, шаршадық деген сөздерді аузына алмайтын, болашакка үмітпен қарайтын, балаларын ұдайы жақсылыққа жетелеп отыратын. Балалар демекші, ол кісінің үлкен құндылығы сол ұрпағына берген тәрбиесі деу орынды. Солардың әр қадамын қадағалап отыратын. Қазак радиосының Солтүстік Қазакстан облысы бойынша меншікті тілшісі болып жүргенде «Севказглавснаб» деп аталатын үлкен ұжымды басқаратын Розадан сұхбат алдым. Мектепте, институтта орысша оқыған Роза казакша сөйлеуге киналса да біраз жайды қозғады. Бәкен сол әңгімені бастан-аяқ тындалты. Кейін бір кездескенде «туған тілге ештене жетпейді ғой» деп қалды. Сірә, бұл ана сүтімен дарыған тілдерінді үйреніндер дегенді астарлап жеткізгенді болар деп топшыладым. Жалпы, ол кісі не нәрсе болсын, өзінің көзқарасын білдіруге асықпайтын. Токтамды сөзін ойланып барып бір-ак айтатын.

Тізе берсек, ол кісінің жаксы істері таусылмайды. Тоқсан ауыз сөзді түйіндер болсак, ол кісі тұтас бір кауымға ұстаз, ұстаз деймін-ау, мектеп болды. Өзін коршағандардың бәріне калай өмір сүрудін үлгісін

көрсетті. Оны ел құрметіне бөлеген де осы касиеттері деп ойлаймыз. Ол бәріміз үшін ұстаз болды.

*Жарасбай СУЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі,
жазуышы, Солтүстік Қазақстан облысының
Күрметті азаматы.*

*Осы өлеңнің иесі – Балғожса атым.
Орта жүз Көшебе-Керей аргы затым.
Жетпістің жетеуіне келген жасым,
Сіздерге осы болар жазған хатым.*

БІРІНШІ БӨЛІМ

**ДАСТАНДАР МЕН ӨЛЕНДЕР,
ЖИҒАН-ТЕРГЕН
ШЕЖІРЕ-ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР**

ӘСЕТ - ӘСИЯ

**(ДАСТАН 1918-1920 ЖЫЛДАРҒЫ
ОҚИҒА ЖЕЛІСІМЕН ЖАЗЫЛҒАН)**

Мекебай – руы Шайгөз – Уак, Қапсыт – Самай руынан үлкен кызын алған Ержан Бақтыбайұлымен Омбы маңындағы байлардың малын бағып, отбасын асырап, балаларын орыс мектебінде оқытып, тіршілік еткен адамдар. Мекебайдың төрт қызы, бір ұлы болған. Ұлы – Әсет орыс мектебін бітіріп, Омбы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Екінші курста оқып жүріп, партияға кіреді, студенттер арасында саяси жасырын жұмыстар жүргізеді.

1918-1919 жылдары белсенді студенттер коммунист-комсомолдармен бірге сол кездегі арнайы тапсырмамен мал-жанның санағын алу үшін елге шығады. Солардың ішінде Әсептің жолы Ақмола губерниясына түсіп. Берден Ертісбайұлы деген байдың ауылына келеді. Осында бірнеше күн болып, бай ауылындағы мал-жанның санағын алады. Кешкілік ауыл маңындағы тылсым табиғаттың тамаша көріністері, жастар жиылып алтыбақан құрып, аткеншек теуіп, косылып ән салғаны, қыздардың әсем киімдері, сыйлышыраған шолпылары, ұзын өрген кос бұрымдары, бұралған қыпша белдері, молдіреген көздері Әсептің жастық сезімін ояттай қоймайды.

Сонда жүргенде Әсет байдың 16-17 жастағы Әсия деген қызын қатты ұнатып калады. Қыз да жігітті ұнатады. Бірақ екеуінің арасындағы ғашықтық сезім ашылмаған сыр сиякты еді. Қыздың да, жігіттің де ойлагандары мынау болатын: «Мен оны сүйемін, ол мені сүйе ме. Мен жанған отыма, ол жанып күйе ме. Әшей-

ін әуре болып, қайғы жеп мен журмін. Сүйгені баска болып, бір адам ие ме». Осындаі ой мазалағасын Әсет бір күні Әсияға хат жібереді. Хатында Әсияны шын жүргегімен, таза көңілімен сүйетіндігін білдіріп екі-үш ауыз өлең жазады.

«Әсия, амансыз ба. қалын қалай?
Карындас. сіз сиякты көрдім талай.
Айтуға шын сырымды рұксат ет,
Бұлардың жанаспайды бірі де орай.

Мен сізді жан-тәніммен шын сүйем.
Отына ғашыктықтың күнде күйем.
Шынынды айт шын сырым құдай какы,
Мал беріп құда түскен бар ма иен?

Құтемін сізден жауап шын сырынды,
Сізбенен таныс емен бұрын-соңды.
Көп айтпай. шынды айткан сырым осы.
Емес ем көп айтуда мен жырынды»

Осылай хат жазады Әсет бала.
Сөзінің шындығын ойлап қара.
Өмірге, өлуге де басы дайын.
Тұра алмас бұл жағдайға ешкім ара.

Ол кезде бай мен билер алабұртып,
Сойып, сатып, азайтып, малын күртыйп.
Кез еді Колчактың армиясы келеді деп.
Ат пен азық дайындалап, жолын күттіп.

Байлар құрбан Колчак пен Деникинге.
Бұларға тіршілік жоқ одан өзге.
Кедейді ит етіндей жек көрісіп.
Қанды жас бірдей аққан екі көзде.

Осындай ауыр мезгіл кез болып тұр.
Ұзартуға болмайды, тез болып тұр.
Байлығы аскан адамға қыз берем деп,
Берден байдың жарлығы сөз болып тұр.

ӘСЕТ ПЕН ӘСИЯНЫҢ КЕЗДЕСУІ

Әсеттің кеткеніне көп күн өтті,
Еш хабар сонан кейін болмай кетті.
Жазған хат, айтысқан сөз, құлаққағыс
Сұлуды тиыш жүрген кайғылы етті.

Ойлайды тағы қайтып көрсем бе деп,
Уағда келешекке берсем бе деп.
Жас талап, жана өспірім Әсет жанның
Жанына жолдас болып ерсем бе деп.

Қарайды қайта-қайта дуан жакка,
Көрінсе бір жолаушы мінген атка.
«Осы Әсет болмас па екен?» деген оймен
Ұзак күн караушы еді қай уақытта.

Бір күні күн де ыстық аптарап еді,
Ескен жел күн батыс жактан еді.
Бай кетіп бір жұмыспен бөтен елге,
Бәйбіше қонақ үйде жатқан еді.

Тоқалы о да кеткен ауыл кезіп,
Ұрсатын адам жоғын анық сезіп.
Әсия үлкен үйде отыр жалғыз,
Ойменен неше түрлі күн өткізіп.

Бір кезде бір арбалы пар ат жеккен
Жолменен дүрілдетіп келіп шеттен.
Боз үйдін сыртынан кеп түсे калды,
Қонақтай қонақасы үміт еткен.

Арбадан түсіп жатыр екі кісі,
Біреуі сақалдылау, бірі кіші.
Орысша киім киген, баста қалпақ,
Білдіріп оқығанын тұр ғой түсі.

Келгенін үйге қонақ қыз да біліп,
Төседі төрге көрпе түрегеліп.
Алдында сақалдысы, жасы кейін
Есіктен сәлем беріп, келді кіріп.

Жалт етіп қарағаннан қалды танып,
Жымып жас жігітке көзін салып.
Сыпайы сөздерменен амандастып,
Көз қадап, бір-біріне жүзі жанып.

Қарайды қайта-қайта қыз да қоймай,
Қаншама қараса да отыр тоймай.
Қатасыз атқан оғым тие ме деп.
Хат жөнін Әсет тағы отыр ойлай.

Бұралып орнынан сұлу тұрып,
Көрген соң ғашық жарын жүз құлпырып.
Дайындалап ақ шараны, саба пісіп,
Беруге қымыз құйып талап қылып.

Қадірлеп кәрісін де, жасын-дағы.
Жолдастың жолы болды қасындағы.
Әсетті лауменен алып келген
О да бір Нұрман деген осындағы.

Қымызға қанып алып кетті шалы,
Үзбестен ішіп отыр Әсет әлі.
Қалған соң үй оңаша екеуіне
Жымын аз-кем айтты ғашық жары.

– Мен сізді ұзаган соң келмес дегем,
Бұл үйді енді қайтып көрмес деп ем.
Жұмысың болса-дағы шетпен кетіп,
Жолымен Жансүтірдің жүрмес деп ем.

Сұлудың Әсет білді айтқан назын,
Жүргүте түсіндірді уақыт азын.
– Қаладан демалыс ап шығып келдім,
Өтеді демалумен осы жазым.

Тұскендей достың досқа махаббаты,
Сөз болды былтырғы Әсет жазған хаты.
– Білдірмей бір хабарын бұған дейін
Әсия-ау, жатыр ма едің тілеп ақы.

– Қайтейін, қатынаспай жаттың өзін,
Болды ғой қала жақта екі көзім.
Хат жазып жіберейін десем-дағы
Жүргенім келтіре алмай ешбір кезін.

Жауапты көпсінем бе сізге, жаным,
Мінез жоқ бұлданарлық менде, жаным.
«Жоқ деген игіліктің ерте-кеші»,
Үмітті әзірінше үзбе, жаным.

Екі есе Әсет бұған тасып кетті,
Қуаныш бұрынғыдан асып кетті.
Үдettі айтқан лебіз, жақсылық сөз,
Жүректі тырнап жүрген ғашық дерті.

Жүре алмай Әсет қонды сол күн кешке,
Ғашықпен жолықсам деп алып еске.
Ер жүрек қауіпсініп ойласа да,
Үмітті үзбе деген түседі еске.

Қызы барып қонак үйге төсек салды,
Ұзамай тысқа шығып Әсет барды.
Көрген соң оңашада ғашық жарын,
Құшақтап ақша беттен сүйіп алды.

Жымып Әсия қыз тұрды құліп,
Жүрмесін ұят болып біреу біліп.
Етеді Әсет мырза құлаққағыс:
«Жатамын жалғыз қалай тыным қылып?»

— Көрерміз қаастырып сізге жолдас,
Нақ жалғыз жатқызудың жөні болмас.
— Боларсың сүйгеніңін құшағында,
Келемін сықырлатпай есігінді аш.

— Қарағым, келесің бе?
— Келем, келем,
— Уағда бересің бе?
— Берем, берем.
Бетінен шөп еткізіп тағы сүйіп:
— Әсия, болсыншы, — деді, — хабар сенен.

Ойында Әсияға берген серті,
Күшейді бұрынғыдан қайғы дерти.
Еліне бара салып, айттырмақ боп,
Әсеттің өз басынан кетті еркі.

Дәulet жоқ ойып берер Мекебайды,
Бермейді жалғыз қызын Берден бай да.
Жиып ап дос-жарларын ақылдастып.
Біле алмай не қыларын отыр ойда.

Жөн көрді айттырғанын бәрі-дағы.
Ретке келер дейді малы-дағы.
Қараспақ болды әлінің келгенінше
Туысы Мекебайдың жанындағы.

Ат-арба, қамыт-сайман алды қамдап,
Жіберді үш адамды пар ат сайлатап.
Кемітіп жарлысынар деген ой жоқ,
Сөйтесіп ниеттері құда болмақ.

Дәулетті Берден бай да бала жастан
Салтанат жиған мүлік жұрттан асқан.
Кісі еді сөзі адыр, тәқаппарлау.
Кететін бір бет ауса кайрылмастан.

Келгенмен өңкей кедей мойын теңеп,
Сөздерін тындалайды Берден елеп.
– Бермеймін мен қызыымды қаңғырганға
Бет алды шатасқан сөз неме керек?

Осы болды құдаларға тартқан сыйы,
«Көнбес, – деп, – онылықпен, қатты күйі»
Тендіктің жоктығына зар еніреп,
Ушеуі елге қайтты келмей күйі.

Саудагер Троицке манайында
Ел кезіп мал табудың талабында.
Бір жігіт әйелі өлген бойдақ екен
Мекені Тоғызактың алабында.

Қарабалық арғы заты еді Қыпшак.
Аз ғана жиған дәүлет азаптанып.
Жасы бар жиырма бес пен отыздағы,
Саудамен дуан жакка жүрген барып.

Кез болып бір жолында Берден байға,
Келбеті тәуір жігіт тұр формыда.
Былғары кара хром перм-арба
Шылдырлап конырауы кос күренді.

Мейман боп конып жатып көрді қызын,
Ұнатты сүйгендей боп баскан ізін.
Келісіп, айттырмак боп Әсияны
Бәйгеге тікті мырза енді өзін.

Бердennің іздегені мал менен бак,
Аталы бай баласы болған сон тап.
Келісіп, пұлсын алып бермек болды.
Пәлен деп жұбауратып жібермей-ак.

Той қылып, ат шаптырып, елін жиып.
Күйеуін кадірлейді болған сүйіп.
Кез болып мұндан күйге Әсия қыз
Көзінен отырады жасын тыйып.

Нық уағдасы Әсетпенен –
«Тіріде айырылмаспын, жаным сенен».
Кетерде айтқан сөзі әлі есте:
– Қош болып тұр, сүйгенім, жарым, - деген.

Басқаға мұны тастап қалай барап,
Айырылып Әсет бұдан қалай қалар?
Болашақ алдағы істі әңгіме етіп.
Ойланды берейін деп енді хабар.

Хат жазды сүйгеніне мұнын айтып:
«Пәледен құткарасың мені қайтып?
Пұл қылып мал орнына сатып отыр,
Біреуді тауып экеп сенен артық.

Бармаймын байласа да мырзасына,
Билігім келер деймін бір басыма.
Сенемін сырттан саған өзімсініп,
Уағдаға опасыздық қылмасына.

Жігіт болсаң тәуекелге бу белінді.
Сен үшін мен тастаймын өз елімді.
Үміт зор – алдымызда. болашақта
Істейік көп кешікпей бір тынымды.

Мені аяп отырған жоқ әке-шешем,
Мал етіп сатып жібермесін мені десен.
Қашанда кор болам деп ойламаймын,
Қарағым, сен тұрғанда аман-есен.

Сұраймын амандыкты бір құдайдан.
Отырмын артық көріп сені байдан.
Тез игі бір өлімнен басқа істін.
Қарағым, көп кешікпе, енді ойлан.

Ұзамай уакытын болса бір келіп кет,
Әр нешік алдағы істен талабыңды ет.
Мен сорлы суға кетіп тал кармадым,
Бір жәрдем сүйгенімнен бола ма деп».

Алған соң Әсиядан жазған хатын.
Ауылынан шықты Әсет жегіп атын.
Жолшыбай тыным көрмей келіп жетті.
Көргенше құмар болып асыл затын.

Бір үйге сол ауылға кона кестті.
Мейманға кім бермейді шай мен етті.
Үй иесі Әсетпен түйдей құрдас.
О дағы жігіт еді өте епті.

Замандас Әсетпенен көптен таныс.
Болғанмен араласпас ауыл алыс.
Жүздесіп Әсиямен танысқалы.
Мәлім ет арадағы оған барыс.

Жұмсады Әсет бұған барып кел деп,
Жәйішіе Әсияның қанып кел деп.
Көруге түнде уақыт бола ма екен?
Хабарды ауызба-ауыз алып кел деп.

Тұр еді Әсия да келе ме деп.
Хаттағы жазған сөзге сене ме деп.
Хат жазып, мұнымды айттым сүйгеніме,
Ешкімнен қаймықпаймын тұр екен деп.

Күзетіп ауыл сыртын Әсет жүрді,
Естіді келе жатқан сыйбырды.
Ақ үйден жалғыз шығып бүраң қағып,
Назданып Әсия қызы жетіп келді.

Сүйісіп. күшактасып екі ғашық.
Отырды шетке барып мауқын басып.
Мұделі қөнілдегі сөзді айттысып.
Болған соң бір-біріне амандасып.

– Қарағым, Әсия жан. қалай жайын?
Жакында келіп кетті білсем, байын.
Уағда бұрынғы айтқан орнында ма.
Сіз тұрсыз осы күнде. қандай жайын?

– Әсет-аяу, не дегенін «байын қайда».
Тием деп қашан айттым басқа байға?
Жұтпаймын өлгенімше уағдамды
Ішімдегі сырым мәлім бір құдайға.

– Бармысын уәдеде?
– Бармын, бармын.
Сенімен косылуға ынтызармын.
Екі жас неке орнына кол алысты:
Әсия: – тидім саған; Әсет: – алдым.

– Енді біз отырмайық күн өткізіп,
Жүрмесін ауыл жактан біреу сезіп.
Алған соң жазған хатты, жата алмадым
Қындық не кездессе, келдім төзіп.

Сені алып жөнелемін дуан жаққа.
Дайын түр манағыдан жегулі ат та.
Тілегімізді екеуміздің берер Алла,
Тәуекел, сиынайық жалғыз какқа.

Қосылып, тәуекел деп, аттанысты.
Еліріп тұрган пар ат алып ұшты.
Екі күн жолда жүріп тыным көрмей,
Дuanға аман-есен барып тұсті.

Кез еді большевиктің тұрган бастап.
Жолықты губкомге кеп әдейі арнап.
«Еш адам қағылмасын» деген қағаз
Алды да жатты сонда пәтер жалдал.

Ол кезде жуандардың әлді кезі.
Тұп-түгел төрт түлігі малды кезі.
Кедейлер алғанына іші күйіп,
Ызамен көрмейтұғын екі көзі.

Берден бай мұнын шаққан достарына:
– Құдайдың көнбеймің, – деп, – қосканына, –
Жіберді ызаменен жылап-жылап.
Кедейдің қызын алып қашқанына.

Бандылар әлден алмай басын қосып.
Кслер деп Колчактың жолын тосып.
Кез келген елді тонап, атын мініп
Әр жерде беттерімен жүрген босып.

Берден бай актың келді штабына.
Шындық, әділдік те бәрі малда.
Алған соң сұық хабар атасынан
Бектас та келіп еді бұгін танда.

«Досы, – деп. – большевиктін». шағым берді.
Тұрлі іспен қаралады Әсет ерді.
Арызбенен бүктелген мың тәнгені
Бандиттың қигаш көзі бірден көрді

– Атындар, ұстандар да, көрін казып.
Берденнін қызын қайтар, жүрген азып.
Бес солдат екеуіне қосып берді.
Қолына бұйрықтарын берді жазып.

Күн еді бейсенбінін бесін кезі.
Әсептін уайымда ашық жүзі.
Отырды қаннен-капер шайын ішіп,
Қасында жан жолдасы – байдың қызы.

Шырайлы Әсиянын жүзі сынық.
Еш жерде отыра алмай тыным қылып.
Шай батпай жүрегіне тыска шыкты,
Далаға шығып барып келді кіріп.

– Немене, Әсия жан, солғын түсін.
Істеген жайшылыққа келмейді ісін.
Шай батпай жүрегіңе тыска шыктын.
Шыныңды айт, әлде бүгін аурумысын?

Отырды орнына калтыранып,
Ұмтылды ішейін деп шайын алыш.
– Білмеймін неге бүгін не болғаным.
Жүрегім калтырайды, ішім жанып.

Түсімнен оянып ем бүгін шошып.
Далаға ішкен шайды келдім құсып.
Бұлдырап екі көзім көрмей барады.
Бір пәле бара жатыр мені қысып.

– Қайдағы жок сөзді айтып қорықпа бекер.
Жазылып шайынды ішсөн ауру кетер.
Дәл осы қоркынышты кезіміз гой.
Еш нәрсе бола қоймас. бәрі де өтер.

Әсептің аяқталмай айтқан кебі.
Далада әлденелер дүрсілдеді.
Есікten төрт-бес солдат кіріп келді.
Қасында Берден, Бектас – құйеу еді.

Әсептің каруы жок денесінде,
Кім ойлар жау келер деп күн бесінде.
Ячейка – парткомменен келісіп еді.
Екеуі қаруланбақ сол кешінде.

Бұларға жалынумен іс біте ме.
Екеуінің жетеуіне құш жете ме?
Шәшкедегі құдолы ыстық шайды
Берденнің шашты Әсия дәл бетіне.

Орнынан япрай, – деп Әсет түрді.
Шәшкені лактырып қыз да ұмтылды.
Қызды ұстап бір-екеуі үйде қалып.
Далаға енді Әсепті алып жүрді.

Қаланың көшесінен шықты тыска,
Ұқсатып атқалы түр ұшқан құска.
Он саржан жерге қойып көздегенде.
Жүгіріп жеткен еken қыз байғұс та.

Құшақтап «қарағым» деп құлай кетті.
Бес мылтық қатарымен түйреп өтті.
Мейірімсіз тас бауырлар аямай-ақ
Жазықсыз екі жастың қанын төкті.

Абайсыз қыз да кетті бірге өліп.
Қасына сүйгенінің жакын келіп.
Әсептің қеудесіне басын койып.
«Карагым, карагым», – деп дыбыс беріп.

Үстык кан жүрегінен саулап акты.
Көпіршіп ұйып барып жерге батты.
Жабырқап маңайдағы селеулер де
Үрғалып бір-біріне сыйбыдыр какты.

Екі жас осылайша өліп кетті.
Қосылып максатына бұлар жетті.
Өлтіріп жалғыз қызын іштен шықкан
Женгендей кас дүшпанын Берден кетті.

– Адам емес сен хайуан бір жыртқыш ан,
Көрмессін екі дүниеде сен аткан тан.
Мал үшін екі жастың қанын тәкін.
Лағынет саған айттар естіген жан.

Селеулер ырғалып тұр сыйырласып.
Боялды қызыл қанға екі ғашық.
Кінәсіз жазығы жок қос балауса.
Пәнимен кош айтысты бетін басып.

Қыз болсаң осындай бол Әсиядай.
Сүйгенімен бірге өлді жан аямай.
Айырмай екі жасты құшағынан,
Екеуін бір молага койған солай.

Окиғаның осылай болғаны анық.
Ақ пен қызыл арасында болған тарих.
Әділетсіз хайуандық еткен істер
Халық алдында өтінем: көрсін жарық.

Осы өлеңнің иесі – Балғожа – атым
Орта жұз Көшебе-Керей – аргы затым.
Жетпістің жетеуіне жасым келді.
Сіздерге осы болар соңғы хатым.

(Әсеттің әкесі Мекебай – 55 жаста, сакалы бар, бидай өнді адам. Әсияның әкесі Берден 50 жаста. Бектас – саудагер, Әсияны малға сатып алмак болған күйеуі. 30 жаста. Әсетті лауменен алып келген Нұрман – 60 жаста. Әсет – 21 жаста. Әсия – 18 жаста).

АҚ БҮРКІТ

Қолыма қалам ұстап жаздым кенес.
Тамамдал бітіре алман бәрін тегіс.
Қызығы ер жігіттің бірі мынау.
Жәмиғат-ау, ақ бүркіттен тында кенес.

Ақ бүркіт – бұл заманда құс сұлтаны.
Емес пе мынау қызық жігіт сәні.
Ер жігіттің қайырылмас қанаты ғой:
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы.

Жігіт кем бұл үшеуін тамамдаған,
Қызық кой дүниеде келсе шаман.
Жігіттілік алтын балдақ қолына ұстап,
Үшеуін Рұстем-Дәстен тамамдаған.

Қолыма қалам ұстап толғанайын.
Үшеуін тамамдауға келмес жайым.
Жүйрік ат, ұшқыр тазы қоя тұрып.
Азырақ ақ бүркітті сөз қылайын.

Көзі бар ақ бүркіттің аппак айран.
Сымбатты, көркемдігі сұлу айдан.
Болғанда сүйір қанат, иір тұмсық.
Көрген жан сымбатына қалған қайран.

Ақ еділ, қыран бүркіт, балғын тұлек.
Қайтпайтын арыстандай батыр жүрек.
Көзіне көрінгенде құтқармайтын.
Оралдың нәсілі еді шын ақыық.

Тұяғы ак бүркіттің күйған құрыш.
Жұндері құлпырмалы құба бұліс.
Он екі құйрығы бар қырық шалғынды.
Заманда колға тұспес осындай құс.

Дегендей тұлкіге сәл қағып қанат,
Жігері екі көзде от боп жанат.
Шакырып ертенді-кеш кикулатқан.
Арқанын еркін анын еске салад.

Асығып алдырганша томағасын.
Ұрады қанатымен тұғырнасын.
Ала жаз ұзын баудан аса алмаған.
Қалайша ен даланы сағынбасын.

Рұстем, бабын келтір жалықпасын.
Жер сүзіп кейде бұлтты шарықтасын.
Орманда қылан етсе қызыл тұлкі.
Үстіне ә дегенше қонып қалсын.

Ак қарда қызыл тұлкі жатсын жайрап.
Ак бүркіт тұлкі бассын гүл-гүл жайнап.
Жегізіп тұлкі тілін ток батырға
Рұстем, қанжығаға алшы байлап.

Қансонар, үлпілдек кар, күні жылы,
Көрінсе құтылмайтын тұлкі ізі.
Шарықтап бұлтпен бірге араласып,
Аяғында жылтырайды шығыршығы.

Айгайды жоғарласа басушы еді,
Әр қырдан көз жұмғанша асушы еді.
Көрінген көз ұшында қызыл тұлқі,
Бұлтактап апан таппай сасушы еді.

Орманда қызыл тұлқі құлпырады.
Ақ бүркіт кабақ түйіп ұмтылады.
Иесі Рұстем-Дәстен келгенінше.
Өкпесін суырып, шұқып отырады.

Қуанып жолыменен байланысып.
Аңсырап жоғарылайды тағы да ұшып.
Ұзак құн тұлқі алудың қызығымен
Қайтушы ед кешке үйге болдырысып.

Алты ай қыс бүркіт салып қылып ермек,
Нағыз аңшы бүркіт баптап. қызық көрмек.
Жігіттер. осы өлеңнен гибрат ал.
Бүркітің ұшсын десен қанат сермеп.

Жерлерде ер намысы екіталай.
Кетуші ед көз ұшында жалғыз қарсы-ай.
Талайлар алдыра алмай беті қайтқан.
Ақ бүркіт қасқырды да алад оңай.

Сәнімен қолға ұстаса жігіт көркі.
Жетпейді бұл қызыққа дүние-мұлқі.
Бір қыста алты қасқыр, бір сілеусін.
Байлап ед қанжығаға отыз тұлқі.

Терісі бір каскырдын биялайы,
Істейді бір биялай жыл-жыл сайын.
Азырак қыран құсты әңгіме еттім.
Осымен ак бүркіттің білсін жайын.

Қалармыз уакыт жетсе түсіп орға.
Тұрарлық бізге ара дүние бар ма?
Құрбұға өзім теңді тарту етіп
Жазушы ак бүркітті мен Балғожа.

Жайы бар ак бүркіттің, міне, осындай.
Ежелден ақын емен мен Ыбырай.
Бүркітті сипаттаған құрметіне
Балғожа-ау, кисен жарап бір малакай.

Мен ақы сұрамаймын жазғаныма,
Әңгіме бір-екі ауыз созғаныма.
Берерге бүтін тұлқі көп болса егер,
Жарайды тұлқі тымак тозғаны да.

*1925 жылы болған оқиға
негізінде жазылған*

ӘЛІМ МЕН РӘЗИЯ

Қылыша тағдырдың тәлкегіне түсіп, бірін-бірі сүйіп,
қосыла алмай кеткен қос ғашықтың аянышты махаб-
баты жайлышы жазылған ұзак дастаның бір нұсқасы.

Әлімнің кеткеніне көп күн өтті.
Еш хабар содан бері болмай кетті.
Жазған хат, айтылған сөз, құлақ қағыс,
Сұтуды жайраң жүрген қайғылы етті.

Ойлайды тағы қайта көрсем бе деп.
Уағда келешекке берсем бе деп.
Үмітім, жаным сүйген жас Әлімнің
Соңынан жары болып ерсем бе деп.

Қарайды қайта-қайта дуан жаққа
Көрінсе бір жолаушы мінген атқа.
«Осы Әлім болмас па екен» деген оймен,
Ұзақ күн ой тарқатады сан тарапқа.

Бір келмей кете ме деп іші жанып,
Көп күтіп, келмеген соң назаланып.
Ойменен неше түрлі күн өткізген.
Жайлайға сарғаюмен кетті барып.

Сол кезде күн ыстық аптап еді.
Ескен жел күн бататын жақтан еді.
Бай кетіп жұмысымен бөтен елге
Бәйбіше қонак үйде жатқан еді.

Токалы о да кеткен ауыл кезіп.
Ұрысатын кісі жоғын анық сезіп.
Рәзия үлкен үйде отыр жалғыз.
Ойменен неше турлі күн өткізіп.

Бір кезде, бір арбалы пар ат жеккен,
Жолменен дүрілдетіп келіп шеттен.
Боз үйдің сыртына кеп тұра калды.
Кісідей конакжайды үміт еткен.

Келгенін үйге конак қыз да біліп.
Төседі төрге көрпе түрегеліп.
Алдында сакалдысы, жасы кейін
Конактар сәлем беріп келді кіріп.

Жалт етіп қараганнан калды танып.
Жымып жас жігітке көзін салып.
Сыпайы сөздерменен амандастып
Көз кадап бір-біріне жүзі жанып.

Қарайды кайта-кайта қыз да коймай.
Қаншама караса да отыр тоймай.
Қатесіз аткан оғым тие ие деп
Әлім де әр нәрсені отыр ойлай.

Бұрылып орнынан сұлу тұрды
Көрген сон ғашық жарын жүз құбылды.
Даярлап ак шараны, саба пісіп,
Бермекке кымыз құйып талап қылды.

Қадірлеп көрісін де, жасын-дағы
Жолдастың жолы болды қасындағы
Әлімді лауменен алып келген
Ол дағы Құрман еді осындағы.

Қымызға қанып алып кетті шалы
Үзбестен ішіп отыр Әлім әлі
Қалған соң үй оңаша масаттанып.
Жымып аз кем айтты ғашық жары.

- Мен сені енді қайтып келмес деп ем.
Бұл үйді енді қайтып көрмес деп ем.
Жұмысы болса-дағы шеттен кетер
Жолымен Қарасудың жүрмес деп ем.

Сұлудың Әлім білді айтқан назын
Жүрге түсіндірді уақыт азын.
Қаладан бір жола шығып келем
Өтеді бостандықта осы жазым.

Тұскенде достың досқа махаббаты
Сөз болды былтырғы Әлім жазған хаты.
– Білдірмей бір жауабын бүгінге дейін.
Рәзия. жатыр ма едің тілеп ақы.

– Қайтейін. қатынаспай жаттың өзің
Болды ғой дуан жақта екі көзім.
Хат жазып жіберейін десем-дағы
Жүргенміш келтіре алмай еш бір кезін.

Жауапты көпсінем бе сізге жаным.
Мінез жок бұлданарға бізде жаным.
Жок деген игіліктің ерте-кеші
Үмітті бұдан былай үзбе жаным.

Әлімнің көнілі бұған тасып кетті.
Куаныш бұрынғыдан асып кетті.
Тұла бойын бір сезім билеп кетті,
Жүргегін тырнап жүрген ғашық дерті.

Қыз барып қонақ үйге төсек салды
Ұзамай сыртта тұрып Әлім барды.
Көрген соң онашада ғашық жарын
Құшактап акша беттеп сүйіп алды.

Жымып Рәзия қыз тұрды құліп:
– Жүрмесін ұят болып біреу біліп.
Етеді Әлім мырза құлак қағыс:
– Жатамын жалғыз калай тыным қылып.

– Көрерміз іздестіріп сізге жолдас
Нак жалғыз жатқызуудын жөні болмас.
Боларсың сүйгеніннің құшағында
Келемін, сықырлатпай есігінді аш.

– Қарағым, келесін бе?
– Келем, келем.
– Ұағда бересін бе?
– Берем, берем.
Тілінен шөп еткізіп тағы сүйіп
Рәзия ризамын, – деді – саған сенем.

Ойында Рэзияға берген серті
Күшейді ілгері үшін қайғы дерти.
Ауылына бара салып, ақылдасып
Айттырмақ боп Әлімнің кетті еркі.

Жөн көрді айттырғанын бәрі-дағы.
Ретке келер Әлім малы дағы.
Қараспақ болды әлінен келгенше
Күйеуі Сансызбай да жанындағы.

Жөн көрді айттырғанын ауыл-аймак
Жіберді үш кісіні пар ат сайлап
Кемітер жарлыны деген ой жок.
Сөйлесіп ниеттері құда болмақ.

Дәүлеті Батал байдың бала жастан
Салтанат. жиған мұлкі жұрттан асқан
Кісі еken сөзі ауыр, тәқаппарлау.
Кететін бір бет алса қайырылмастан.

Келгені ылғи кедей бойын түзеп
Сөздерін тындармайды Батал елеп
«Бермеймін мен қызыымды қаңғырғанға
Бет алды шатасқан сөз неге керек»

Осы болды құдаларға тартқан сыйы.
Көнбеді оңайлықпен қаткан күйі.
Үш құда сылқым арба. пар ат жеккен.
Еліне қайтып кетті келмей күйі.

Кез болып бір жолында Батал байға
Келбетті, тәуір жігіт тік форымды
Былғары қара күрем, перім-арба,
Сылдырап қоңыраулы қос қуренди.

Сөйлесті айттырмақ боп беріп қызын
Ұнатты сүйгендей боп басқан ізін.
Сөйлесті айттырмақ боп Рәзияны
Бәйгеге тікті мырза енді өзін.

Той қылып, ат шаптырды жұртын жиып,
Күйеуін қадірлейді болған сүйіп.
Кездесіп мынандай күйге Рәзия қыз,
Көзінің тұра алмады жасын тиып.

Нық еді уағдасы Әлімменен
«Тіріде айырылмаспын – деген сенен»
Кетерде айтқан сөзі әлі есінде
«Қош болып тұр сүйгенім, жарым» деген.

Басқаға мұны тастап, қалай баар,
Айырылып бұдан Әлім қалай қалар.
Бір талап неде болса қылайын деп,
Ойлады берейін деп енді хабар.

Хат жазды сүйгеніне мұнын айтып
«Пәледен құтқарасың мені қайтіп.
Күн қылып мал орнына сатып отыр,
Біреуді тауып әкеп сенен артық.

Бармаймын байласа да мырзасына
Билігім келеді ғой өз басыма
Сенемін, сырттан саган өзім сиынып,
Уәдеге опасыздық қыласың ба?!

Ер болсаң тәуекелге бу белінді
Талақ қыл мен үшін жер-сұынды.
Тез игі бір өлімнен басқа істің
Істейік тез кешікпей бір тынымды»

Алған соң Рәзияның жазған хатын
Ауылынан шықты Әлім жегіп атын.
Жолишибай жолда жүріп, тыным алмай
Көргенше құмар болып асыл затын.

Бір үйге сол ауылдың қонып кетті
Мейманға кім бермейді шай мен етті.
Әліммен үй иесі түйдей құрдас,
Ол да бір жігіт екен өте епті.

Замандас Әлімменен көптен таныс
Болғанмен араласқан ауыл алыс.
Қоштасып Рәзиямен таныскалы
Мәлім еді арадағы бұған барыс.

Жұмсады Әлім бұған барып кел деп
Жайына Рәзияның қанып кел деп
Көруге түнде уақыты бола ма екен,
Жауабын ауызба-ауыз алып кел деп.

Жұр екен Рәзия да келе ме деп
Хаттағы жазған сөзге сене ме деп
Сәлем айт, сүйгеніме келсін мұнда
Ешкімнен қаймықпай көреді деп.

Күзетіп ауыл сыртын Әлім жүрді
Естіді келе жатқан бір сырдырды.
Ақ үйден бұраң қағып жалғыз шыққан
Назданып алдында Рәзия қыз тұрды.

Қосылды екі ғашық құшактасып.
Отырды бір-біріне мауқын басып.
Мұдделі ойындағы сөзін айтып
Болған соң бір-біріне амандастып.

– Қарағым, Рәзия жан қалай жайың?
Жақында келіп жатыр жақсы байың.
Уәдеге әнеугі айтқан берік пе едің
Деп тұрсың қазір енді не қылайың.

– Әлім-ау, не дегенің «байың қайда»
Тием деп қашсан айттым басқа байға.
Жуытпаймын уәдемді өлгенімше
Іштегі сырым мәлім бір құдайға.

– Бармысың уағдаға?!

– Бармын, бармын
Сенімен қосылуға ынтық зармын.
Екі жас неке орнына қол ұстасты.
Рәзия тидім депті, Әлім алдым.

– Енді біз отырмайық күн өткізіп,
Жүрмесін ауыл жақтан біреу сезіп.
Ат жегіп, жолдас алып Рәзия жан,
Ауылымнан бір сен үшін шықтым безіп.

Сені алып, жөнелемін дуан жаққа.
Дайын түр манағыдай жегулі атқа.
Тілекті қалайынша бермес екен,
Тәуекел сиынайық жалғыз қаққа.

Қосылып екі ғашық аттанысты
Ерігіп тұрған пар ат алып ұшты.
Күн жарым жолда жүріп тыным алмай,
Дуанға аман-есен барып түсті.

Сол уақыт жуандардың әлді кезі
Тұп-түгел төрт тұлігі малды кезі.
Алғанға кедей тенденк іші күйіп,
Ызамен көрмейтүғын жанды кезі.

Кедейлер әлдене алмай басын қосып.
Кедергі дүшпандардың жолын тосып.
Қаланы аз әскермен қорғай алмай,
Амалсыз жан-жаққа кетті жосып.

Қылышын жарқылдатып актар келді.
Актарға «Әй бәлем» деп жақтар келді.
Әлім мен Рәзияға қызын болды,
Оларды кім пана бол сактар енді.

Досы деп большевиктің шағым берді
Түрлі іспен қаралады Әлімдерді.
«Осылар жәбір жасап жүр екен» деп
Костаған делегаттар жетіп келді.

Атындар-ұстандар көрін қазып.
Баталға қызын әпер жүрген азып.
Жұмсады бес адамды құралымен
Қолына бұйрықтарын беріп жазып.

Күн еді бейсенбінің бесін кезі
Әлімнің қаперімсіз ашық жүзі.
Отырды еш алаңсыз шайын ішіп,
Қасында жан жолдасы байдың қызы.

Шырайлы Рәзияның жүзі сынық
Еш жерде отырмайды тынным қылып.
Шай бірер шәшке ішіп, шықты тысқа
Далаға шығып барып, келді кіріп.

– Немене Рәзия жан солғын түсің
Істеген жайшылыққа келмейді ісің.
Шай құйып бірер шәшке тысқа шықтың
Шындықты айт әлде неге аурумысың?

Отырды орнына қалтыранып.
Ұмтылды ішейін деп шайын алып.
– Білмеймін бүгін осы не болғанын.
Жүрегім қалтылдайды ішім жанып.

– Қайдағы сөзді айтып қорықпа бекер,
Жазылып шайды ішсең ауру кетер.
Нақ осы қорқынышты кезіміз фой.
Еш нәрсе бола қоймас. бәрі де өтер.

Әлімнің аяқталмай айтқан кебі.
Далада әлде нелер дүрсілдеді.
Есіктен төрт-бес солдат кіріп келді,
Қасында Батал, арық күйеуі еді.

Орнынан апыр-ау деп Әлім тұрды,
Ойбайлап шайын тастап. қыз да ұмтылды.
Қызды ұстап бір-екеуі үйде калып,
Далаға енді Әлімді алып жүрді.

Қаланың көшесімен шықты тыска.
Ұқсатып атқалы тұр ұшкан құска.
Он саржан жерге койып көздегендे,
Жүгіріп жеткен екен қыз байғұс та.

Шырылдан. карағым деп құлай кетті.
Бес мылтық катарымен түйрей өтті.
Мейірімсіз, аяусыз тас бауырлар,
Жазықсыз екі жастың қанын төкті.

Абайсыз қыз да кетті бірге өліп.
Касына тыңдағандай жакын келіп.
Әлімнің қеудесіне басын койып.
Карағым, сүйгенім деп дыбыс беріп.

Үістық қан жүректерден саулап акты.
Көпіршіп ұйып, сініп жерге батты.
Мұнайып маңайдағы селеулер де.
Үрғалып бір-біріне сыйбыр какты.

НҮРЖАН НАУШАБАЙҰЛЫНЫҢ СӨЗІ

Жігітке үлкен дәulet – амандығы,
Қанағат барға айтпаса – надандығы.
Шарт жұмып екі көзін жүргенменен,
Көрінер қалайша оның адамдығы.

Ісі ғұмыр зайғы өткенменен,
Табылмас білім тосып, күткенменен.
Еш пайда сол ісінен таба алмайды,
Ракым бір наданға еткенменен.

Өзінің қалыбынан өзгермейді,
Бола ма нұр көбікке көбікенменен.
Мінезі ақымактардың сол секілді,
Жүре ме божысыз ат жеккенменен.

Жігіттер, құлағың сал мына сөзге,
Хат жазып аз насиҳат айттым сізге.
Өмірде өте қызық осы заман,
Майдандап, базарлап қал кезінізде.

Адам көп дүниені жүрген былғап,
Біреуін кез келгенде біреуі алдап.
Екі ердің арасына есек айтып,
Құрыққа ұстай алмай сырық жалғап.

Біреудің көнілі ұзын, қолы қысқа,
Жіберер қыран құстай көзді алысқа.
Орнына бар нәрсесін жұмсай алмай,
Кейбіреуі шалдығып жүр жүрмей босқа.

Біреудің қолы қысқа, көнілі төмен,
Ағымнан хабары жоқ білмегенмен.
Шүкірана жоқ-барына қанағатсың,
Итшілеп өтер күні өлмегенмен.

Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ тимес ажалсызға атқанменен.
Жалқауға сөз, шабанға таяқ өтпес,
Тас шірімес дарияға батқанменен.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРЛАРЫНАН

Карабас тархан ағамды.
Алаш жұрты тыңдаған.
Соғысқа, дауға қатысып
Ер еді жастан шыңдалған.
Мұра боп қалған көне сөз
Низам мен заңның мәні бір.
Талқылаған низамды. –
Карабас ағам сөзі гүл.
Әз-Тәуkenі ағамыз.
Әрқашанда қолдаған
Қайта қарап низамды –
Қазақтың заңын құраған.
Карабас күйші ағамның
Қағидасын жаттадым.
Ақ былғарыға түсіріп,
Мұқияттап хаттадым.
Әз-Тәукеғе қызмет қып.
Жаздым «Жеті жарғыны».
Салыстырып талдадым. –
Бергі менен арғыны.
Әз-Тәуkenің бас би
Майлы бидей ағамыз
Нұсқа айтқан соң Майлыкен.
Кеңіп қалды жағамыз
Көмектесті біздерге
Қазыбек. Төле. Әйтеке.
Қазақтың заңын нығайтып. –
Тыйым салды тентекке
«Жеті жарғыны» жазуда

Іс тындырдым бірталай.
Айтканымды құп алды,
Деген жок ешкім бұл қалай?
«Жеті жарғы» зан жазып.
Билер мен ханды куанттым.
Тәлім беріп баршаға. –
Көнілін жүрттын жұбаттым!

ЖИГАН-ТЕРГЕН

АБЫЛАЙ ХАНҒА КӨНІЛ АЙТУ

Абылай хан 1781 жылы кайтыс болған. Хан кезінде дәурені жүріп, үш жұзді біріктіріп, казактың ұлан-байтак жерін аттын тұяғымен, наизанын ұшымен, қылыштың жүзімен қорғап, билей білген.

Абылай ханның баласы кайтыс болып, кайғыдан төсек тартып, жатып алса керек. Ол кезде осындай катты кайғы көрген азулы хандар «Кім келіп көніл айтады екен, кім келіп жастықтан басымды көтеріп жұбатады екен, кім өз қабілетімен ел билерлік, акыл айтарлық даналық көрсетеді екен» деген сынау оймен жатып алатын көрінеді.

Сол кезде орта жүзде он сегізге жасы толған Қара бала орныкты сөз айтып, жүртты аузына қаратқан тапқырлығымен, акылдылығымен көзге түсе бастапты. Орта жүздін атка мінерлері жиналдып, ханға көніл айтуға бармақшы болады. Осыны естіген Қара бала аткамінер аксакалдардан өзін ала баруды өтінеді. Олар баланың көнілін жықпай бірге ала жүреді.

Сонымен олар Абылай ханға келіп, баласына аят оқып, көніл айтады. Хан басын көтермей, теріс қараған калпы жатып алады. Сонда Қара бала бар дауысына салып: «Уа, Абылай, көтер басынды, іш асынды, сүрт көзінді, бу белінді, тында елінді. Уа, Абылай, сен қанғып келген ак байпак етек едін. Он екі жасында хан болдын. Ак сұнкардай түледін. Азуынды тасқа біледін. Қарсыласкан дүшпанды сіледін. Алпыс бат-бан жүк артса, қайыспайтын піл едін. Үш жүздін йігі жақсысы жиылып келгенде басынды көтермейтін,

жеті атадан узының арылмаған сен кім едің! Үш жүздің баласы қара тоғай едік. Ортамызда сен бәйтерек едің. басында мын бұтак бар. Соның бірін бермейтін сен құдайдың несі едің! – дейді. Әлгі сөзді сстіген Абылай жастықтан басын көтеріп алғып:

– Мұны айткан кім? – дейді.

– Менмін, – дейді Қара бала аты-жөнін айтып. Абылай хан риза болып. батасын берген екен. Содан бастап Қара бала Қара би атанып кетіпті.

ҮРІСТЕМ ХАНҒА – БАЛА БӨЛТІРІКТІң ҚӨҢІЛ АЙТҚАНЫ

Үрістемнің баласы қайтыс болады. Сонда Балабөлтірік келіп:

Хан қайғылы болса,
Қайғысын жұртқа білдірмес.
Ақ сұнқар қаз ілсе,
Қанатын суға тигізбес.
Тұлпар аттың тұяғы
Тасты басса кетілер.
Сазды басса жетілер,
Тұяғы бүтін тұлпар жок.
Қанаты бүтін сұнқар жок.
Атасы өлмеген алашта жок.
Енесі өлмеген елде жок.
Қатыны өлмеген халықта жок.
Ұлы өлмеген ұрымда жок.
Қызы өлмеген қарымда жок.
Ер елге кетті, қайық селге кетті.
Таксыр сіздің балаңыз өлген жок.
Бәріміз баратын жерге кетті, – деген екен.

ТӨЛЕБИГЕ ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗБЕКТІҢ АЙТҚАНЫ

Ұлы жүздің ішінде руы Үйсын атышулы Төле би қатты науқастанып, соның хал-жағдайын білуге Орта жүздің жемаясы Қазбек барады. Жанында атқамінер біраз кісі болса керек. Төле би Қазбек келді деп манайындағы елдің тәуірлерін, атқамінер төрелері мен билерін жинашып, бірнеше киіз үйлер тіктіріп, мал сойғызып ас дайындаиды. Бәрі жиналыш болған соң:

— Менің сіздерге қояр бір жұмбақ сауалым бар, соны кім шешеді, — дейді Төле би қөпке қарап. Сонда көпшілік бірауыздан:

— Қаз дауысты Қазбек шешсін, — дейді.

— Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Ендеше осыны шешсін, - дейді Төле би. Сонда Қазбектің айтқан шешуі:

Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өскен ер жаман.

Үш дегеніңіз – үш бұғакты шідерге үйренбекен ат жаман.

Төрт дегеніңіз – төсектен безген жас жаман.

Бес дегеніңіз – белсене шапқан жау жаман.

Алты дегеніңіз – асқынып кеткен дерпт жаман.

Жеті дегеніңіз – желкілдекен жас келіншектің жолдасы өлсе, сол жаман.

Сегіз дегеніңіз – серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніңіз – торқалы тойға, топыракты өлімге бас көтермесең сол жаман.

Ал он дегеніңіз – оңалмас кәрілікке дауа болмас дегеніңіз болар.

Төле би сол кездे тоқсан екі жаста екен. Ауырған себебі де сол кәріліктен болған. Қазбектің жауабына риза болған Төле би оған шапан жауып, сый-құрметпен аттандырса керек.



КЕРЕЙ, УАҚ, ШАҒЫРАЙДЫҢ СӨЗДЕРИ

1916-17 жылдары Нұрғожа болыс Шағырайға сәлем беруге келеді. Амандық-саулыктан кейін Шағырай сөз бастайды:

Сулы көз шал атандым.
Әулие, пірлерден бата алдым.
Кәрілік деген тіке келіп,
Бір шідерге маталдым.
Кәрілік түсті аякка.
Жолдас болдым таяққа.
Құстай болып сайраушы ем.
Қақырық түсті тамакка.
Коныс салдым бәйбішенің касына
Көріп едім дүниенің кызығын.
Құдай-ау, ризамын берген осы жасына.

ШАҒЫРАЙДЫҢ БАТАСЫ

Шағырай Атығай елін аралап жүріп, түстеніп алу үшін бір үйге түседі. Әлгі үйдің асқан етінде дәм де, мән де болмайды. Арықтау малдың еті екенін көріп, Шағырай асқа былайша бата береді:

Атығайдың жылқысы алалы келеді.
Сойған соғымы шамалы келеді.
Керейдің жылқысы бөртелі келеді.
Сойған соғымы төрт елі келеді.

Шағырай тағы бірде ел аралап жүріп, бір үйге қонып шығады. Ергеніне басқа ауылдағы бір құрдасының үйіне таңғы шай ішіп алуға тоқтайды. Мезгіл күз болса керек, ет жок кезі. Үй иесі әйеліне май әкеліп қой дейді дастарқанға.

– Бір қарынғана майым бар қысқа сактаған. Оны әзірge бастанмаймын, – деп әйелі баж ете түседі. Сонда Шағырай құр шай ішіп болып, құрдасына қарап:

– Маған басталмаған қарның
Жамандыққа басталсын.
Был күзге жетпей кемпірін.
Қара жерді жастансын, – деп бата береді.

Құрдасы болса да үй иесі мен әйелі әлгі сөзден сескеніп, қарын майдың жартысын кесіп әкеліп, дастарқанға кояды.

– Бұл май сары май.
Жүрекке жақсы дәрі май.
Жақсы бата берер ем.

Тағы қалдым жарымай, – деп Шағырай орнынан тұрып кетіп қалса керек.

Шағырай ел аралап жүріп бір әйелдің үйіне келеді. Әйел үйде ет бола тұрса да ас қылмай, құр шаймен жөнелтеді. Сонда Шағырай қолын жайып:

Сенің атың Ұмсындық,
Самауырынды көріп қымсындық.
Кеше сойып, бүгін ет жок дейсің,
Ұмсындық, саған болар бір сүмдық, – деп бата беріпті.

САҚҚҰЛАҚ БИДІҢ МҰСАҒА ҚОЙҒАН САУАЛЫ

Арғындағы Саққұлақ би бірде орта жүздегі Мұсаға кездесіп қалып, мынандай сауалдар қойса керек: Ағат, сағат, болат, қанат, жанат, манат, қызық, шыжық дегендер не? Сонда Мұса бөгелмestен:

Екі жақсы қосылса сағат емей немене.
Екі жаман қосылса ағат емей немене.
Ауыздағы отыз тіс болат емей немене.
Ер жігіттің жақсы аты қанат емей немене.
Тоқты шақтың терісі жанат емей немене.
Астықтағы торқын манат емей немене.
Жақсы жармен қосылсаң қызық емей немене.
Жаман жармен қосылсаң шыжық емей немене,
- деп жауап берсе керек.

БАТАЛАР

СОҒЫМ ЕТИНЕ БЕРИЛЕТИН БАТА

Соғым деген ырыздық көптің асы
Бұл үйдің үзілмесін ықыласы.
Игілікке жегізіп, куанышпен
Қашан да аман болсын оттың басы.

ЕКІ ЖАСҚА БЕРИЛЕТИН БАТА

Тақ Сүлейменнің тағын берсін,
Ерғалының бағын берсін.
Ұлы жұз, Ұйсын Төлебидің
Малы мен басын берсін.
Жұз жасаған қарттың
Екі балаға жасын берсін.

ЖАЛПЫ БАТА

Иә, тәңірім ондасын,
Оң жолыңа бастасын,
Ата-бабаң, әулие,
Қызығынды қостасын.
Жол жүрсөң жолың болсын.
Денене саулық берсін.
Отбасыңа таупық берсін.
Алладан не тілесөң
Соның бәрін берсін.

Е, Құдайым, ондасын
Оң жолына бастасын.
Әбүйір беріп, аман сақтасын.
Пайғамбар берекесін берсін.
Бай дәулетін берсін.
Тең-құрбыңдан кем қылмасын.
Адам атаның басын берсін.
Кәкімнің жасын берсін.
Жұсіп пайғамбардың көркін берсін.
Сұлеймен пайғамбардың мұлкін берсін.
Ғазырет-Ғалидің жолын берсін.
Несібенің молын берсін.

Аллау әкпар.

*Есік алдында төбе болса,
Ерттеп қойған атпен тең.
Ауылтыңда қария болса,
Жазып қойған хатпен тең.*

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**ӘР ЖЫЛДАРЫ
ЖАЗЫЛҒАН ЕСТЕЛІКТЕР**

ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН АДАМ

Зырлаған уақыт қандай жүйрік десенізші. Кеше ғана деп айттар оқиғаларды енді, міне, еске аларда ғасырды өлшем етер мезет те туыпты. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басы болатын. «Ленин туы» облыстық газеті (казіргі «Солтүстік Қазакстан») жабылып қалып, ұйып отырған ұжым, жоғары білімді журналистер, зауалды күн туғандай бала-шаға жылап-сыйкатап, жан-жакка быт-шыт болып бытырап кеттік. Сонда мен осы күнгі Жамбыл ауданындағы Жамбыл ауылына орта мектепке мұғалім болып барған едім.

Тын жерлердің данқы дүрілдеп тұрған тұс. Қалын орманның ортасына ойып тұрып көтеріп, канат жайған жана совхоз. Түрғындарының көбі киыр-шиырдан капитап жеткен келімсектер. «тын игерушімін» деп кеуде каккан бытайғы жұрт «селеншік» деп сескене қарайтын жастар. Жақын манайдағы ауылдардан қазекемдер де ептеп иектеп иық сығылыстырып жатыр екен.

Ол кезде түрлі шакырыстар ду-ду. Кәрі-жасы арасында жиналып гу-гу әнгіме ағытылады-ай. Телевизор мүлде жок, радио да онша емес. жана желісін тартып жайылып жаткан шак. Конакка келгендердің негізгі ермегі әнгіме-дуken. Сонда тын игерудің алғашқы жылдары жиі-жиі еске алынушы еді. Алпысты енді алқымдап қалған Балғожа карт сол жиындарда жүртты аузына қаратып, қызық-қызық хикаяларды дәмдеп отырып, макамын баптап шешен тілмен шебер сырлап шертетін. Тоқсан би. Шағырай шешен. Сегіз сері. То-

лыбай сыншы сынды осы өнірде өткен ғұламалардың ғибратты сөздерін сайрата соққанда тыңдаушы мейірін кандыратын. Жұрт сілтідей тынып тыңдаушы еді.

Жас болсам да қайдан келгенімді біліп, танысып алған соң Бәкең маған жақындасып, ізден жүріп тауып алып, екеуміз 3 жыл әңгімелесетін болдық. Оның оң жақ тізесінде отырып әңгіме тыңдаудың өзі құрмет. Кеудесі алтын сандық қария ауылдың құрметтісі. Өмірбаянының өзі өнеге алар, үлгі етер, үйренері мол, ұмтылысы ұдайы парактарға толы. Жамбыл ауылына іргелес Есперлі ауылында туған екен. Қазан төңкерісінің аласапыранында кедей батырақ болып жан сактаған. Әйтеуір бастауыш білім алып, хат таныған соң барып, «еті тірлігінің» арқасында жанталасып, жағаласып жүріп белсенділер арасына қосылған, кейін «жырық етек» болып атқамінер дәрежесіне жеткен. Колхоз председательдерінің курсын бітірген. Төңкеріс ауданындағы №6 ауылдық советінің председателі, Жарқын селолық тұтынушылар одағының председателі. Преснов аудандық тұтынушылар одағы председателінің сауда жөніндегі орынбасары болған. 1940-1942 жылдары еңбек армиясына алынып, Уралдың әскери заводтарында жұмыс істейді. 1943 жылы Сталин атындағы Урал ерікті танк корпусының құрамында майданға аттанады. Сол жолы қырғын шайқастың бірінде бір ротадан 7 адамға тірі қалып, басқаруды қатардағы жауынгер Кенжеғозин қолына алған. Осы ұрыстағы ерлігі үшін ол бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталып, ол награда иесін жиырма бес жылдан кейін туған жерінде тапты. Ал жауынгер Балғожа ауыр жарапанып, тылдағы госпитальдардың біріне жөнелтілген еді. Аман-есен жазылып елге оралған соң бірден еңбекке араласып. Преснов ауда-

нының «Айымжан», «Қарағаш» колхоздарынын председателі болды.

Бұл жолдарды оқып отырып. Балғожа аксакалдың ел күрметіне бөленген абырой-беделі тынымсыз енбек, талпынған талап, колдан келгенише оку, іздену жемісі екенін түсіну киын емес. Газет-журналды көп оқитыны анғарылып тұр. Шешендік сөздерді. ескі жырларды жатка соғады, туған жерін жаңындағы сүйеді, ел қорғаған батырлар жайлы хикаялар көмейінде бүлкілдейді, әттең сол кезеңнің касандырылышы тілін күрмелеп аузына токтау салатын бөгелектігін де байқап каламын.

«Мен бір қызық айтайын ба, балам? – деді бір күні Бәкен маған. Мұны бір бүйіріне жазып коярсын. Күндердің күнінде жарыққа шығарарсын. Бірақ казір басқаға айтуға болмайды. 1954 жылдың жазы болатын. Мына тұрған Жамбыл ауылының орны орман, ештеме жок. Наурыздың жынды боранында жын сокқандай ылғи жаланған жулік сиякты сұғанақ сыйқырт салт басты жаланаштар тракторлар сүйреп әкелген бөткелі шанадан топырладап түсіп мына Суатқөлге жайғасты. Ал жазда осы жерге шатыр құрып қаптады. Сотталған бәлелер ме, кім білсін, үйді-үйімізге сұраусыз кіріп, сұраусыз ішіп-жемімізді сыптырып-сивырлып алдымыздан әкете бастады. Сұмдық болды. Әбден басынып төбемізде ойнады. Өзіміз ашыға бастадық. Қарсылық білдіріп, ашу шакырғанның аузын аштырмай жұдырықтай бастады. Халық әбден ашу-ызадан жылап-сыйктауға айналды.

Содан не керек, ата-бабамыздан калған кан бар емес пе, содырлардың корлығы әбден батқан соң бір күні отыз шакты кісі атқа мініп, сойыл ұстап әлгілердің шатырларына лап койып, сойылмен куып

жүріп соққыладық-ай келіп. Тығылатын жер қалдырмай агаши-агаштың арасына қуып тықтық. Сонда селеншіктердің арасында койманың кілтшісі аксақ Төлеген ғана қалыпты. Соның қоймасына тығылыпты біразы. «Бұлары несі, енді қашан басылады?» деп содан сұрайды екен. «Сендер өздерің бұллірдіңдер. Сендерді қонақ қылып құрметтеп еді. сендер дастарханды теуіп қорладындар. Енді бұлар сендерді өлтірмей тынбайды». – деп Төкен корқытып қойыпты. Содан не керек, ауданнан екі мәшине милиция келіп, ақыры әлгі сұмдықты бастаушы бұзакы селеншіктердің бір-екеуін ұстап әкетті. Тұрмеден шыққан бәлелер екен.

«Ерді намыс, коянды қамыс өлтіреді» деген емес пе?! Осылай намысты белге буып өз жерімізде тәртіпті өзіміз осылай орнаттық. Тың игеру дегенін де оңай болған жоқ. «Әлгілердің қалғандарымен кейін құшактасып жүрдік. Осындаллар да болған. Бұл да бір тарих емес пе?! Ертенгі ұрпағымыз білсе гой намыстап ортене жаздағанымызды!».

Ақсақалдың ішінде кей сырлар теренде тұнып жатқаны қызу лепті үнінен де, қызарактай тұскен жүзінен де білінеді...

Арада біраз жыл өткенде Бәкең мені іздең редакцияға келді. Құрметті демалысқа шығып. Петропавл қаласына көшіп келген екен. Сол баяғы әңгімешіл, елін, жерін сүйген жүрекпен аңқылдан өткен күндерден сыр шертеді. Ел аузынан жинаған шешендік сөздерін, өзі шығарған өлеңдерін алдымызды жаяды. Олардың біразын газетімізде жариялад, оқырмандарымыздың таныстырудық та. «Бұл газетті мен «Кедей сөзі» болып жарық көрген күнінен бері оқып келемін. Сырласым, досым, әр нөмірін асыға тосып отырамын. шын сырым бұл. Тумақ бар да өлемек бар емес пе. Ертең о дүниен-

ге аттанып кеткеннен кейін бір заманда осы газеттің бетінен табар атымды», – деп жан сырын актаратын. Аңшылық, құсбегілік туралы көп әңгіме толғап, «Ақ бүркіт» атты дастан ойды торлап, маза бермей толкытатынын айтушы еді.

Бәкен аксақал Қызылжар көшесінің көркі болғандай кадірменді карттардың бірі еді. Редакцияға келіп, кенеске байытып жазғандарын тапсырып, колтығына газеттерін құшактап, ақырын аяңдап кетіп бара жатканда осындаі көкірегі кордалы кендей ағыл-тегіл казына көненін көздерін көріп қуанып отыратынбыз. Ұлы жерлестері, ауылдастары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсіреповпен кездесулерін, келгенде оларды карсы алуын жырдай етіп әңгімесімен балқытатын. Ол ұлым – ұяға, қызын – қияға кондырған бакытты жан еді. Жәмила әжей екеуі 7 бала өсіріп, бәріне дерлік жоғары білім әперді. Ұлken ұлы Әскер ғалым-агроном мамандығын алып, шаруашылыктарда бас агроном, Ұбыраев атындағы совхозда директор болып істеді. Казір жетпістен асқан зейнеткер. Ол да екे жолын күюп әдебиетке жакын. «Солтүстік Қазакстан» газетін колынан тастамайды. Одан кейін ұлы Марат Кенжеғозиннің есімі елімізге кен мәлім. Ол экономика ғылымының докторы, академик, ұлттық ғылым академиясы экономика институтының директоры. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев бастаған делегациялар құрамында көптеген шетелдерде болды. Халықаралық симпозиумдарда, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жасаған, Франция мен Англияның жоғары оку орындарында лекциялар оқыған. Кенже ұлы Біржан F.Мұсірепов атындағы кеңшардың директоры болған, казір «Балғожа» шаруа кожалығының басшысы.

Қызы Роза Есенғұлова Солтүстік Қазақстан облыстық материалдық-техникалық жабдықтау басқармасының бастығы болды. Біздің облыста қазак қыздарының арасынан суырылып шығып, облыстық деңгейдегі ірі құрылымның тұтқасын ұстаган шебер ұйымдастырушы болып көзге түсті. Мен Жамбыл орта мектебінде мұғалім болғанда Роза оқушымыз болған. Роза да текті әкенін түлегі, алтынның сиңіры екенін танытып таstadtы бірде. КСРО құлап, дағдарыстың аңы жарасы дуылдаپ тұрған тұста қаржыдан қысылған газетімізге 200 мың рубль демеушілік көрсетіп, одан кейін «Солтүстік Қазақстанның» 75 жылдығында өзіндей басшылар қалта қағылдыра басып қайырылмай қақсап отырганда редактор ұстазының кабинетін үлкен қалы кілеммен көмкерді. Үлтжанды, намысшылын шіркін. Айтқызбай, өзі біліп істеді бәрін. Ал Розаның жолдасы Сайын біздің газетіміздің ежелден бергі оқырманы, жанашыры. Иә, бәрі Бәкеннің ұрпактары. Ол кісі 1992 жылы 90 жасында дүниеден озды, сыйлы, күрметті шағында қоштасты өмірмен. Бұл күнде Бәкеннің есімін, ісін 7 баласынан туған 24 немересі мен 26 шөбересі жаңғыртып тұр.

Жақында Балғожа Кенжеғозин ақсақалдың туғанына 100 жыл. Жәмила шешейдің туғанына 90 жыл толады екен. Оның бүтінгі ұрпактары осы күнді мерейтой етіп атап өтпекші. Ия, бұл талпынысты жаңа дәстүрдің бастауы деп түсінген дұрыс. құптарлық үрдіс. Еңбегімен елге танылып, ертеңін ойлап артына тамаша ұрпак қалдырған адамды сол үрім-бұтағы ардақтап ұлағаттап жатса ол да жарасымды.

Бәкеннің қүйеу баласы Сайын осы жабдықты ұйымдастырып жүгіріп жүріп, редакцияға атасының қойын дәптерін әкеліп берді. Онда өзі шығарған өлең-

дері, «Ақ бүркіт», «Әлім мен Рәзия» атты ұзак жырлары бар екен. Газет оқырмандары назарына автор «1925 жылы окиға ізімен жазылды» деп белгі койған жыры жарияланды.

*Бақыт МҰСТАФИН,
облыстық «Солтүстік Қазақстан»
газетінің редакторы, жазушы,
қоғам қайраткері.*

АРДАГЕР АЗАМАТ

Біз сөз еткелі отырған Балғожа Кенжеғозин көпті көріп, өмірдің ашы-тұщысын басынан өткізген көне көздің бірі. «Ауылыңда қарт болса – жазып қойған хат-пен тең» деп текке айтылмаған ғой. Бүгінгі әңгімеміз осы ардагер аға жайлы болмақ.

Бәкен 1902 жылы облысымызыдағы Жамбыл ауданының Есперлі ауылында туыпты. Бұрын бұл ауылды Желқызыл ауылы деседі екен. Қыска жібі күрмеуге жетпеген кедей шаруа Кенжеғожа баласы Балғожаны он бір жасынан байларға жалшылыққа береді. Сөйтіп, Бәкен Ұлы Октябрь таны атып, өз нұрын Отанымыздың үстіне төккен шаққа дейін қазақ, орыс байла-рының есігінде жүреді. Октябрь шапағына бөлентген еліміздің Бәкен сияқты жарлы-жақыбайлары санға қосылып, санатка кіріп, бір кезде бай мен билер, түйені түгімен жұтып жүрген ел тонағыштар билеп-төстеп алған ауылға советтік дәүірдің жаңалыктарын ба-рынша батыл енгізуге жаршы бола бастайды. Дәл сол кезде өмір шындаған жалшының бірі Бәкен де санға кіріп, мешеу қалған елді басқаруға атсалысады.

Әліпті таяқ деп білмейтін кешегі жалшы Бәкен өзінің пысықтығымен, зерделітімен сауат ашу мек-тебінде хат танып, советтік құрылышты шын ниетімен қолдап, адал еңбек етуге аянбай кіріседі. Зерделі жі-гітті ауылдастары 1928 жылы қоңы одағының пред-седателі етіп сайлайды. Міне, сол кезден бастап ол өзі туып-өскен өлкесін гүлдендіру үшін күресіп, тер тө-геді.

«Ер басына күн туса етігімен су кешер, ат басына күн туса ауыздықпен су ішер» дегендей. кешегі ел ба-

сына, ер басына күн туып, батыстан неміс-фашистері бастаған канды соғыс бұрк еткенде Бәкен үйде тыныш жата алмады. Военкоматка өзі тіленіп, өтініш берді де. Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ әскерге аттанды. Ол алғашында әскерлік әзірліктен өтіп, содан кейін танк корпусына жолдама алды.

Талай замандар тарихындағы тағылықтың, айуандықтың, жауыздықтың, каныпезерліктің ең асқынған шегі, ең жексүрын түрі фашизм еді. Сол фашистік жендеттерді жермен жексен етуде Бәкен де кан төкті, ерлік көрсетті. Сол бір шактарда, Балғожа Кенжеғозин шаң бораткан жорыктар мен көкала тутін көп шабуылдардың кезінде, талай ерлік істерімен көзге түсіп, озбыр жауға қарсы қаһармандық көрсеткендер катарында болды. Бұл күндері Бәкен жас ұрпактармен кездескенде неміс-фашистерімен жүлкышкан шактарды еске алды. Жауынгер серіктерінің ерлік істері жайлы әнгімелейді.

Бәкен 1943 жылы атакты Курск иініндегі қаһарлы шайкаска катысып, жаудын канатын қыркып, жүйкесін үзген өжеттік пен кайсарлықтың құдіретті қүшін талай-талай көрсеткендердің бірі. Осы бір тенденсі жок Курск иінінде болған киянкескі ұрыстың қырық жылдығы кезінде Бәкен сол бірер канды шайкасты жиі-жіі әнгіме етеді.

—1943 жылдын 5 июлі күні. Неміс-фашист қанішерлері Орелдан Курскіге карай, үш жүздей танктерін қаптатып біздің шепке тап бергенінде мен құрамында болған оныншы танк корпусы сол ұрыстың дәл мандаіалдында еді, — дейді Бәкен.

Жау танктерінің ішінде, олар алдында жер-кекке сыйғызбай бізге құбыжық қылып көрсетіп жүрген «Жолбарыс», «Пантера» сиякты ірі танктері мен

«Фердинанд» деп аталатын өздігінен жүретін артиллериya кондырылышы да бар болатын.

Жау қанша мадактаса да оларды біздің Т-34 танктеріміз бер «ИЛ-2» деп аталатын Штурмовик самолеттеріміз, танкке карсы колданылатын зенбіректер жаңғакша жара берді.

Ия, ол күндер көзден таса, көнілден тыс кала кояр ма екен. Курск иініндегі екі жақтан да катысқан танк пен самолет, артиллериya аз болған жок. Майдан дала-сында от жалыны қаулай жанып, оқ нөсері тынымызыз борап тұрды. Өлім мен өмірдің жан таласқан кезінде осы қаулаған от пен октың ішінде Бәкен өз серіктерімен бірге жауға кас батырша карсы ұмтылды.

Танк пен танк шайқасып жатқанда, аспанда самолеттер төңкеріле шүйіліп бомбаларын бұршакша төгіп, истребительдер бір-біріне оқ шашып шүйіле төңкерілеп жүргенде, екі жақтан бораған оқ пен снаряд жерде найзағай ойнап жаткан кезде, солардың ішінде біз сөз етіп отырған карт жауынгер Бәкен өзінің отделениясын басқарып зұлым жаумен жұлқыса жағала-сып жүрді.

Аспан мен жердің арасын тұтастыра құркіреген бұл ұрыста біздің жауынгерлер шын мәніндегі батырлықтың үлгісін көрсетті. Сол бір күндерде Бәкен өзінің талай аяулы азаматтарымен мәнгі кош айттысты, талайы қанға бөкті. Мындаған жау жендеттері Орел мен Курскі дала-сында өліктерін төбе етіп қалдырыды. Біздің жеріміз бер елімізге байлық ізден келген фашистердің бар тапқаны ағаштан жасалған крестер ғана болды.

Бәкен кей-кейде бала, немерелері арасында отырып, сол бір өткен сұрапыл күндерді еске алар кездері болады. Неміс фашистеріне Курск иінінде аяусыз соккы

бере отырып. Бәкен құрамында болған гвардиялық оныншы танк корпусы Орелға бет бүрды. Тұмсығы тасқа тиген жау кейін қарай тырағайладап қашуға мәжбүр болды. Бір кезде жендерін шынтақтарына дейін сыйбанып алып, аш қасқырша жалактап тиіскен гитлершілер бұқпантайлауға айналды. Еңкеймей келген есірік жау енді еңбектеп қашуға, бас сауғалауға мәжбүр болды.

Орел қаласының іргесіне жақындалап қалған құндердің бірінде Бәкен ауыр жараганып, госпитальға түседі. Госпитальда бірнеше ай емделіп, 1944 жылдың бас кезінде Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі деген қағаз алып, кос баспалдақпен туған ауылына оралды.

Майдан даласындағы ұрыс күн өткен сайын кең өріс алып, біздің ерлер жау жендеттерін өз апанына қарай құні-тұні ығыстыра берді. Бұл кезде тылдағы еңбек те соғыстағыдан кем түспей жатқан шақ еді. Коммунист Бәкен соғыстан жаралы келдім деп үйде отыра алмады. Соғыс ардагерін аудандық партия комитеті қазіргі Преснов ауданына қарасты бұрынғы «Айымжан» колхозына председатель етіп тағайындаады.

Ұлы Отан соғысы совет халқының ұлы жеңісімен аяқталған шакта Бәкен колхозды ауылдың көpsалалы шаруашылығын табанды әрі табысты басқарып журген. Соғыстан кейін Жамбыл ауданындағы бұрынғы «Қарағаш» колхозын басқарды.

Елімізде тың игеру басталған шакта да Бәкен тың далаға алғашкы түрен салғандардың бірі болды. Біздің Бәкен соғыстағы көрсеткен ерлігі үшін 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен және «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен наградталды. Ал бейбіт еңбекте сінірген еңбектері үшін де бірнеше ме-

далдарға ие болды. Бұл күндері Бәкен күрметті демалыста. Дербес пенсионер.

Бәкеннің ауыл шаруашылығында өнімді енбек етуіне Жәмила женгейдін де қоскан үлесі аз емес. Елу бес жыл бірге отасты олар. Бір тамашасы Бәкен мен Жәкен жеті ұл мен қызды әлпештеп өсірген жандар. Бұл күндері жиырма екі немерелері. төрт шөберелері бар.

Міне, бір кезде табаны тілініп, бай мен кулактың есігінде малай болып жүрген жалишы Бәкен Ұлы Октябрьдін мерейлі нұрына бөленіп, ұл мен қызы өсіріп, олардың әрқайсысын мамандық исесі етіп шығарып отыр. Кешегі әліпті таяқ деп білмейтін Бәкен бүгін газет-журналдарды, орыс және казак тіліндегі түрлі әдебиеттерді жаздырып алады.

Ия, кешегі Ұлы Отан соғысында кан төгіп. Отаны үшін жанын құрбан етуге әзір болғаны да келер осы ұрпақтардың болашағы үшін емес пе еді. Тек ол күндер кайтып орылмасын. дейді ардагер азамат Балғожа Кенжеғозин.

*Есілбай ҚАЗБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер
одагының мүшесі.
15 тамыз 1983 жыл.*

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

«Ауыл ағасыз, тон жағасыз болмайды» – дейді дана халық. Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да аузы уәлі, сөзі дуалы ауылдың қариясына кездесесін. «Сей-леп кетсе қария ағыны қатты дария» деген рас. Әрине, екінің бірі ел аксақалы бола алмайды. Ел ағасының айтқаны сөз емес. өсиет. аузын ашса. көмекейінен бұлкілдең шешен билтердің отты сөздері түйдік-түйде-гімен шығып жатады. Ондай адамдардың сөздері ғана емес. Өмірлері өнегелі, істері үрпактарға ғибрат. үлгі.

Сондай от ауызды. орак тілді ел ағасының бірі – Балғожа Кенжеғозин. Мен тәубе деп. өміріме риза болатыным. шынын айтсам. осындай жақсы ағаларыммен көп кездесіп. ақыл кенестерін естіп. істерінен үлгі алып өстім. ағалардың жұмсақ алақандарының жылуын сезініп өмір жолыма бағдарлама алып отырдым.

Бәкеңмен мен тың игеру майданында кездестім. Ол кісі Преснов ауданындағы жаңадан іргетасы қаланбақшы Жамбыл кеншарын тұрғызуға ниет еткен тың игерушілердің алдыңғы легімен келіпті (сәуір айы 1954 ж.). Алғашкы қарлығаш болуы – бұл кісіге совхозда жұмысшылар кооперациясын (рабкооп) ашуы тапсырылыпты. Саудасыз елді мекенінің күнкөрісі қынғой. Екіншіден. сонша қыруар товарды, кеншарда бір-екі қонып қайта кетіп жатқан келімсектерге тапсыруға бола ма? Күзді күні біздер келгенде. совхоз орталығында сауда қызу жүріп жатыр.

Жақсыда жаттық бола ма. жас алушактығына қарамастан (отыз жастай) аз уақытта жақын туыстай болып кеттік. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» дегендей. женіл әзіл-қалжынды өзі бастайтын. Ол кісінің көбіне

бірге жүретін көршілері болды. Солардың бірі совхоздың ауылнайы Сұлтан Төлебаев деген кісі. Бәкенмен шамалас, құрдасындаған ойнайтын еді. Екінші жак бетте ауылнайдын хатшысы Рыскелді Бектасов деген кісі тұрды. жасы Бәкеннен кіші болса да калжың-әзіл айтканда есесін жібермейтін.

Бұл кіслердің бастары косыла кеткенде әнгіме-ду-кені қызатын. Ұтқыр сөйлеп, кенеттен сөздің мәйегін тауып, шешен сөздің тиегін ағытканда, біз жастар аузымызды ашып калатын едік.

Мерекелерде, соғым сойғанда Бәкен өзі қыскы науқанның шымылдығын ашып беретін. Ағадан кейін біз де кезегімізден құтылып калатынбыз. Ол кезде жаппай арак ішетін әдет бар болатын. Ал біздің шалдар бастаған кештерімізде арак болмайтұғын. Карта ойынымен де әуестенбейтінбіз. Оның есесіне әнгіме, естеліктер, ән-қүйлер отырыстың сәні болатын. Бәкеннің өзі біраз жасқа келсе де (60-ты жағалатып жүрген кезі ғой), өзі сүйетін әндерін көп колкалаптай-ак айтып жіберетін. Әсіреле, сүйіп айтатындары Сегіз серінің. Біржанның. Акан серінің. Үкілі Ыбырайдың әндері еді.

Сәбит Мұқанов туған өлкесіне келгенде кездеспей кетпейтін он шакты аксакалдар болды. Соның бірі осы Бәкен. «Ел іші – кен іші» дейді ғой. осы шалдар ауылдағы академиктер. Елді Сәбен сағынса сағынатын шығар. Бірақ, келген сайын ауылдың карияларымен кездескенде келесі шығармаларына кажетті детальдарын пысықтап ала ма деймін. Өйткені, халыктың ауыз әдебиетін бұлардан артық білетін ешкім жок. Сәбеннің елге жиі келетін себебі де осы болар. Балғожа аксакал шешендік сөздерді, өлең-жырларды жүйелі түрде жинады. Кәнігі фольклорист сиякты жана естіген шығар-

маларын бірден айнайтпай есіне сактап. кімнен қашан естігенін. автордың кім екені туралы білгенін жазып алады. Оның елге де пайдасы тиғені бар.

1978 жылы біздің облысқа тарих ғылымының кандидаты Исатай Кенжалиев деген «оқымысты» келді. Тырнақшаға алу себебім кейіннен мінез-құлқы арқылы шын ғалымға «үш кайнаса сорпасы қосылмай ма» деп қалдық. Ол біздің өнірге келген бетте Преснов ауданына аттанады. Сегіз сері туралы ел аралап, шығармаларын жинаиды. көп адамдармен кездеседі. Сегіздің үрпактарының үйінде болады. Облыстан оралысымен алған әсерін жасыра алмай. әуелі «Қазақ әдебиетінде» (№9. 3 наурыз 1978 ж.). кейінірек облыстық газеттің (казір «Солтүстік Қазақстан» №15. 22 қантар 1979 ж.) санында өзінің Солтүстік Қазақстан облысына барған сапары сәтті болып. Сегіз серінің көптеген шығармаларын жинағанын. оның үрпактарымен кездескенін аузынан сұы күрып жазған болатын. Сол мақалада Бәкеннің үйінде болғаны да бар. Енді содан үзінді келтірейік. «Солтүстік Қазақстан облысындағы. қазіргі Есіл ауданында «Дружба» совхозында тұратын Кенжеғозин Балғожа ертеде Жамбыл ауданында көп жыл жұмыста болған екен. сонда Сегіз серінің өмірбаяны мен көптеген шығармаларымен танысқан. Балғожа ағай үйінде бізге қолжазбаларын көрсетіп. ішінен Сегіздің он бес шакты өлең. әндерін көшіріп берді. Ол кісі «Бес қарагер» әнінің шығу тарихын да айтып берді» деп жазған. («Ленин туы». №15, 23 қантар 1979 ж.).

Сол Кенжалиев кейін өзі жазғандарынан өзі безіп. Сегіз сері деген тарихта болмаған. өлең. ән. қүй. жырлар Сегіздікі емес деп. шыға келгені бар. Сонда Бәкеннің: «Адал дәмімді ішіп отырып. алыстан әдейі

келді ғой деп, ғылым үшін бар жиған мұраларымды. әсіресе, Сегіздің шығармаларын көрсетіп, 15-20 шактысын көшіріп берген жаксылығыма осылай иттік жасады», деп бізге өмірінің соңғы кезіне дейін айтып жүрді. Бәкен арқылы Кенжалиевтың өтірігін әшкере-ледік.

Міне, осындай адаптацияның ішінде төріне құсып кететін Кенжалиев сияктылар өмірде аз болды дейсін бе? Жүргегін жараптап, жүйкесін тоздырған осындайлар болар-ау.

Жаны жайсан, ардақты ағамыздың жарқын бейнесі жадымызда мәнгі сакталмак.

*Қосыл ОМАРОВ,
зейнеткер, «Еңбек Қызыл Ту»
«Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.
2006 ж.*

СЕГІЗ СЕРІ МЕН БЕКТАС

Ұмытпасам Қазан революциясының 60 жылдығы қарсаңы болу керек. «Ленин туы» газетінің редакция алқасы Петропавл қаласында тұратын соғыс және еңбек ардагері Балғожа Кенжеғозиннің естелігін жариялауды ұйғарды. Оны дайындау маған тапсырылды. Бәкене телефон шалып мән-жәйді айттым. Ол кісі бірден келісімін берді де «ұйге келгенің жөн болар, асықпай отырып әңгімелесейік». – деді. Содан мен айтылған уақытта Бәкен үйінің есігін қақтым. Өте кішіпейіл, ақжарқын жан екен, табалдырықтан аттағаннан-ак асты-үстіме түсіп, ежелгі танысындағы құрак ұшып жатыр. Аты-жөнімді, туып-өскен жерімді, редакцияда қашаннан бері істейтінімді тәптіштеп сұрап алды. Сәлден соң мен койын кітапшамды алып. Бәкеннің әңгімесін қағазға түсіруге ыңғайланған бастадым. Соны байқаған Бәкен: «Асықпа, алдымен шай ішіп алайык», – деді. Менде уәж жок, карт не айтса, соған көніп отырмын. Кешікпей дастанарқан жайылып, шай да келді. Байқаймын, не нәрсені болсын жайымен істейтін сияқты. Кою күрен шайды сораптай ішіп отыр.

– Отагасы-ау, баланың жұмысы бар шығар, әңгіменді қозғай отырсайшы, – деп бәйбішесі бір ескертіп койды.

– Жас емес пе, бәріне де үлгереді. – деді Бәкен күлімсіреп.

Дастанарқан жиналышп, дәм кайырылғаннан кейін Бәкен бірден әңгімесін бастап кетті. Өмірден көргені, түйгені мол зерделі карттын жетегінде біраз жерге барап қалыппын. Алайда. Бәкен тоқтар емес. Өткен күн-

дер жайлы тереннен ой сабактап, баурап барады. Мен облыска есімі кеңінен мәлім, жаны жайсан, жүргі жомарт, зиялы карттардың бірі Балғожа Кенжеғозинмен осылай таныскан едім. Содан Бәкен бұл дүниемен кош айтысқанға дейін ол кісімен қарым-катаңасымыз үзілген жок. Міне, Бәкен көз жұмғалы да бір жыл болып калыпты. Ойлап отырсаң, кезінде Бәкеннен естіген әнгімелердің оннан бірін де жариялад үлгермеген екенмін. Осыны ескере отырып, бүгін Бәкенді еске алу күні ол кісінің Сегіз сері жайлы шерткен сырларының бір үзігін газет оқырмандарына ұсынуды жөн көрдім.

Бірде Бәкен Сегіз сері жайлы әнгімелеп отырып, оның калыптасуына әсер еткен адамдардың бірі сенің ұлы атан деген. Мен бұл әнгімeden хабарсыз едім. Бәкен әнгімесін әрі қарай сабактаса екен деп ынтыға түстім. Бірақ ол кісі асығар емес. Өткен күндерге ой жүгірткендей үнсіз отыр.

— Сүлейменнің әкесі Бектас екенін білесін ғой, — деді сәлден соң.

— Ал Бектастың әкесі Ашамайлы Керей Қырғыз Малдыбайұлы XIX ғасырдың басында өмір сүрген осы өнірдегі атакты адамдардың бірі болған. Қырғыз он жеті жасында Меккеге барып, содан кажы атанған. Осы Қырғыз кажы шекаралық комиссиялар бас косканда соның мүшесі ретінде мәжілістерге барып жүріп, бірде Кіші жүзге баласы Бектасты да еріте барады. Өз заманында орысша, мұсылманша хат таныған Бектасты ел арасындағылар Бала-би деп атап, кейін үшінші сот сайлаған. Әкесімен Кіші жүзге сапар шеккен Бектас Исатай Таймановпен танысып, кейін жақсы дос болады. Қырғыз Исатай Таймановтың Патшайым есімді кіші қарындасын Бектасқа айттырып, оны алуға баарда касына Мұхамедканапия

Баһрамұлы Шакшақовты. Сегіз серіні өртіп жіберді. Сол жолы Сегіз сері дүйім елдің алдында өзінің тұла бойы өнерге толы адам екенін танытады. Жас жігіттің өнеріне тәнті болған Исатай оған «патшаның әкімі боласың ба, болмаса халқының батыры боласың ба» деп сауал тастаган екен. Сонда Сегіз сері іркілместен. «патшаның әкімі болмаспін. халқымның ел қорғар батыры болармын» депті.

Бектасты қанша би. қажының баласы болғанмен патша әкімдері жақын тарта қоймайды. Өйткені, оның Батыс Қазақстанда болған көтерілісшілермен, олардың көсемдерімен байланысы, туыстығы әкімдерге мәлім болған. 1846 жылы осы Бектасқа қазактың атакты ақыны, әрі батыры Махамбет Өтемісұлы кісі жіберіп өзін паналатта тұруын сұрайды. Махамбеттің атқосшысы Ертай Қырғыз ауылында үш-төрт күн конақтап. Бектастың шақыруымен еліне қайта оралғанда ақынның Баймағанбет сұлтанның жендеттерінің колынан қаза тапқанын естиді. Бірақ Бектас Кіші жүзбен байланысын көпке дейін үзбейді. Ол Баймағамбет сұлтаннан кек кайтаруды ойластырыған ерлерді қолдап, көмек жасап отырған. Содан болу керек Сегіз сері Бектасқа бауыр басып, оны қатты сыйлаған. Оны Сегіз серінің аға сұлтан Есеней Естемесұлына жолдаған сәлемінен де айқын аңғаруға болады. Сегіз сері Сыр мен Жайық бойын аратап, елге оралғаннан кейін 1850 жылы Есенейге Аббас. Сәду дейтін екі жігітін жіберіп ат сұратады. Есеней Сегіз серінің жігіттерін жақсы карсы алғып, екі-үш күн конак қылады. Төртінші күні таңертең Аббас Есснейден үйге қайтуға рұқсат сұрайды. Осы арада Сегіз серінің Бозшұбары мен Қанқүрені қәртайынқырап қалғандықтан батырдың ат сұрата жібергенін тағы да есіне салады. Сонда Есеней: «Баты-

рдың қалауы қандай, қандай ат керек?» – дейді. Аббас сөзден мұдірмепті.

Орта жүздің ішінде.
Ашамайлы керейде.
Балға батыр ұрпағы
Есеней ерге сәлем де.
Есекең Сегіздей інісіне
Бір ат берсін.
Ат берсе, құйрық-жалы күзелмеген,
Ешқашан да мінілмеген.
Мұз бел, бурасан құнақ берсін.
Беріктігі өзіндей болсын, –
Сезгіштігі Есболдай болсын.
Сергектігі Бектастай болсын.
Берсе Есекең Сегіздей інісіне
Осындай бір ат берсін.
Бермесе табиғат Сегіз серінің
Қанқүренімен, Бозшұбарына қуат берсін,

– дейді.

Есеней Сегіз серінің сәлемін тындағаннан кейін өзі бас болып жылқыға келіп үш атты ұстаратады. Содан бұған дейін жұген-құрық тимеген сәйгүліктерді өзінің жігіттеріне үйреттіріп, батырға сәлем айтындар мына боз шұбарды алысқа сапар шеккенде мінсін, күренді бәйгеге қоссын, ал боз атты ел аралағанда пайдалансын деп екі жігітті шығарып салады. Есенейдің Сегіз серінің тілегін екі етпеуінің өзіндік сыры бар еken. Сегіз сері медреседе оқып жүрген кезінде аға сұлтан Есенейге 15 арба бойы қорап тоқып береді. Ақысына бір бесті ат бермек болған Есенейдің шабармандары кейін Сегіз серіні баласынып уәделерін ұмытып кетеді. Бір күні Есеней маманай ауылына мейман болып келгенде Сегіз сері оған барып сәлем береді де, былай дейді:

Шебер емес, олакпын.
Ақыл-ойға шолакпын.
Ақысын алмай мен журмін
Токыған 15 кораптың.

Осы арада сөз таппай қысылған Есеней дереу қасына еріп келген жігіттердің бірін жіберіп. бес жасар акбоз атты алғызып Сегіз серінің алдына тарткан екен. Осы жайт Сегіз серіні Есенейге жақындастыра түскен.

Міне, Сегіз сері өміріне қатысты шежіре қарт Балғожа Кенжегозин шерткен бір әнгіме осындай.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ

БОЛҒАН ЕДІ ОСЫНДАЙ ҚАРТ

Өткен ғасырдың басында 1902 жылы Есперлі ауылында, кедей отбасында дүниеге келген Балғожа Кенжеғозыұлы Қазан төңкерісі аласапыраны кезінде бастауыш білім алғып, хат таныған соң еті тірлігінің арқасында белсенділер қатарына қосылып, кейін «жырық етек» болып білімді де іскер басшы дәрежесіне жеткен. Қоғам құрылышына белсене атсалысып, Төңкеріс ауданындағы №6 ауылдық қеңестің төрағасы, Преснов аудандық тұтынушылар одағы төрағасының сауда жөніндегі орынбасары болған.

1940-1942 жылдары еңбек армиясында болып, Оралдың әскери зауыттарында жұмыс істеген. 1943 жылы Сталин атындағы Орал ерікті танк корпусының құрамында майданға аттанған. Бұл кезде соғыстың нағыз қайнаған шағы болатын. Қырғын шайқастың бірінде қаза тапқан рота командирінің орнында тірі қалған жауынгерлерді басқарып, ұрысты жалғастыра отырып, қоршаудан құтылып шығады. Қалған жауынгерлердің өмірін аман сактап. Қенес әскерлерінің негізгі тобына қосылған. Сол ерлігі үшін бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Бұл орден иесін жиырма бес жылдан кейін туған жерінде тапты. Сол сүрапыл ұрыста Балғожа ауыр жарапалып, госпитальдардың бірінде ұзақ емделген соң соғысқа одан әрі жарамай елге оралады. Келе сала еңбекке аласып. «Айымжан», «Қарағаш» ұжымшарында төраға болды.

Бәкен құрметті демалысқа шыққан соң Петропавлға қоныс аударды. Ол кісінің маңынан жерлестерін, та-

ныстарын жиі кездестіруге болатын. Тіпті. облыстық газеттің журналистері әңгіме тыңдал, болашак мақалаларына негіз ету үшін Бәкенмен жиі кездесетін.

Кария газет-журналдарды көп оқитын. Шешендік сөздерді, ескі жырларды жадында сактап жатқа айттын. Туған жерін жанында сүйетін қоғамшыл адам болғанын көвшілік жаксы біледі. Токсан би. Шағырай шешен, Сегіз сері, Толыбай сыншы сиякты белгілі адамдардың ұлағатты сөздерін. жырларын макамдан айттып, жиын-тойда жүртты аузына қарататын. Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов сынды әйгілі жазушылармен болған кездесулерін жиі еске түсіріп, қызығылықты әнгімелерді естелік қылып айттып отыратын.

Балғожа карт зайыбы Жәмиламен жеті бала өсіріп, бәріне дерлік жоғары білім алударына мүмкіндік жасады. Үлкен ұлы Әскер – ғалым-агроном, біраз жыл шаруашылықтын әр саласында басшылық қызмет аткарды. Мараты экономикағының докторы, академик, ел экономикасының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлесін косты. Біржаны инженер мамандығын алған, шаруашылықтарды баскарған, облыстық аумактық коршаған органды корғау баскармасының бастығы болды. Бәкеннің кызы Роза бір кезде облыстық материалдық-техникалық жабдықтау баскармасының бастығы болды. Казір де іскерлік қызметімен ел құрметіне бөленуде. Тәубешілік. Бәкеннің балалары, немерелері мен шөберелері ол кісінің есімін жаңғыртып, өнегелі ісін жалғастырып келеді.

Бәкеннің қүйеу баласы Сайын Есенғұлов облысымызға танымал, лауазымды адам. Бір жолы ол «Солтүстік Қазакстан» газетінің редакциясына атасының койын дәптерін табыс еткен екен. Дәптерде карияның

өзі шығарған өлеңдері. «Ақ бүркіт», «Әлім мен Рәзия» атты ұзак дастандары бар болып шықты. Дәптердің соңғы бетінде:

Осы өлеңнің иесі – Балғожа атым.
Орта жұз Көшебе-Керей арғы затым.
Жетпістің жетеуіне жасым келді,
Сіздерге осы болар соңғы хатым. –

деген шумак жолдары жазылыпты. Бұдан Бәкеннің әдебиетті сүйеттің айқын сезіліп тұр. Расында да Балғожа Кенжеғозыұлы өмірінің сонына дейін әдебиетті сүйіп өтті. артында өшпес мұра, өшірілмес із қалдырыды.

*Ринат АЗАМАТҰЛЫ,
қатамгер.*

В ПАМЯТИ ЖИВЫ ВСЕ ДОРОГИЕ НАМ ЛЮДИ

Время...жизнь... Оглядываясь назад и вспоминая прошлое, понимаешь, как быстро летело время. Кажется, что все прожитое было только вчера. События, встречи, люди, с которыми общался, которые были неотъемлемой частью твоей жизни – все это с тобой и рядом. Действительно, память – это удивительное явление. И замечательно, что она есть, что именно в памяти живы все дорогие нам люди! Одним из них является наш отец – Кенжегузин Балгожа. Прошло уже немало времени, как он ушел от нас, но он остается с нами, и его образ человека удивительного, многогранного, мудрого всегда стоит перед глазами.

Отец родился в 1902 году и прожил почти 90 лет, т.е. практически весь 20-й век, век насыщенный грандиозными историческими событиями, в которых он принимал самое активное участие. В юношеские годы, да и в зрелом возрасте он был джигитом в самом полном понимании этого слова. Был смелым, дерзким, отважным и находчивым, пытливым и жизнерадостным, жил полной жизнью с открытой душой и сердцем. Если говорить о его политическом мировоззрении, то он свято верил в политику государства, где провозглашались, ставились и решались задачи процветания Казахстана, коренного улучшения жизни простого народа. Поэтому с энтузиазмом, присущим ему, он все свои силы отдавал становлению Советской власти в Северном Казахстане, работая там, куда его направляли. И за что бы он ни брался, он все делал добросовестно, с пол-

ной отдачей и ответственностью. За эти качества он всегда и везде пользовался уважением и почетом.

Мне вспоминается один эпизод, о котором рассказывал отец. В лихие 20-ые годы прошлого столетия, когда новая власть в Казахстане только становилась на ноги, когда повсюду царили голод и разруха, однажды, перегоняя скот на летнее пастбище, отец заметил, что одна корова передними ногами провалилась в яму. Освободив ее, отец обнаружил под земляным накатом, который уже зарос травой, тайник, клад. Вскрыв настил, он нашел там много ценных вещей: золотые и серебряные украшения, дорогое оружие, ковры, шубы, красивую утварь и многое другое. Возможно, будь на его месте кто-либо другой, этот клад присвоил бы себе, ведь время было очень тяжелое, но только не отец. Все найденное он сдал властям. Вот таким честным и бескорыстным он был.

Когда началась Великая Отечественная война 1941-1945 гг.. ему было уже за сорок лет, и он не подлежал призыву в армию. Но он не мог оставаться в стороне, когда страна переживала такую трагедию, и все же добился того, чтобы его взяли на фронт добровольцем. Там, на фронте он был таким же храбрым и отважным, был разведчиком. Из его скупых рассказов о войне я помню о том, что однажды, когда командира взвода убили, а они оказались в тылу врага, в окружении, отец, будучи рядовым, взял на себя командование взводом и вывел людей из окружения к нашим. За этот подвиг он был впоследствии награжден. Он принимал участие в знаменитой битве на Курской дуге, где получил ранение в ногу и до конца своих дней ходил хромая, с тросточкой.

Из-за ранения в 1944-ом году он был демобилизован. Его направляют работать председателем колхоза. Послевоенное время было трудным – не хватало рабочих рук. техники. Но невзирая на все трудности, хозяйство, руководимое отцом, крепко становилось на ноги, выполняя все поставленные планы. Но не только работой жили люди. После сбора урожая и подведения итогов сельчане устраивали праздники, спортивные соревнования, айтысы. Об одном таком событии вспоминал Марат. Ему было тогда 10 лет. Это была осень 1949 года. Праздновался сабантуй. Спортивные состязания проходили на открытом воздухе, среди лесов и полей по разным видам: скачки, байга, борьба. Колхоз, которым руководил отец, по всем показателям был впереди, но оставалась борьба. Соперники на борьбу выставили известного борца, которого знали как непобедимого. Против него никто не решался выйти. Отец, видя нерешительность своих односельчан и желая во что бы то ни стало добиться призового места, сам вышел против этого борца и, несмотря на еще не зажившую рану, своей силой духа поверг соперника. В результате колхоз стал победителем по всем позициям. Марату запомнился этот день, как день всеобщей радости и ликования и его гордости за отца.

О молодецкой удали, смелости и отваге аташки (как называют его внуки) можно судить и по тому, как он женился на ажешке. Аже тогда было 16 лет, и она была единственной дочерью среди 5-ти братьев богатого бая. Аже была красавицей, но и ата тоже был неотразим. Они полюбили друг друга. Но так как ата был бедняком, то и речи не могло быть о том, что им позволят пожениться. Зная это, отец, договорившись с девушкой, выкрад他 ее из дома. Дело было зимой. Завер-

нув ее в шубу и посадив в сани, он увез ее на дальнюю зимовку, где они прятались от разгневанных братьев Жамили.

Здесь хочется остановиться и рассказать немного о матери Марата – Жамиле. Она тоже оказалась отважной девушкой, ради любви, без разрешения оставившей родной дом. Несмотря на то, что она была единственной байской дочерью, она была прекрасной хозяйкой, замечательной матерью, а потом и ажешкой. Чего только она не умела делать! И обшивала всю семью, и пряла, и вязала, и доила коров, и ухаживала за скотиной, и выращивала огород. А какой замечательной кулинаркой она была! Вкус ее баурсаков, хлеба, булочек у меня до сих пор во рту.

Отец был очень общительным человеком. Редкий вечер проходил у них без гостей. И у аже всегда было чем их угостить и удивить. Вызывает удивление и восхищение то, как это она могла успевать все делать. Я знаю, что в войну ей, молодой женщине, приходилось работать в колхозе. А работу в колхозе легкой не назовешь. Работали за мужчин, ушедших на войну, и в снег, и в зной. И мама мужественно со всем этимправлялась, да еще и детей растила!

Когда отца приняли в армию, и он проходил подготовку в Свердловске, она, никогда не выезжавшая за пределы своего района, одна, плохо зная русский язык, поехала к нему, чтобы еще раз увидеть перед отправлением на фронт. Для этого тоже нужно было иметь большое мужество. Пишу эти строки, и передо мной встает ее образ, дорогой моему сердцу. Когда они с отцом приезжали к нам в гости, то с ними в наш дом входили спокойствие и доброта, и мне совсем не хотелось, чтобы они уезжали. В них мы черпали для

себя силу и уверенность и всегда чувствовали их поддержку.

Однажды к дню Победы 9 мая (родители тогда жили в Алма-Ате) я купила отцу сувенир – деревянную скульптуру орла. Марат выразил сомнение в том, понравится ли подарок отцу. И вот когда мы пришли с поздравлением, отец, взяв орла, сказал, что этот подарок напомнил ему о днях его молодости. Мы, конечно, захотели узнать об этом. Отец сел в кресло и не спеша начал свой рассказ. При этом глаза его светились, а сам он как будто помолодел на несколько лет. Он вспомнил о том, что когда-то в молодости приручил молодого беркута, кормил его, поил, учил охотиться. Беркут вырос, окреп, пищу принимал только из его рук. Отец стал охотиться с ним на зайцев, лис и даже волков. Хорошим охотником был этот беркут – любимец отца. И вот однажды на охоте беркута пустили на волков. Тот взмыл в небо, а потом камнем упал вниз. Случилось небывалое – волки бежали рядом бок о бок, и беркут одной лапой вцепился в спину одного волка, а другой – в другого. Волки, разбежавшись, разорвали беркута, который мертвой хваткой держал их обоих. Отец был поражен случившимся и долго переживал гибель своего крылатого друга. Впоследствии он воспел его в песне «Ак Буркит». Стихи эти были опубликованы в местной газете, а потом много раз переиздавались.

Отец умолк и было видно, что в мыслях он был в том времени, когда он был силен и ловок, когда под ним был резвый скакун, а на руке сидел его беркут. Да! Как у каждого настоящего джигита, у него были замечательные кони, которыми он также гордился.

Балгожа-ата был прирожденным охотником. С охоты он никогда не возвращался с пустыми руками. В

голодные 30-е годы он со своими сверстниками охотой кормил свой ауыл. Как вспоминала мама, у женщин болели руки от усталости, ощипывая принесенную им дичь. Охотником он оставался до конца своей жизни. Ему было уже далеко за восемьдесят, а он выезжал с сыновьями и зятьями на охоту. Я помню, как однажды они поехали на гусиную охоту, и в тот день ему одному улыбнулась удача – домой он вернулся с солидным охотниччьим трофеем в виде двух жирных гусей. К охоте он приучил своих сыновей Марата, Науакана и младшего – Биржана, который стал страстным и удачливым охотником. Не раз Биржан присыпал нам в подарок дичь – гусей, уток, которыми мы с удовольствием и гордостью угощали своих гостей.

Кенжегузин Балгожа – отец большого семейства, труженик, солдат. Он не оканчивал университета, не имел научных степеней, но каким же он был интеллигентом, интеллектуалом, человеком большого ума, чуткости и такта! Где бы он ни появлялся, вокруг него всегда собирались люди. Он умел налаживать контакты со всеми, с кем общался – и с молодыми и со стариками.

К примеру, в 1973 году Марат организовал переход родителей в Алма-Ату, в квартиру, где мы до этого прожили 5 лет, а из соседей знали не больше 6-7 семей. Родители же через полгода перезнакомились почти со всеми соседями нашего многоквартирного дома и жили с ними дружно, как в родном ауле. Или же, садясь в такси, отец первым приветливо здоровался с таксистом, а потом начинал неторопливую беседу с ним, интересуясь откуда он родом, давно ли живет в Алма-Ате, большая ли у него семья и т.д. и т.п. В результате, выходя из такси, он, да и мы, прощались с

водителем, как со старым добрым другом. Вот эти черты характера отца - открытость и доброжелательность к людям - восхищали меня всегда.

Еще одна замечательная черта его характера – это его тонкий юмор и оценка событий через эту призму. Часто отец встречался со своими сверстниками, которые за чашкой чая вспоминали прожитые годы, события, случаи. Как-то, вспоминая о войне, один из его товарищей в очередной раз рассказывал об одном и том же случае, когда в бою он застрелил наповал сразу двух фашистов. Слушая это, отец вдруг спокойно так замечает, что у рассказчика, видимо, легкая рука. Тот в недоумении останавливает свое повествование и спрашивает у отца, что тот имеет в виду. Отец невозмутимо отвечает, что в прошлый раз наповал было убито четверо фашистов, а сегодня только двое. Выходит, что двое были в прошлый раз только ранены и за прошедшее после первого рассказа время, выздоровев, ушли с поля боя здоровыми. Смеялись все, в том числе и рассказчик.

Балгожа-ата был непревзойденным рассказчиком, шежире. Обладая незаурядной памятью, он помнил множество сказаний, былин и легенд нашего народа. Знал и помнил историю своих знаменитых земляков – Ордабасы Кожабергена, Сегіз сері и других. Известный казахский писатель, исследователь Набиден Абуталиев в своей книге «Шок жүлдүз» писал, что в исследовании жизни и деятельности Кожабергена жырау большую помощь ему оказал шежире Балгожа Кенже-Гузин, со слов которого 21 июля 1954 года им были записаны стихи о Кожабергене жырау. (*)

^{*}Набиден Абуталиев, «Шок жүлдүз». Алматы, 1998 г. стр.18.

Отец не только знал множество произведений казахского устного творчества, но и сам сочинял, и был автором песен и поэм, в том числе поэмы «Эсет и Асия» и многих других.

— Ала қой, балам, ертең сен де осындай жарау ат мініп, ел басқарап азамат бол. Бір-екі өрім қайыстан менің ат-көлігім жүдемес, — деді. Сондағы ауыл тік тұрып сыйлаған қонақ кім дейсіндер ғой, ол мына отырған Біржанның әкесі Балғожа болатын. Сол кездің өзінде пілдей бір колхоздың төрағасы, жұртты аузына қаратқан шешен, шежіреге төгіліп тұрған жан еді. Жұрт арасында ол кісі шығарған екі-үш дастанның жатқа айтылып жүргенін және білесіздер. Менің басымнан сипап, берген батасы да тегін болған жок, ел баскардым ғой, өздерің білесіндер оны, — деді Есаған әңгімесін аяктап. Иә, әкем туралы жұрт айтып жүретін мұндай әңгімелер ел арасында аз емес.

Біржан Балғожаұлы КЕҢЖЕФОЗИН

ПОСВЯЩЕНИЕ БАЛГОЖА-АТА

Мы помним... что может быть прекрасней,
Чем помнить о любимом человеке...
Мы помним... а значит не напрасно,
Он жил, творил, мечтал на этом свете.
Я помню... да... я точно тебя помню,
И теплый взгляд, и светлое лицо.
Я помню и храню воспоминанье,
Как важен дом, моя семья, родство.
Я точно помню этот новый год,
Как ты собрал всех под своим крылом,
И все было окутано теплом,
Овеяно прекрасным торжеством,
И вся семья сидела за столом...
И все смотрели только на тебя,
Не потому то ты герой и ветеран,
А просто так, в душе благодаря
За то, что с нами ты, наш Балгожа ата...
Мы восхищались, пред тобою преклонялись,
Ты столько сделал, и не только для семьи.
Достойно прошел тропу войны.
Оберегал всех нас, слагал стихи.
Один из лучших сыновей народа,
Даривший радость, переживший все невзгоды,
За это все тебя благодарим,
И знаешь, мы все помним и храним,
Ведь все по-прежнему окутано теплом,
И мы как прежде под твоим крылом.

Мадина Маратовна КЕНЖЕГУЗИНА

ЕЛ НАМЫСЫН КОРГАФАН ЕР ЕДІ...

От ауызды, орак тілді ел ағасының бірі осыдан 20 жыл бұрын дүниеден өткен Балғожа Кенжегозин еді.

Ол 1902 жылы қазіргі Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылында кедей шаруаның отбасында туған. Еңбек жолын он бір жасынан байлардың жалшысы болып бастаған. Алдымен ауыл молдасынан оқып, кейін сауат ашу мектебінде хат танып, адал енбекке кіріседі. Пысық та зерделі жігітті ауылдастары «Қосшы» одағының тәрағасы етіп сайлайды. Колхоз баскармаларының курсын бітіргеннен кейін сол кездегі Төңкеріс ауданындағы №6 ауылдық кенестің тәрағасы. Жарқын ауылдық тұтынушылар одағының тәрағасы. 1936-1937 жылдары Преснов аудандық тұтынушылар одағы тәрағасының орынбасары болған.

1940-1942 жылдары еңбек армиясына алынып, Орал әскери зауытында жұмыс істеген. 1943 жылы Орал ерікті танк корпусының құрамында майданға аттанған. Сол 1943 жылдың тамыз айында Курск іініндегі сұрапыл шайқастың бірінде каза тапкан рота командирінің орнында тірі қалған 7 адамды басқарып, коршаудан аман алып шықкан. Осы ерлігі мен батылдығы үшін I дәрежелі Отан орденімен марапатталған. Бірақ бұл орден иесін 25 жылдан кейін туған жерінде тапты. Осы шайқас кезінде біздің армияның жауды күшпі Орел каласының іргесіне жақындаған қалған құндерінің бірінде Бәкен ауыр жараганып, госпитальға түседі. Госпитальда бірнеше ай емделіп, 1944 жылдың бас кезінде Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мұгедегі деген кағаз алып, кос балдақпен туған ауылына оралды.

Майдан даласындағы ұрыс күн өткен сайын кең өріс алып, біздің жауынгерлер жау жендеттерін өз апанына қарай күні-түні ығыстыра берді. Бұл кезде тылдагы еңбек те соғыстагыдан кем түспей жатқан шақ еді. Бәкен де соғыстан жарапты келдім деп үйде бос отыра алмады. Соғыс ардагерін аудан басшылары Преснов ауданына қарасты «Айымжан» ұжымшарына төраға етіп тағайындағы.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың жеңісімен аяқталған шақта Бәкен ауылдың көпсалалы шаруашылығын табанды әрі табысты басқарды. Соғыстан кейін шаруашылығы төмен «Қарағаш» ұжымшарын басқарып, алдыңғы қатарлылар дәрежесіне көтерді.

Елімізде тың игеру басталған шақта Бәкен тың далаға алғашкы түрен салғандардың бірі болды. Сол кезде тың игеруге келгендердің ішінде түрмеден шыққан бұзакылар да болғаны белгілі. Олар тыныш отырган ауыл адамдарының мазасын алып, ұрыс-төбелес шығара бастағанда, Бәкен 20-30 жігітті атқа мінгізіп бұзакыларды қуып жүріп сойылмен соққандары бар. Ақыры олардың басшыларын милиция келіп ұстап әкетті де. қалғандары жуасып адал еңбек етіп, тіпті, ауыл адамдарымен достасып кетті. Бұл да Бәкеннің ел намысын қорғаған ерлігінің бір көрінісі іспетті.

Кейін ол бірнеше жыл тұтынушылар одағында, шаруашылықтарда қызмет етті.

Осылай көп жылғы еңбегінің жемісін көріп Бәкен 1966 жылы құрметті зейнеткерлікке шығады.

Балғожа Кенжегозыұлы түрлі жауапты қызмет атқара жүріп, қазак ауыз әдебиеті туындыларын жинаумен айналысады. Суырыпсалма ақындық өнерімен де аты шықты. Атақты жерлестеріміз Кожаберген

жырау. Сегіз сері туралы көптеген деректер жинады. Н.Әбутәлиев пен Т.Сүлейменовтін 1991 жылы жарық көрген «Сегіз сері» атты кітаптарының көптеген директорлары Бәкеннің жеке мұрағатынан алынған. Бәкен газет-журналдарды көп оқитын. Шешендік сөздерді, ескі кисса, жырларды жатқа айтатын. Токсан би. Шағырай шешен, Үкілі Ыбырай. Біржан сал. Ақан серілердін асыл сөздерін айтып отыратын. Сәбит Мұқановпен. Ғабит Мұсіреповпен кездескендерін жыр ғып айтатын. Осылай көп оқып. білгір адамдардың шешендік сөздерін тындал. өзі де шешендік өнердің иегері болды. Сөйтіп, оның шежірешілігі. шешендігі өз облысымыз түгіл. бүкіл республикаға да танылды. Ол ауызша шешендігімен катар өлең, дастандар да жазды. «Солтүстік Қазакстан» газетінде жарияланған «Ак бүркіт» дастанын көпшілік жұрт осы күнге дейін кызығып оқиды. Балаларының көліндегі үлкен күнде дәптерінде бұдан басқа «Әлім мен Рәзия». «Әсет - Әсия» дастандары мен біраз өлеңдері бар. Бәкеннің естелігінде айтуынша. «Әсет – Әсия» дастанының окиғасы 1918-1920 жылдары болған. Кейіпкерлері де накты өмірде болған адамдар екен.

Балғожа Кенжегозыұлы үлкен отбасының иесі болған. Ол зайдибы Жәмила шешеймен 7 бала тәрбиелеп өсірген. Олардың бәрі де ел таныған жоғары білімді азаматтар.

Бәкен зейнеткерлікке шықканнан кейін Қызылжар каласына көшіп келді. Мұнда да оған көп азаматтар келіп, оның кызықты да мазмұнды әнгімелерін тындастырып. Ол балаларына және олардан кейінгі ұрпақтарына арнап өз әuletінің толық шежіресін жазып калдырды.

Балгожа Кенжеғозыұлы 1992 жылғы 15 мамырда Қызылжар қаласында балалары мен немерелерінің қолында қайтыс болды.

*Қайролла МҰҚАНОВ,
өлкетанушы, облыстық ардагерлер
кеңесінің мүшесі.*

АҚСАҚАЛ ЕДІ АЯУЛЫ...

Бұл күнде аты анызға айналған аяулы аксақалда-
рымыздың бірі Балғожа картты есіме алуға екі түрлі
себеп болып отыр. Біріншісі, осыдан ширек ғасыр-
дай уакыт бұрын Балғожа аксақалмен көзі тірісінде
жолығып, Қызылжар каласындағы пәтерінде болға-
нымда тәп-тәуір әнгімелескен едік. Жәмила шешейдің
кілегей қаткан үнді шайынын үстінде Бәкен: «Бірде
болмаса бірде атанды еске аларсын» деген-ді. Міне.
ғажап, көрсеген карттың айтқаны келіп, аяулы жанның
жаркын жүзі, көрікті келбеті. өзіне тән пандықпен
айтқан әсерлі толғамдары ойыма оралып отыр. Ал
екінші себеп, мен сонау өткен ғасырдың жетпісінші
жылдарынан бастап, Кенжеғозиндер әuletінің бар-
лық ұрпағымен аса сыйластық көнілмен араласып ке-
лемін. Әсіресе. ұлдары Науқан. Біржан. қыздары Роза.
Раяның жанұяларымен жақын қарым-қатынастамын.
Оның үстіне Роза Балғожақызының жан жары Сай-
ын Есенғұлов маган жиен болып келеді. Ал Бәкенің
үлкен ұлы Марат аға мен қызы Маринаның (Женісі)
үйіші отбасымен де өте жақсы таныспын. Арамыздан
ерте кеткен Марат Балғожаұлын соңғы сапарға аттан-
дыру жабдығында, содан соңғы 70 жасқа толған еске
алу асында ағайындардың арасында бірге болдым. Ал
кенеттен казаға ұшыраған Марина Балғожақызының
азасы менің де кабыргама катты батты. Міне, осындаі
ағайыншылдық қарым-қатынастар Балғожа аксақал-
ды еске алып, оның аруағына құрмет көрсетуге себеп
болып отыр.

Бәкенің тәрбиесін көріп, баласындаі болып кет-
кен жандардың бірі – немере інісі Әскер Кенжеғозин

еді. Жаңылмасам. 1963 жылы сол кездегі Октябрь ауданының (қазіргі Шал ақын) Ленин ауылы жаңа кеңшар болып ұйымдасты. Атауы «Теренсай» совхозы. Міне, осы шаруашылыққа Әскер Кенжеғозин алғашқы директор болып келді. Мен ол кезде мектеп оқушысымын. Қызылжар қаласындағы қазак мектеп-интернатында оқимын. Ауыл арасы қашық болғандықтан күзгі, қысқы, көктемгі каникул күндері елге келіп кету қайым қиямет. Қарым-қатынас көліктің мүлдем жоқ кезі. Міне, осындай бір кезекті демалыс басталғанда интернатта оқитын он шақты бала үшін біздің ауылдан арнайы көлік келді. Ата-анамызды сағынған біздер үшін бұл оқиға ерекше қуаныш болды. Балалар үшін жабдықталған «ГАЗ-53» машинасы бізге космос кемесінен кем болған жоқ, жарты күннің ішінде ұшыртып елімізге алып келді. Үйге келген соң ғана барып білдім, бұл машинаны кеңшар директоры Әскер ағамыз жіберген еken. Жас ұрпақ үшін бұдан асқан қандай қақорлық қажет! Қалай ғана естен шығарарсың! Балғын жүректе осындай жақсылықтар ұзақ сақталауды емес пе?! Арада елу жыл өтсе де мен осы оқиғаны сүйіспеншілік сезіммен еске алып отырмын. Бұл дәстүрді Әскер Кенжеғозин өзі қызметтен кеткенше бұзған жоқ, атқарып тұрды.

Мен Балғожа ақсақал бастаған Кенжеғозиндер әулетін бак конған, дәулет дарыған, береке мен бірлік жайлаған жандар деп білемін. Оған қыздары Роза мен Раяның, баласы Біржан мен немересі Ержанның отбасылары дәлел болады. Эке өситетін өміріне өнеге еткен Біржан бұл күнде тамырын теренғе жайған жігіт ағасы. Ал Бәкеннің бала кезінен бауырына басқан немересі Ержан Науқанұлы қара шанырақ иесі атанған нағыз үлкен үйдің коясасы.

Ержанды өсіріп-өндіріп ержеткізген. үйлі-баранды еткен Балғожа аксақалдың өзі болды. Оның немересін үйлендіргені өнегелі бір әнгіме. Реті келгенде айта көтейін.

Бір жылдары Бәкеннің баласы Біржан бұрынғы Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы «Қарағаш» кеншарында директор болып қызмет аткарды. Бөтен жерге басшы болып келген баласының хал-жайын білмек болған Балғожа аксақал Қарағаш ауылына ат басын бұрады. Біржан әкесінің келу құрметіне дастаркан жайып, көрші-қоланды конак етеді. Ас үстінде Бәкеннің көзіне дастарканға ерекше сән берген ақ бөлке нан түседі. Әрі жұмсақ, әрі дәмді ас атасы - нанды сүйсініп жеген әкесі:

– Балам, мынандай нанды бұрын-соңды жеп көрмеппін. Кім пісірген, келін бе әлде басқа жан ба? – деп сұрайды. Мұндай сауалды күтпеген баласы абырап барып:

– Әке, Зура апам ғой, Зура апам, – деп әкесіне таныс емес есімді атайды.

– Иә, шырағым, Зура апаң кім?

– Ол кісі көрші, Алқа ауылында тұратын Нығметжан ағанын бәйбішесі. Анда-санда құрт, ірімшік, айран, қымыз әкеп тұратын камкоршы ана, – деп жауап береді.

Баласының бұл әнгімесін ұнатқан Бәкен: «Мені осы адамдармен таныстыры». – деп колка салады. Әке сөзін екі етпей орындалп үйренген Біржан онтайлы сәтті пайдаланып, замандастардың басын қосқан көрінеді. Сөйтіп, Есіл өніріне аты шыккан Нығметжан Закариев пен Балғожа Кенжеғозиннің арасындағы таныстық, сыйластық, содан сон арты құдандалыққа айналған көп жылдарғы карым-катаинаска себеп-салдар

болған ас төресі нан көрінеді. Шынымен-ак «шешесін көріп кызын ал» деген халық даналығы тұра осындай жағдайда айтылса керек. Анасы Зурәнің тәлім-тәрбиеін көрген қыздары Гүлжан осы әuletке келін болып түсіп. жапырақ жайған жанұяның ардакты анасына айналды. Құдайға шүкір, екідана карттың ак батасын алып косылған Ержан мен Гүлжан Нығметжанқызы бұл күнде Балғожа карттың шанырағын шайқалтпай, тұтінің тұзу ұшырып, атасының шөберелерін өсіріп отырған ерлі-зайыпты ата-аналар.

Бәкенді өз балалары қалай сыйласа, келіндері мен күйеу балалары да солай кошемет, құрметпен бағалай білді. Сөзіміздің айғағы ретінде ұлken ұлы Мараттың жан жары Раида Рахметқызы жолдасы жайлыш жазған естелігінде атасын бытайдеп еске алады: «Мараттың әкесі Балғожа Кенжеғозин туралы ерекше айтқым келеді. Ол кісіні нағыз сегіз кырлы, бір сырты деп айттуға әбден лайыкты адам еді. Отзызыншы жылдары жана тұрмыстың көш басшысы атанып, ауыл шаруашылығы кәсіподарғының төрағасы қызметін аткаралды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлікпен елін жаудан корғаса, бейбітшілік жылдары колхоз председателі болып еңбек еткен. Атайдын бойында ақындық, шешендік өнер мол болды. Откенді жақсы білетін көнекөз карт еді. Жасы сексенге келгенше саятшылықты, сал-серілікті тастаған жок. Қын-қыстау жылдары осы өнерімен ел-жүртты асыраған көрінеді», – деп жазады экономика ғылыминың кандидаты, білікті маман Раида Кенжеғозина.

Балғожа аксакалдың күйеу балалары Есет Којамұратов. Сайын Есенғұлов, Боташ Хайнетов айтулы азаматтар. Үшеуі де кезінде лауазымды қызметтер аткарып, ел құрметіне, мемлекеттік марапатқа ие

болған жандар. Бұгінде жеке бизнестің белсенді өкілдері. Бәрі де ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған, немере-жиен сүйген қадірлі әке-ата.

— Қарттарымыз өте бақытты жандар болды, — деп еске алады қүйеу баласы Сайын Есенғұлов. Олар ең алдымен ұзақ өмір сурді. Бала-шагасының жамандығын көрген жоқ. Бәріміз әкелеп, аталап алақанымызға салып, бағып, күттік. Мәнгілік сапарға да әлпештеп шығарып салдық. Қос карияның өсиетіне орай атақоныс ел-жұртына жеткізіп, бабалар жатқан жерге арулап жерледік. Сөйтіп, ата-ененің аманатын абыраймен атқардық, — дейді Сайын. Айтса. айтқандай ұрпағының осындай құрметтін өз көзіммен көрген жандардың бірі менмін.

Елі-жұрты енбекін жоғары бағалаған, аяулы ақсакал Балғожа Кенжегозин жайлы жазу маған ардакты жандардың есімдерін еске алуға септігін тигізді. Алдымыз жақындал, артымыз алыстап қалған шақта өмірден өткен жандардың жарқын істерін, асыл сөздерін ұлғі-өнеге етіп, үрім-бұтағы жайлы жылы сөз айтқанға не жетсін?! Бұгінгідей аласапыран тіршілік заманда адам баласына ақын тілімен айтатын болсақ: «Сөйлегенде камықпа, айтпадым деп ұлы сөз. Қажет кейде халыққа, ұлы сөзден жылы сөз!» керек болып қалдығой.

Тіршілікте қадірлі, қасиетті болған жаннның нұрлы жүзін, өмірден өткен соң да тот баспайды екен... Үлайым солай болғай.

*Шашубай МАЛДЫБАЕВ,
КР Журналисттер одагының мүшесі.
Қаскелең қаласы.*

АТАМ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК

«Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын», дейді казак. Атамның адам баласына жасаған жаксылығы мол болатын. Өзінен гөрі өзгенің камын көбірек ойлайтын жаңы жарқын, көнілі даркан жан еді.

Мен Балғожа атамның бірінші немересімін. Бауыр етің баланнан да немере ыстық деген сол болар, атамның мен дегендегі көнілі ерекше еді. Жас кезімнен жаңына жақын ұстап, тәлім-тәрбиесін аяған жок. 1964 жылы екі жасымда Алматыға Марат ағамның тойына алып барыпты. Ал кейін 1977 жылы 15 жасымда Алматыға біржола алып кетіп, техникумға оқуға түсірді. Сол жактан әскер катарына аттандым. Мен әскерде жүргендегі атам мен әжем елге, яғни Петропавл қаласына көшіп келеді. Ол кезде Біржан ағам Қарағашта совхоз директоры болатын. Ата-әжемді конакка шакырады. Алқада болып, ауылдың таза ауасын жүтып дем алғанды ұнатушы еді атам.

Алыстан келген адамды жағалай дәмге шакыратын ежелгі салтымыз емес пе?! Бірде Нығметжан, Зурәдеген кісілердің үйінде конакта болады. Үй иелерінің ұсынған дәмін, әсірессе, күлше наны мен сары қымызын атам катты ұнатады. «Аяғына қарап асын іш, анасына қарап қызын ал» легендей, атам бойжеткен қыздарының бар ма деп сұрайды. Құда болғысы келетін ойын да жасырмайды. Үй иелері қалада оқуда жүрген қызы бар екенін білдіреді. Сөйтіп, болашак келінімен бірінші өзі, кейін әскерден келген сон мені таныстырады. Екі жылдан кейін Гүлжан екеуміз үйленіп, отау тіктік. Осылайша менің өмірімдегі манызды нәрсенің

бірі - өмірлік жар тандауыма атам себепші болды. Бұл ұрпағының болашағын әріден ойлаған атамның көрегендігі еken. Құдайға шүкір. бақытты жанұяда ата-әжеммен 14 жыл бірге тұрдық. Атамның қонақжайлышы ерекше еді. Гүлжан өмірге бір қыз, екі ұл әкелді. Атам шөберелерінің есімін Жанат, Қанат деп өзі койды.

Жасының ұлғайғанына қарамастан атам ширақ және жас көрінетін. Бірақ онысын бетіне айтқанды ұнатпайтын. Тіл. көз тиеді деп. ырымға сенетін. Ауырып жедел жәрдем шақырған кезімізде жасы 86-да болса да 80-де деп жасырып айтуымызды сұрайтын. Атамның көңілі үшін тоқсанға дейін сексенде деп айтып келдік. «Күлсөң кәріге күл. жасын береді» деген ғой.

Атамның тұс жоритын көріпкелдік қасиеті де болған. Өмірінің сонында 1991 жылы қараша айында ауырып жатып, тұс көреді. Тұсінде Теніздің балалары марқұм Байкенже мен Қабдолла екеуі тогай арасынан шығып келеді еken және екеуінің қолдарында 7-8 метрлік аша бар екенін айтты. Осы тұсін өзі былайша жорыған: «Мениң қазіргі науқасыма қарағанда 7-8 жыл өмір сүрмеспін. көп болса 7-8 айдай өмірім қалды» – деген.

Содан 7 айдан кейін тоқсанға қараған шағында 1992 жылы дүниеден өтті. Ата-әжемнің берген тәлім-тәрбиесі мен қалдырған өснегесін жанымызға азық етіп келеміз.

Немересі ЕРЖАН

КЕЛІН БАҚЫТЫ

Мен бакыт дарып, құт-берекесі үзілмеген, бірлік-ынтымағы жараскан. ел-жұртты үлгі тұтқан осындаі отбасына келін болып тұскенімді әрдайым қуаныш тұтып, мактаныш етіп отырамын. «Қыз бала жат жұрттық». - дейді ғой, сол жат жұрттың өз жұрттыңдай бауырына басып, туған қызындай құшағына алып, камкор болып отырса одан асқан. одан артық бакыт бар ма?! Мен сондай бакытқа кенелген келімін.

Сөзді әртіннен бастасам, мен Балғожа атамның шанырағына қалай келін болып тұскенімді баян еткім келеді. 1961 жылы қыста болашақ кайынатам әлде бір себеппен көрші Балуан ауылына келіп, ескі танысы Байтукин Оқап деген карттың үйіне ат басын тіреяді. Оқап кемпірі Ділдабаймен көптен көрмеген кадірлі конактың келгеніне катты қуанып, казан көтеріп, жік-жапар болып карсы алады. Өткен-кеткенді естеріне алып, біраз әнгіме-дүкен құрып, мәре-сәре болады. Менен үш жас үлкен Бағиза деген әпкем Оқаптың Жасұлан деген баласына тұрмысқа шығып, осы шаныракка келін болып тұскен еді. Конак аз отырып, көп сынайды дегендей. Балғожа атам дастаркан жайып, ас әкеліп, ыдыс-аякты жуып, тыным таппай бәйек болып жүргіріп жүрген Бағиза келіннің шаруаға пысыктығына риза болады.

– Оқа, келінді қай жерден алдыңыз, манадан бері казан-ошактың басында тізе бүкпей шаруа тындырып жүргеніне сүйсініп отырмын, ұзағынан сүйіндірсін. – дейді әнгіме арасында.

– Құдам Бегайдаров Жекен деген кісі. Мына Жалтыр ауылында тұрады. Ағайынды үш жігіт. Үлкені Шегір. органшысы менін құдам Жекен, кішісі Жұка. Үшеуі де

үйленіп, балалы-шағалы болса да енші алыспаған. бір шаңырақтың астында тату-тәтті тұрмыс құрып, тіршілік жасап жатқан ерекше ұйымшыл адамдар, - дейді Оқап. Сонда болашақ қайынатам тұрып:

– Мен Жекеңді білуші едім. Бірақ көп жылдан бері кездесken жоқпыз. Сондықтан кейінгі ұрпактарын білмеймін. Сұрайын дегенім мына келініңіздің бойжетіп отырған сіңлісі жоқ па? – дейді. Оқап деген кісі данқылдаған аққөніл, біреуді мақтаса ағынан жарылып, косыңқырап сөйлейтін әдеті де бар еді.

– Құдандалы болғасын анда-санда араласып тұрамыз. Мениң келініме көніліңіз толса, үйінде бойжетіп қалған сіңлісі бар. Өзі бір қалауын тауып су үстінде от жаққандай пысық бала. Жұмыстан келісімен үй шаруасын тып-тинақтай тындырып тастайтынын талай көрдім ғой, – деп мені мақтай ала жөнелсе керек Оқап. Болашақ қайынатам Оқаптың әлгі сөзінен кейін Жалтыр қайдасын деп бір-ак тартып, кештетіп біздің үйге келіп жетеді.

Мен жұмыстан келсем үйде қонақ бар екен. Шай ішіп болыпты. Пештің үстінде бұлкілдеп ет пісіп жатыр. Соған қарағанда қадірлі қонақтың бірі болса керек деп ойладым. Расында да әкемнің көнілі көтерінкі, қонақпен әңгімесі жарасқан, соғыста бастарынан кешкендерін. одан кейінгі бейбіт өмірдегі шаруашылық жайларын сыр қылышп актарып отыр екен. Үйге келе сала үстел үстін жинап, ыдыс-аякты жуып, қонақасы дайындауға кірісіп кеттім. Ас үстінде де әкем мен қонақтың әңгімесі үзілген жоқ. Астан кейін шешем Мәриям қонақ пен әкеме төсекті төргі бөлмеге қатар салып берді. Көздері ұйқыға іліккенше екеуі тағы да біраз әнгімелесті.

Танертең ерте тұрып, тамағымды ішіп, үй ішіне үстел жасап койдым да жұмыска кетіп қалдым. Тұсте үйге келсем конак кетіп қалыпты. Шешемнен келіп кеткен конактын кім екенің сұрадым. Шешемнен айтуынша Преснов жактан екен. Бұрын жас кезінде қызмет істеп жүргеннен әкемді билетін көрінеді. Москвада бесінші курста оқып жүрген үлкен ұлы Марат. Архангелка селосында механизаторлар даярлайтын училищеде оқып. көктемде диплом алғалы отырған Науқан деген ұлы бар екен. Сол Науқан деген ұлына мені айттырып, құда тұсуге келіпті. Конактын менін жүріс-тұрысыма көз киығымен кайта-кайта карай бергенінен өзім де бірденені сезгендей едім. Эке-шешем балалар бірін-бірі көріп, ұнатса қарсылығымыз жок. Қазір заман басқа. жастар өздері біледі. Бәрі Алланың бұйрығында десіп. конакты шығарып салыпты. Болашак кайынатам бұдан басқа тағы да екі-үш рет арнағы атізін салып. келіп кетті. Ақыры ата-анамыз келісімге келіп. құйрық бауыр жесіп. мынжылдық құда болуға төстерін түйістірді.

Сөйтіп. 1961 жылы тамыз айында осы шаңыракқа келін болып тұстім. Ел-жұрт таныған, ағайын-тұыстары, тамыр-танақтары көп үлкен әuletке отымен кіріп, күлімен шығып. көнілдері калағандай келін болу. әрине. онай шаруа емес. Бірақ жас кезімнен-ак ана-ма қызы балаша, әкеме ер балаша колканат болып. үй шаруасын да. дала жұмысын да катар аткарып төсөліп алған маған келінге тән міндеттер аса киыншылық тудыра койған жок. Ол кезде енем Жәмила елу екі жаста, атам зейнеткерлік жаста болғанымен әлі шаруашылық қызметінен қол үзген жок екен. Сондыктан да болар, келімді-кетімді конактар бір үзілмейтін. Атам қызмет істеп жүргендіктен кейбіреулер ана-мына ша-

руашылық бұйымтайларын айта келсе. енді біреулер ағайыншылап амандық-саулықты білуге ат ізін салып жататын. Эйтеүір не керек. қонактардың алды кетіп жатса, кештеу келгендегі ат-арбасын ағытып қонаға қалатын. Дастанқан да бір жиылмайтын. Атам мен енем оларды ағынан жарылып, қуана қарсы алып, бар жылы-жұмсағын алдарына тосатын. Эсіреле. кейір қонақтар атамның сәнін көлтіріп, мәнерлеп айткан әңгімесін тындауға құмартып, әдейі қона қалатын. Балғожа атам әңгіме айтканда тындаушысын әсте жалықтырмаушы еді. Бір әңгімесінен бір әңгімесі қызықтырып отыратын. Мұндайда астан кейін де қайта-қайта шай ішілетін. Енем екеуіміз оларды тік тұрып құтетінбіз.

Бір куні енем Жәмила жол жүріп кетті де. бар үй шаруасы менің мойнымда қалды. Таңғы астан кейін үйді жинастырып болдық та. қайынсіzlілерім Роза. Рая және көрші үйлердегі қыздарды жиып алып, огород сыртындағы жасыл шөптеге аксүйек ойнауға кірістік. Балалық шакта сүйсіне ойнайтын ойынымыз ғой. Бір кезде нөсер жаңбыр құйды да кетті. Атамның түскі асқа келетін уақыты болатын. Қайың қожырмағы, ұсақталып сақталған ағаш ашық жерде су болып қалыпты. Су отынмен самауырынды тұтата алмай, құйіп-пісіп әуреге түстім. Ол кезде казіргідей газ жок қой. Уйге келген атам менің құйбенде жүрген халімді көріп. шырағым шай койып әуре болмай-ақ қой. бір саптыаяқ айран мен жұқанан әкелсөн болады, соған да тойынып қаламын деді. Ондағысы мені әуреге салмайын дегені ғой.

Бірде сөз арасында атама кеншарда жұмыс болса жұмыс істегім келетіндігін айттым. Ертеңінде атам рабкоптың бастығымен келісіп, мені жұмысқа кіргізді. Көрші үйлердегі келіндер үйден шықпайтын болса. мен енді үй шаруасынан басқа дала жұмысына да ара-

ласатын болдым. Атамның қамқорлығы арқасында мен осындай үлкен қуанышка бөлендім.

Атам отбасының тірлігін, балалардың болашағын әртіннен ойлайтын жан еді. Оған бір мысал. Науқан екеуіміздің тұнғышымыз Ержанды сегіз сыныпты бітірісімен өз бауырына басты. Ол кезде олар Алматыда тұратын. Марат қызмет істеп жүрсе, Біржан қайным сондағы жоғары оку орнына түскен еді. Солардың касында болған ата-енем немересіне өзі ие болып, оқытты, Отан алдындағы борышын өтеуге өз колымен аттандырды. Бұл кезде Біржан оқуын бітіріп, қызметін туған өнірде, Спасовкада инженер болып бастады. Кейін қызметі есіп, Ленин ауданындағы Қарағаш кеншарына директор болып тағайындалды. Сол кездегі директорлардың ішіндегі ең жасы болатын. Ата-енем де Біржанмен бірге елге кайта көшіп келген еді. Ержан Армиядан келгесін ауылға жібермей өз колдауында қалдырып шаңыракқа ие етті. Тәрбиелі жердің қызына құда түсіп, өз колымен үйлендірді. Атам мен енем өмірден өткенше ак батасын беріп, Ержанның қолында тұрды. Ержан мен келіні Гүлжаннан Жанат, Қанат есімді шөберелерін сүйді. Атасы мен әжесінің тәлім-тәрбиесін көріп өскен олар бүгінде тең-құрбыларының алды болып, іргелі отбасын құрып. Әркені өскен өрісімізге айналып отыр. Мұның бәрін атамның балаға деген шексіз мейірімі мен аялы қамқорлығының арқасында деп білемін. Сондай қамқорлыктың арқасында ұл-қыздарының бәрі де жоғары білім алып, елге елеулі, халқына калаулы азамат иесі атанды.

Ата-енеме жатсам-тұрсым тілейтінім топырактарың торқа, орындарың мәнгі жұмакта болсын, иман байлығын берсін.

Келіндерініз Багия ЖҰҚАҚЫЗЫ

ЖАҚСЫ ЖЕЗДЕ ӘКЕДЕЙ

Кенжегозин Балғожа маган жездे болады. Зайыбы Жәмила әкем Мәкеннің туған қарындасы. Жәмиланың әкесі Қожантай, анасы Сакан. Олардың отбасында төрт ер бала, төрт қызы бала болған. Ағалары Сәдуақас, Мәкен, інілері Тәжібек, Базарбек қыздардың ең кішісі болғандықтан ба, Жәмиланы ерекше еркелетіп, жақсы көрген. Айтқанын екі етпей, не сұраса да колдарынан келгенше орындал жүрген. Еркелікпен өссе де Жәмила үй шаруасына пысық, елгезек, анасына ең жақын қолқанат бола біліпті. Көркіне ақылы сай қызбала болып бойжетіпті. Ауыл тұрғындары өз қыздарына ақыл айтқанда, Қожантайдың қызындай болындар деп Жәмиланы үлгі тұтып отырса керек.

Болашақ жездем Балғожа ел аралап жүріп, ата-әжемнің үйінде болғанда Жәмиланың осы мінезіне көнілі толса керек. Ақыры Жәмилага ықыласы құлап, өмірлік жар етіп таңдайды. Жәмила да Балғожаны жігіттің төресі танып, көнілі ауады. Сөйтіп, жігітпен уәде байласыпты. Екеуінің қосылғанын мен білмеймін. Olsen кезде мен әлі дүниеге келген жоқ едім. Бірақ екеуінің қосылғанын үлкендер өз алдына жыр етіп айтып отыратынын естігеммін.

Әкем Мәкен 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда ел қорғауға аттанған алғашқы лекпен майданға кеткен. Содан елге қайтып оралған жоқ. Жездем де әкем сияқты ел басына күн туғанда майданға өз еркімен сұранып, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер. Анда-санда қонаққа барып, кездесіп қалғанымызда жездемнің соғыс жайында айтып отыратын әңгімелері

есімде қалыпты. Сол бір сұрапыл соғыс кезінде жездем талай қының-қыстау оқиғаларды басынан кешіпті. Қарша бораған оқтың астында жүріп, мұз жастанып, су кешіп. Отан үшін қасық қандары қалғанша жаумен айқасқан сондай жандар біздер үшін ерекше құрмет тұтар батыр тұлғалы ерлер ғой.

Жездем Балғожа күш тең емес сұрапыл шайқастың бірінде ротадан тірі қалған бір тоң жауынгерді өзі бастап, ұрысты тоқтатпай коршап алуға жанталасқан жау шебін бұзып өтіп. жауынгерлеріміздің негізгі күшіне келіп қосылады. Сол жолғы ержүректік ерлігі үшін жездем мәртебелі биік орденмен наградталыпты. Тарихта теңдесі жоқ ірі шайқастың бірі болып жазылған Курск иініндегі майданда жездем жауынгерлік тапсырмаларды орындал жүріп ауыр жараганыпты. Сол жаракаттан соғыска одан әрі қатыса алмапты.

Елге келгесін де мүгедектігіне қарамастан бірден еңбекке араласты. Коммунистік партияның өзіне сеніп тапсырған талай қызметті абыраймен мінсіз атқарды. Бірнеше ұжымшарды басқарды. Тұтынушылар одағының жауапты қызметтерінде болды. Тың игеру кезінде жана құрылған кеңшардың іргесін қаласуға қатысып, тың игерушілердің алғашқы қатарынан көрінді. Майданнан кейінгі елге сінірген еңбектері де ескерусіз қалмаған. Кеудесіне орден, медальдар тағып, көптеген құрметті марапаттарға ие болды.

Апа-жездем үлгілі отбасын құрып, құт-береке дарыған еңселі шанырактың шырағын жарқыратада жаққан жандар. Төрт ұл, төрт қыз бала тәрбиелеп өсіріп, өмірлік жолдарын дұрыс тандауларына ата-аналық мейірімді камқорлықтарын аямады. Ұлы Марат онжылдықты алтын медальмен тамамдап, Мәскеудегі іргелі оқу орнына түсіп, жоғары білім алып шықты. Білімін үнемі шындаидай

түсіп, ғылымға ден койып, экономика ғылымының докторы атанды. Қазақстанның беткө ұстар үлкен ғалымы құрметіне ие болды. Оның есімі өз елімізге ғана емес, бірнеше шетелдерге де кенінен таныс. Қалған ұл-қыздары да ата-ана абыройын аскактатып, ірі лауазымды қызметтер атқарды, әлі де атқаруда. Олардың ізін жалғастырып келе жаткан шөберелері де жок емес. Бір шөбересі биыл оқуды алтын медальмен бітірді.

Балғожа жездем мен Жәмила апам жүректері кен, көнілдері көл. мейірімді жандар болатын. Үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін. Үйлерінен конак бір үзілмейтін, дастарқандары бір жиылмайтын. Ауылға келген таныстары, білетіндері әдейі апа-жездемнің шанырағына бас сұғып, сәлем беріп шығатын. Елжүртка кадірлі адамдар болды. «Жаксы жезде әкедей» - дейді ғой, өзім де жездемнің жаксылыққа толы шараптын талай көрдім.

Әйел отбасының үйыткысы. Бакыт шам-шырағының жарық сәулесі. Күндей жылу беретін де әйел-ана. Табиғатында нәзік жаратылыс иесі болғанымен, төзімді, білімді, білікті, ақылды, мейірімді қасиеттерімен осындағы құрметке бөленген әйел аналар аз емес. Мен апам Жәмиланы солардың катарынан көремін.

Апамыз бен жездеміздің жарты ғасырдан асқан жұптаскан өмірін талай отбасы мұрат тұтады. Олардың бірге жүріп өткен өмірі өнегелі өмір. Екеуі өмір айдынында жұбын жазбайтын қос аккудай мәнгі бірге жүзіп өтті. Аса кадірлі апа-жезде, жаткан жерлерініз жайлы болсын, пейіштің нұрына толсын. Иман байлығын берсін, өздерінізге мәнгі имандылық тілеймін.

Еслам МӘКЕННОВ

*«Әке көрген оқ жонар,
шеше көрген тон пішер»*

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ӨРІСІ



БІРЖАН БАЛГОЖАҰЛЫ КЕНЖЕГОЗИН



Атамыз қазақ «Алтынның сыйнығы, асылдың тұғыры» деген сөзін халықтың көнілінен шыққан қалаулы ұл-қыздарына арнап айтқан ғой. Сондай ұлдың бірі – Біржан. Әке аманатын адаптациялық жағдайда атқарып, өнегелі өмірін жалғастырып, парасатты ақыл-ойымен де, адами асыл қасиеттерімен де көзге түсіп, көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген ол Балғожа ақсақалдың отбасындағы ұлдың кенжесі.

Біржан 1954 жылы Преснов, қазіргі Жамбыл ауданының Баян ауылында дүниеге келді. Жамбыл кеңшарындағы мектепте үздік оқып, тәлімді де тәрбиелі шәкірттердің алды болды. Орта мектепті үздік тамамдағаннан кейін Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына окуға түсіп, инженер-механик мамандығын алғып шығады.

Жоғары білімді жас маман алғашқы қызмет қадамын 1976 жылы Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы «Дружба» кеңшарының бөлімшесінде механик болып бастайды. 1978-82 жылдары осы шаруашылықта бас инженер болып қызмет істейді. Бас инженер шаруашылықтағы бар техниканың толық қуатында тоқтаусыз жұмыс істеуіне жауап беретін тұлға ғой. Сол жауапкершілікті сезінген ол аз уақыттың ішінде мол тәжірибе жи-

нақтап. кәнігі мамандарша шаруашылықтың бар қырына төсөліп алады. Бірде, нақтырақ айтқанда 1978 жылдың көктемінде бес бірдей «К-700» тракторының кейбір бөлшектері ақауланып, жұмысқа шықпай тоқтап қалады. Бұл кезде тұқым себу жұмысы басталған болатын. Мұны көрген шаруашылық директоры Қайыrbай Сәдуақасов қатты абыржып: «Біржан, биыл тұқымды уақытында себе алмайтын шығармыз, - дейді. Исті алдын ала ойластырып алған Біржан: «Жоқ, кешікпей тракторлар жұмысқа шығады. - деп жауап береді. Сол күні тұні бойы көнерген тетіктерді жаңасынан аудырмай шеберханада қайта жасап, тракторларды іске қосады. Ертеңіне егістік алқапта тұқым сеуіп жүрген алып тракторларды көрген директор қуанғанынан «өзімізде өнертапқыш тұрғанда бұдан былай зауытқа тапсырыс беріп қайтеміз. - деді Біржанға үлкен сенім артып. Ол бұл сенімді актады да. Талай рет сынған тетіктерді шеберханадағы станокта жөндеп, іске қосты. Көрші шаруашылықтардан келіп, сынған тетіктерін көрсетіп, кеңес сұрағандар да болды. Сөйтіп жас маман өнертапқыштығымен де танылды.

Тындырымды ісімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген жас маманның қызметі жоғарлатылып. 1982 жылы осы аудандағы «Қарағаш» аудандық мамандандырылғын шаруашылық бірлестігіне директор болып тағайындалады. Бұл кезде Біржан жасы әлі жиырма сегізге толмаған, аудандағы директорлардың ең жасы болатын. Соған қарамастан кәнігі директорлардан қалыспай, кеңшардың қат-қабат шаруасын бірден басқарып кетті.

Осы кеңшарда табан аудармастан он жыл қызмет істеп, шаруашылықтың барлық салада есіп-өркенде-

уі жолында көптеген игі істердің ұйыткысы бола білді. Осы уақыт ішінде оның тікелей жетекшілік жасауымен орталық қоныста және бөлімшелерде жүз елуге жуық жанадан тұрғын үйлер салынды. Қатар құрган жана үйлерден көшелерге сән кірді. Орталық қоныстың бұрын жүріп-тұруға киыншылық тудыратын төрт көшесіне асфальт төседі. Жергілікті тұрғындар жыл сайын жана үйлерде қоныс тойларын өткізіп, қуанышка бөленіп жатты.

Кеңшар негізінен мал шаруашылығымен айналысатын болғандыктан, бұл саланын дамуына да үлкен көніл бөлінді. Он жылдын ішінде жиырмаға жуық мал корасы іске қосылды. Соңғы коралар жана үлгімен салынды. Біржанның табандылығы аркасында кеңшарда бұлардан басқа да ғимараттар бой көтерді. Табандылығы деп отырғанымыз, ол кезде кеңшарда жана құрылыш салу үшін аудан, облыс мекемелеріне талай барып жүгіну қажет болатын. Біржан сол киыншылықтардың ретін келтіре білді. Соның аркасында жанадан машина-трактор шеберханасы, ауылдық стадион, асхана құрылыштары салынып, көпшіліктің игілігіне жаратылды. Ал шаруашылықтың бөлімшесі – Алка ауылында сегізжылдық мектептің дүкеннін, моншаның жанадан бой көтеруі жергілікті тұрғындарды шексіз қуанышқа бөлеп, Біржанға айттар алғыстары мол болды.

Біржан Балғожаұлы бұдан кейін де бірнеше лауазымды қызметтерде болды. 1992-95 жылдары Жамбыл ауданындағы Габит Мұсірепов атындағы кеңшарда директор, 1996-97 жылдары облыстық химия станциясы директорының орынбасары. 1997 жылдан «Клен» мемлекеттік материалдық корлар қәсіпорнының директоры болып қызмет аткарды. Кейінгі жыл-

дары Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық коршаған ортаны қорғау басқармасын басқарды. Мұнда да қызмет істеген уақыттың ішінде қыруар манызды істер тындырып, туған өлкеміздің табиғатын қорғауда, экологиялық ахуалды сауықтыруда өзінің айшықты қолтаңбасын қалдырды.

Қай қызметті болмасын абырайлы атқарған Біржан-ның еңбегі ескерусіз қалған жок. Бірнеше рет жергілікті кеңеске депутат, аудандық, облыстық партия комитеттеріне мүше болып сайланды. Медальдармен, Құрмет грамоталарымен, ескерткіш сыйлыктармен марапатталды.

ӘСКЕР БАЛГОЖАҰЛЫ КЕНЖЕФОЗИН



Әскер 1929 жылы 2 ма-
мыр күні Солтүстік Қазақстан
облысының Преснов ауда-
нындағы Есперлі ауылын-
да туған. Ауылдық мектепті
тамамдағаннан кейін, 1948
жылы Петропавл қаласындағы
ауыл шаруашылығы техни-
кумына окуға түсіп, агроном
мамандығын алғып шығады.
Алғашқы еңбек қадамын Бла-
говещенка селосындағы Май-
балық машина-трактор стан-
сасында участекелік агроном

былып бастайды. 1951-59 жылдары осы МТС-та қы-
зметі бас агрономдыққа жоғарылатылады. 1959 жыл-
дан 1962 жылға дейін «Благовещенка» кеңшарының
үшінші бөлімшесін басқарады. Іске тындырымды,
ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, еңбекке зейін-
ді қасиетімен көзге түсken ол 1962 жылы Целиноград
қаласындағы директорлар дайындастын біржылдық
курсқа окуға жіберіледі.

Окууды жақсы үлгеріммен аяқтап келген отыз төрт
жастағы жігіт қазіргі Шал ақын, бұрынғы Сергеев
ауданындағы іргесін жаңа көтерген «Теренсай» кең-
шарына директор болып тағайындалады. Кейін бұл
шаруашылық Ибраев есімімен аталды. Әскер жаңа кең-
шардың алғашқы директоры болып үш жыл абырайлы
қызмет аткарды. 1965-70 жылдары осы аудандағы үл-

кен астықты шаруашылық – «Семиполка» кеңшарына бас агрономдық қызметке жіберіледі. Кеңшардың бұрынғыдан да іргелі астықты шаруашылыққа айналуына өзінің тынымсыз еңбегімен қомақты үлесін қосады.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін ауыл шаруашылығында, шаруашылықтың әр саласында жұмыс істеп, басшылық қызметтөн қол үзбейді. 1970-74 жылдар аралығында Преснов ауданындағы XXII партсъезд атындағы кеңшардың Екатериновка селосында бірінші белімшени басқарады. Бұдан кейін, 1975-79 жылдары Матросовка селолық кеңесінің атқару комитетінің төрағасы, 1979-82 жылдары Преснов ауданындағы «Миролюбовский» кеңшарының екінші белімшесінде басқарма болып қызмет атқарады. 1983 жылдан бастап зейнеткерлікке шығады.

Ұзак жылғы еңбегі де ескерусіз қалған жок. Эр жылдары тынымсыз еңбегінің жемісін көріп құрметке бөленді. 1957 және 1961 жылдары ерен еңбегі еленіп, КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне катысады. Бірнеше рет жергілікті кеңестің, аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланады. «Үздік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игеруге қатысқаны үшін» медальдарымен, КСРО Халықтың бақылау комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Әскер бірлігі мен ынтымағы жарасым тауып, құт-береke дарыған үлгілі отбасының ұйытқысы болды. Жеті бала өсіріп, тәрбиелеп, төртеуіне жоғары білім әперді. Қызы Роза – дәрігер-терапевт, облыстық қан қую станциясында қызмет істейді. Ұлы Марат – ғалым-зоотехник, әке ісін жалғастырып ауыл шаруашылығында біраз жыл еңбек етіп, қазір Қарағанды облысы әкімінің кеңесшісі. Қызы Қымбат – педагог, Солтүстік Ка-

заксттан облыстық қазақ драма театрында білікті ма-
ман. Тағы бір қызы Зинаида – инженер-технолог, Еле-
насы «Стан» жауапкершілігі шектеулі серікtestігінің
бас есепшісі. Қызы Сәуле кітапханашы болып еңбек
етсе, Бота үй шаруашылығында.

Әскер денсаулығына байланысты Петропавл қала-
сына көшіп келіп, ұзаққа созылған науқастан кейін
2002 жылы қайтыс болды.



РОЗА БАЛГОЖАҚЫЗЫ ЕСЕНҒҰЛОВА



Отбасының жылұы мол панаы, бала-шағаның мейірімі мол анасы, қоғамдық ортандың ақыл-парасаты мол дاناы болып, ел көркіне айналған қыздарымыз аз емес. «Қыз өссе елдің көркі» сөзінің түп-төркіні осындай қыздарымызға деген сүйіспен шіліктен туса керек. Роза Балгожакызы Есенғұлова да сондай қасиеттерімен ел күрметіне бөлөнген

жанның бірі. Ол ардақты ана, абыройлы басшы, парасатты ақылшы, мейірімді қамқоршы, бір сөзбен айтқанда, жұрт үлгі тұтар өнегелі өмірдің иесі.

Роза Балгожакызы Жамбыл ауданындағы Благовещенка ауылында 1947 жылы дүниеге келген. Жамбыл орта мектебін өз құрбыларының алды болып, үздік бағамен тамамдаған ол Алматының халық шаруашылық институтына оқуға түсіп, экономист мамандығын алып шығады. Жас маман арнайы жолдамамен өзі туып-өскен өнірге – Петропавлға жіберіледі. «Севказгланснаб» облыстық аймақтық басқарма Розаны бірден жұмысқа қабылдайды. Оның еңбек кітапшасында 1969 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық материалдық-техникалық жабдықтау басқармасына жұмысқа

кабылданғаны жөнінде бір-ақ жол сөз жазылған. Ол осында табан аудармaston қырық жыл қызмет істеді. Еңбек қадамын алғашында катардағы экономистен бастаған ол абырой биігіне көтеріліп, осы басқарманың Bas директоры қызметіне тағайындалады. Мұндай сенім кезкелгенге жүктеле бермейді. Біздің облысымызда қазақ қыздарының арасынан суырышып шығып, облыстық деңгейдегі, тіпті, республикалық аса маңызды ірі құрылымның басшылық тұтқасын ұстаған жалғыз Роза ғана болатын. Республикадағы осы саладағы басқарма басшыларының ішінде де нәзік жандардан жалғыз Роза ғана екен. Бірақ оның қызметі кәнігі, тісқаққан ерек басшылардан кем болмады.

Осы үлкен ұжымда төрт жұз адамды басқара жүріп, шебер үйімдастыруышылық қабілетімен көзге түсті. Облыстағы халық шаруашылығының барлық саласын, оған қоса қорғаныс кәсіпорындарын және республикамыздығы алты облысты материалдық-техникалық жабдықтау осы басқарманың жауапкершілігінде болатын. Осындай жауапкершілікті сезінген ол үнемі ізденісте жүріп, озық технологияларды игеруге барынша ынта қойып, жаңа проблемаларды уакытында және тиімді шешуге күш салды. Республикада бірінші болып басқарудың автоматтандырылған жүйесін өндіріске енгізді. Қарамағындағы қызметкерлердің білімі мен біліктілігін үнемі шындалп отыруға талапшылдықпен карады. Осындай игі істердің нәтиже-сінде басқармадағы жұмыс өрге басты. Балғожақызы Розаның басшылығымен басқарма бірнеше рет республикалық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Ал өзінің ерен еңбегі үшін және облыс экономикасының өркендеуіне сүбелі үлес қосқаны үшін Одактық және республикалық Жоғарғы кеңестің және мемле-

кеттік жабдықтау комитетінің Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталды. Әйел басшы және іскер кәсіпкер ретінде республикалық әйелдер форумына арнайы шақыртылып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолынан есімі жазылған атын сағатты сыйға алды. Өзі қызмет атқарған үжымда да үлкен бедел мен құрметке ие болды.

Розаның бойына сінген тағы бір жақсы қасиеті – қамқоршылдығы, қайырымдылығы. Ол қолы ашық, көңілі жомарт жан. Қайырымдылықты кажет еткен жандардан ешқашан көмегін аяп көрген жок. Кешегі Одак ыдырап, ел-жүрт қыншылық көргенде талай жанға, талай үйымға қайырымдылық қол ұшын соза білді. Алғашқы балалар үйлерін құруға, бірінші қазак мектебінің құрылышына, жетім балалар интернатына, карттар үйлеріне үлкен қайырымдылық көмегін көрсетті.

Әке-шешеден өнегелі тәлім-тәрбие алған Розаның көрген-білгені көп, көңілге түйгені мол. Әкесі Балғожа Розаның оқып, білім алғанын қалайтын, үлкен үміт артатын, кейін қызмет істегендеге беделі мен абырайына сүйсініп отыратын. Роза әкесінің сол үмітін ақтады, өнегелі өмірін жалғастыруда. Үлкен отбасының бірлігі мен ынтымағын жаразтырып, ырысы мен дәүлетін арттырған әке-шешесіндегі Роза да іргелі отбасын құрып, сүйген жары – Сайынмен шаңырағын бақыт шапағатына бөлеуде. Сайын екеуі Жанна, Динара есімді қыздарын дүниеге әкеліп, бақытты ұяларына кондырды. Олардан Диас, Ильяс, Алина, Алдияр, Амалия есімді жиендерін сүйіп отыр.

МАРАТ БАЛГОЖАҰЛЫ КЕНЖЕГОЗИН



Ел аузында, замандастырының есінде, қызмет еткен ортада әрқашан еңбегі де, есімі де қалатын адамдар болады. Сондай ұмытылмас қадірлі адамдардың бірі осы Есіл өнірінде дүниеге келіп, барлық саналы өмірін, білімі мен күш-жігерін туған елінің гулденіп, жаксаруына сарп еткен азамат, ірі ғалым Марат Балгоjазұлы Кенжеғозин еді.

Ол 1939 жылдың 30 ма-
мырында қазіргі Жамбыл ауданының Благовещен-

ка селосында туған. Әкесі Балғожа, шешесі Жәмила елге сыйлы, көзі ашық, қадірменді адамдар болған. Марад бала кезінен-ак өзінің еңбексүйгіштігімен, та-
бандылығымен білімге құштарлығымен, мақсаткерлі-
гімен көзге түскен. Ол 1957 жылы Благовещенка орта мектебін алтын медальмен бітіріп, Мәскеу қаласындағы мемлекеттік экономика институтына окуға түсті. Кейін бұл оку орны халық шаруашылығы институ-
тымен бірігіп, Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институты атанды.

Марат Балғожаұлы студент шағынан ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттілік таныта білді, жан-жақты да терең білім алуға бар ынтасымен кірісті. Ин-
ститутта жаңадан экономикалық кибернетика кабинеті

ашылып, оған қабілетті де дарынды студенттердің бірі ретінде Марат Кенжеғозин бекітілді.

1962 жылы институтты үздік бітірген Марат ғалымдар кенесінің шешімімен аспирантураға қалдырылды. Аспирантураны үздік бітіріп, «Ауыл шаруашылығы өндірісін ұтымды етудін экономикалық-математикалық модельдері» (Солтүстік Қазакстанның материалдары бойынша) тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты корғады. Бұл халық шаруашылығын ұйымдастыру мен басқарудағы прогресті және келешегі мол экономикалық-математикалық әдістер негізінде орындалған. осы салаға тұнғыш рет түрен салған жұмыс болатын.

Марат Балғожаұлы Кенжеғозин ғылыми қызметін Қазак КСР-і Мемлекеттік жоспарлау комитеті жаңындағы экономика ғылыми-зерттеу институтында бастап, 1965-1968 жылдар аралығында осы институтта қызмет істеді. Мұнда оның басшылығымен және тікелей катысуымен экономикалық-математикалық әдістер мен электронды есептеу машинасын (ЭВМ) колдана стырып, бастапкы ғылыми жұмыстар жүзеге асырылды. Аталған жоспарлау комитетінің тапсырмасы бойынша М.Б.Кенжеғозиннің басшылығымен Солтүстік Қазакстанның ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен орналастыру параметрлерін ұтымды ету жөніндегі ғылыми-зерттеу бағдарламасы шешімін тапты. Бұл жұмысты жоспарлау комитетінің алқасы макулдан, оның әдістемелігін ауыл шаруашылығы салаларын дамытуды жоспарлау мен болжамдау ісінде кеңінен колдануды ұсынды. Сөйтіп, М.Б.Кенжеғозин экономикалық-математикалық әдістер мен ЭВМ-ді колдау арқылы республикадағы жана ғылыми бағыт – шаруашылық тетігін жетілдірудін негізін қалаушылардың бірі болды.

1968-1979 жылдары Марат Балгожаұлы Қазақ экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институтында экономикалық кибернетика бөлімінің менгерушісі болып істеді. Мұнда оның басшылығымен жаңа ғылыми бағыт одан әрі жалғасын тауып, экономикалық-математикалық әдістер мен ауыл шаруашылығы өндірісін болжамдау және ұтымды жоспарлаудың үлгілерін дайындау өндіріске енгізу, агрономикалық процестердің жүйелі үлгісін жасау жөніндегі кең ауқымды ғылыми зерттеулер жүзеге асырылды. Бұл мәселе бойынша М.Б. Кенжеғозин «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көлешегін ұтымды жоспарлау», «Ауыл шаруашылының ұзық мерзімге жоспарлау», «Агроэкономикалық процестердің жүйелі үлгісін жасау» және басқа да ірі си монографиялар жариялады. Бұл еңбектерде ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту параметрлерін ұтымды ету теориясы мен әдістемелігі қарастырылған, осы жүйеге катысты әртүрлі экономикалық-математикалық есептерді шешудің жұмыс әдістері ұсынылды.

1979-1985 жылдары Марат Балгожаұлы КСРО Орталық статистика басқармасының есептеу жұмыста рын меканикаландыру және автоматтандыру жөнінде гі Бүкілодактық мемлекеттік жобалау-технологиялық институтының Қазақ филиалының директоры қызыметін атқара жүріп, қолданыстағы шаруашылық тегін жетілдіруге бағытталған жүйелер мен жобаларды дайындау ісін кең көлемде жүзеге асырды. 1989 жыны Ленинградта «Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен орналастырудың негіздеу жүйесі» (қалыптастыру мен іске қосу әдістемелігі) тақырыбына сәтті қорнаган докторлық диссертация осындай күрделі жұмыстарының нәтижесі болатын.

1985-1994 жылдары М.Б.Кенжеғозин агроөнер-кәсіп кешенін басқарудың Жоғары мектебінің әуелі проректоры, кейін ректоры болды. Оның тікелей және белсенді қатысуымен Жоғары мектеп қалыптасып, құлашын кең жайды. Аз уақыт ішінде ол басқарған мектеп Орталық Азия аймағындағы жетекші оку-әдістемелік орталыққа айналды. Мұнда оның ұйымдастырушылық қабілетіне қоса, педагогикалық таланты ерекше жарқырап көрінеді. Шаруашылық тетігін жетілдіру жөніндегі оның дәрістері өзінің терең ғылыми дәлелділігімен тәнті етіп, тындаушыларының ерекші ынта-ықыласын тудырып отырды. 1994 жылдың күраашасы мен 1995 жылдың қаңтары аралығында Марат Кенжеғозин Қазақ мемлекеттік басқару академиясының ғылым жөніндегі проректоры ретінде ғылыми процесті ұйымдастыру мен жетілдіру жұмыстарына белсенді қатысты.

Марат Балғожаұлы 1995 жылдың қаңтарынан омірінің соңына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының экономика ғылыми-зерттеу институтының директоры болып істеді. Мұнда ол ғылыми зерттеулердің сапасын арттырып, тақырыптардың көкейкестілігін және институт құрылымын жетілдіре отырып, материалдық-техникалық базасын шығайтып, аз уақыт ішінде институт жұмысын елеулі түрде алға бастырды. Институттың Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі аппараттарымен, министрліктермен, ведомстволармен, аймактармен көлісімділігі мен ынтымактастыры артты. Институттың кешенді зерттеулерінің нәтижелері реформашарды терендету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкімстінің бағдарламасын дайындау кезінде пайдаланылды. Марат Балғожаұлының басшылығымен дай-

ындалып, іс жүзінде пайдаланылуға берілген ғылыми нұсқаулар саны жылдан-жылға артып отырды. Олардың біршамасына Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті аппараттарының, министрліктер мен ведомстволардың тарапынан он пікірлер айтылды.

М.Б. Кенжеғозин ғылыми кадрлардың өсуі жолында бірката жұмыстар атқарды, жас ғалымдар еңбекінің жыл сайын жарық көруін үйімдастырды, ғылым докторлары мен кандидаттарын даярлау жоспары жасалып, ерекше бакылауға алынды. Институт аспирантурасында жаңа мамандықтар ашылып, институттың баспа орталығынан басылып шығатын ғылыми еңбектер саны есе түсті.

Аса білімдар экономист-ғалым М.Б.Кенжеғозин өзінің көптеген ғылыми еңбектерімен елімізде жүзеге асырылып жатқан нарықтық реформалар теориясына, әдістемелігі мен практикасына зор үлес қосты. Оның басшылығымен және жетекшілігімен жарық көрген «Қазақстан экономикасын реформалау проблемалары және оларды шешу» атты монографиясы іргелі басшылымдардың бірі саналады. Мұнда еліміздегі нарықтық жаңауулар тәжірибесі қорытылып, тиімді экономикалық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру жөнінде ғылыми ұсыныстар берілген.

Марат Балғожаұлы халықты жұмыспен қамтулың, сәбек нарығының қалыптасып дамуының және менеджменттің жаңа үйімдастыру нысандары мен оларды басқару жүйелерінің теориялық, әдістемелік және практикалық проблемаларын дамытуға елеулі үлес қосты. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен Үкімет бекіткен «Халықты жұмыспен қамту саясатының тұжырымдамасы» дайындалды.

М.Б. Кенжеғозин 350 ғылыми енбектің авторы. Оның жетекшілігімен 17 докторлық, 45 кандидаттық диссертация корғалды. Ғалым шаруашылық тетігін жетілдіру мен экономиканы реформалау проблемалары бойынша көптеген халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумдарға катысып, баяндамалар жасады. Ол, әсіресе, тәуелсіз мемлекетімізде жана экономикалық реформалардың ғылыми сарапталуына, жана стратегиялық жобалар мен болжамдар жасауға, жана ғалымдық ізденгіштік, шығармашылық шабытпен кірісті. Жана экономикалық жүйе туралы өзінің ұсыныстары мен пікірлерін мерзімді баспасөзде жарияладап, әртүрлі ғылыми конференцияларда, билік салаларының жиналыстарында сөз алып, қоғаммен белсенді түрде бөлісіп отырды.

Марат Балғожаұлының қоғамдық-саяси қызметі де сан қырлы. Ол «Халық шаруашылығын ұтымды жоспарлау мен басқарудың» Бұқілодактық ғылыми кенесінің мүшесі (1969-1978), Қазақстан Компартиясы Калинин аудандық (Алматы қ.) партия комитеті ғылым мен оқу орындарының штаттан тыс бөлімінің менгерушісі (1976-1981), Қазақстан Компартиясы Алатай аудандық (Алматы қ.) партия комитеті жанындағы ғылым, жоғары және орта арнаулы оқу орындары мемекемелерінің аудандық кенесінің төрағасы (1981-1989), Қазақ КСР-і Жоғары және орта арнаулы оқу министрлігі жанындағы басшы кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жоғары оқу орындары ректорлары кенесінің төрағасы (1988-1996). Қазақ КСР-нің Мемлекеттік агрономеркәсіп комитетінің мүшесі (1988-1990). т.б.

Білікті ғалым М.Б.Кенжеғозин Францияның Савой университетінде (1989-1992). Англияның Лекхэн колledgeндегі (1992-1993) дәріс оқыды. Қазақстан делегациясы құрамында Малайзияның Куала-Лумпур қаласында (1996) халықаралық семинарга, Жапонияның Осака қаласында (1992) халықаралық бизнес мектебінің жұмысына катысты. 1996-1998 ж.ж. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі болып, мемлекеттік маңызы мол стратегиялық құжаттардың қабылдануына ықпал ете алды.

Марат Балғожаұлы тек Қазақстандаған емес, аlyс-жакын шетелдерде де есімі белгілі ғалым болды. Ол халықаралық Еуразия экономикалық академиясының (1998) және Халықаралық информатика академиясының (2000) мүшесі болып сайланған.

Ұзақ жылдардағы жемісті еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Парламенті – 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы ғылыминың дамуына сінірген еңбегі үшін» белгісімен марарапатталды. Жыл ішіндегі ең зияткер адамдардың бірі ретінде Кембридж университетінің сертификатына ие болды.

Марат Балғожаұлы байсалды да байыпты, қарапайым да кішіпейіл адам еді. Оның мінез-құлқының өзінен-ақ ойынын өрелігін, биіктігін көруге болатын. Ол шын мәнінде өзінің даралығын туа біткен кішіпейілділік пен қарапайымдылықтың тасасында ұстап, қофам алдында жүктелген міндетін мінсіз атқарып жүре беретін ғалымдардың ішіндегі бірегейі еді.

Осындаға ірі ғалым жерлесіміз, эттег 70-ке де толмай дүние салды. Ол тек биылғы 30-шы мамырдаған 70 жасқа келетін еді. Тау алыстаған сайын асқақтай

түсетіні сияқты біртуар ұстаз, ғалым Марат Балғожаұлы Кенжеғозиннің тұлғасы да уақыт өткен сайын биіктей тұсуде.

Марат Балғожаұлы ғылыммен қатар әке ізін жалғастырып ауыз әдебиетінде шежірелі сөздер жинап, зерттеу еңбектер жазған танымал қаламгер. Кітапта оның Сегіз сері Баһрамұлы туралы жазған еңбекін енгізіп отырмыз.

*Қайролла МҰҚАНОВ,
«Асыл мұра»
орталығының қызметкери.*

АСЫЛ АҒА

Академик Марат Кенжегозиннің руҳына

Болады білгендіктен көніл ала.
Жүректін лұпілі жай соғыла ма?
Жүретін ортамызда жайсан едін.
Қалды ғой орның босап, о, ғұлама!

«Ғалым!» деп ардактаған елін ерен.
Әйгілі ата-баба тегіменен.
Қазактың қарапайым бір баласы
Болдың ғой конған ғылым көгіне өрен.

Тұған жер есімінді тұлға қылды.
Ардактап жерімізде тұғанынды.
Кенес тұғіл, танғалтқан күллі әлемді
Танушы ек Сізді көріп шын ғалымды.

Ғылымның шалдықпаған каза кенін,
Академик, ғұлама, ғажап едін.
Атағың алты әлемге әйгіленген
Өзіне карыздар ғой казак елін.

Япыр-ау, аскактаған білім қайда.
Тіккендей едін нағыз туынды Айға.
Төрт жүзден аса еңбек жазып кеткен.
Кім озар өзінізден бұл ынғайда?

Ғылымда бағындырып шындарынды.
Білгенсіз атақ-данқ, жүлде алуды.
Еуразия құрлығы тәнті болып.
Таныған өзінізден шын дарынды.

Жатыр ғой күнің батып. өтіп ақ таң.
Еліміз жүрер сізді етіп мактан.
Жетпістің мерейіне жетер едің
Тысқары болғанында топырактан.

Біз сізді ғылымдағы ата делік,
Жүрген соң тек жақсылық атақ еріп.
Қазақтың топырағынан асып түскен.
Әлемге аты мәшһүр академик.

Өлеңмен сездіреміз көңіл мәнін.
Парызды ел алдында орындағын.
Не керек айтып. айтпай осы жайлы –
Сіздей-ақ бола берсін небір ғалым!

Атақты ғұлама едің ойшыл адам.
Болушы ед атақ, құрмет. той – сыбаған.
Еңбегің ризық болып елге қалды
Тек қана орның жатыр ойсыраған...

*Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
Қазақстан Жазушылар
одагының мүшесі, ақын.*

РУХЫҢЫЗ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР, АҒА!

Тағдыр дегенге не шара, жаны – жайсан. үлкен жүректі абзал азамат, аса білімді ірі экономист-ғалым Марат Балғожаұлы Кенжеғозинді қанағатсыз ажал осыдан бір жыл бұрын мынау жарық дүниеден, арамыздан жұлып алып кетті.

Бұл базар дүниеден бәріміз де өтеміз ғой. бірақ сонда да болса, жер бетінде тірі жүргендер үшін, өлді деуге кимайтын ерекше бір жандар болады емес пе? Марат аға тап сондай рухы жоғары жайсандардың са-натынан еді.

Көл-көсір ағалық қамқорлығының аясында болғаныма 30 жылдан аса уақыт болыпты-ау! Біздер 1987 жылдан таныспыз. Сол жылдан бастап мен тұған інісіндей, ал менін жұбайым Жібек тұған келініндей болып кеттік.

Барын алдына жайып салатын, үлкеннін алдында кіші, кішінің алдында кішіпейіл азамат болса Марат аға дер едім, ал зайыбы Рада тәте екеуін Құдай қосқан. Екі жайсан жандар сөзімен де, әзілдерімен де жарасып тұратын. Үйлерінде достары көп болатын. Балажан, әсіресе, немерелері дегенде ішкен асын жерге коятын еді. Осының барлығы отбасының жарасымды өмірінен болар. Құдай оны көп көрді ме білмеймін?

Енді, міне алдында арқа сүйер ағанын, аға болғанда да, Марат ағадай жан дүниесі жас сәбидей таза, көнілі – дархан азаматтың болмауы орны толmas өкініш, мұн... эттен, эттен... Марат ағанын зайыбы Рада тәте ғалым-ана. Рада тәтеміздің аясында екі келін баласы, үш немересі калды.

М.Б. Кенжеғозин – экономикалық-математикалық әдістер мен ЭЕМ-ді қолдану арқылы республикадағы жаңа ғылыми бағыт – шаруашылық тетігін жетілдірудің негізін қалаушылардың бірі.

М.Б. Кенжеғозин кадрларды даярлауға да белсенді атсалысты: экономикалық-математикалық әдістер бойынша дәрістер оқыды, оның басшылығымен аспиранттар мен ізденушілер жұмыс істеді. Ол ғылыми идеяларға бай болып қана қоймай, сол өзін толғандыратын ойларды ешбір іштарлықсыз өзгелермен бөлісе білетін. Тәрбиеленген жүректерінін «түгі бар» шәкірттерінің көптігі де содан болар. Өйткені Марат ағамен ғылыми ой бөлісу өте қыын. Ойдың өте жоғары деңгейде болуын қалайтын. Кім білсін, ағаны үлкен ғалым еткен де сол әрбір шәкірттің ғылымға деген құштарлығының, ойының жоғары деңгейде болуын қалауы шығар.

Марат аға 20-дан аса ғылым докторлары мен 40-тан аса ғылым кандидаттарын тәрбиеледі. 200-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Соның 30-дан астамы монографиялар, оқулықтар, оқу күралдары, энциклопедиялар. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми академиясының экономика институтын 1995 жылдан өмірінің соңына дейін басқарып келген Марат Балғожаұлы Кенжеғозин ағаның еңбектері ТМД елдерінде ғана емес, сонау Үндістан, Франция, Англия, Жапония, Румыния және Малайзия елдерінде де жарық көрді.

Макроэкономика мен шаруашылықты жетілдіру тетігі проблемалары бойынша өзі құрған ғылыми мектеп – Марат ағаның жемісті ғылыми қызыметінің нәтижесі.

Жаныңыз жәннэттә болсын, Марат аға!

*Шәкіртіңіз
Бақытқан ДӘУЛЕТБАКОВ*

*Әнші-ақын Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың
(1818-1854 ж.ж.) туганына 180 жыл толу
қарсаңында Халық қазынасынан әдеби мұра*

СЕГІЗ СЕРІ БАҲРАМҰЛЫ
ҚЫЗ СИПАТЫ
(Тарихи дастан)

Казак халқының XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген суырып салма әнші-ақын, күйші, композиторларының бірі – Сегіз сері Баһрамұлы екендігі жүртшылыққа мәлім.

Сегіз сері (шын аты – Мұхаммедханафия) 1818 жылы – барыс жылы наурыз айының басында осы күнгі Солтүстік Қазакстан облысының Жамбыл ауданындағы Жекекөл (Благовещенка) кеншарына қарасты Гүлтөбе (XVIII ғасырдың аяқ шенінен бастап, Маманай есімді (1762-1849 ж.ж.) атакты бидін атымен аталып кеткен) деген орманды, көлді әсем конысты мекен еткен Кожаберген жырау ауылында Баһрам батырдың шанырағында дүниеге келіп, жоғарыда аталған облыстың Тимирязев ауданындағы (бұрынғы ата Керей жайлауы) Докучаев атындағы кеншардың Дос бөлімшесі дөніне орналаскан Дос көлінің жағасында 1854 жылы – барыс жылы тамыз айының аяғында ел жайлаудан күздікке көшер алдында ауырып кайтыс болыпты. Сегіз серінің сүйегі оның өз өсінеті бойынша сол Дос көлінің дөніне жерленген екен. Сол кезден бастап, ел жайлауда қайтыс болған адамдарының сүйектерін Сегіз сері бейітінің маңына жерлейтін болыпты. Содан

ол Сегіз сері зираты деген ұлken қорымға айналыпты. Дос көлі, Аяқ көл, Шүрегей көлі, Теренқөл. Тұщықөл жағалаулары Сегіз сері мен оның туысқандарының жайлауы екен (Керей жайлауының бір бөлігі). Кейін XIX ғасырдың аяғында да Сегіз серінің ұлken баласы Мұстафа батыр (1840-1899 ж.ж.) ағайыншылық жасап. Дос көлі мен Жаманшұбар деген шоқ ағашты Ашамайлы керейдің Сибанына жататын Шимойын керей руының Қосай атасына берген екен. Себебі, Қосайдың Андарбай. Отарбай деген екі ұлынан тараған ұрпақ сол кезде үш ауыл болса керек. Солардың жерін отаршылдар алғып, әлгі ауылдар коныссыз қалыпты.

Дос көлі бертінгі. Яғни 1807 жылы туып. 1862 жылы қайтыс болған соңғы Достың есімімен аталған екен. Керісінше, ол көл одан әлдейкайда көп жыл бұрын өмір сүрген. ертеде дүниеден өткен орта жұз Ашамайлы керейдің Көшебе елінен шыққан. заманында ел қорғаган, әскер басқарған ұлken басшы – батырлардың бірі. XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дос сардың Майлы биұлының (Тойлыбай сыншы –Дәүлен Баһадұрұлының (1603-1680 жылдары) ортанышы не-мерелерінің бірі) есімімен аталған екен. Одан кейінде сол Дос батырдың атын ырым қып ата-аналары қойған Еменәлі керейдің Алдай әuletінен шыққан әйгілі Дос мерген Қарабиұлы мен Қантай әuletінен шыққан Дос жауырыншы (құмалакшы да кісі болыпты) болған екен. бұл соңғы екеуі XVIII ғасырда өмір сүрген адамдар. Сондықан бұл Дос есімді атақты төрт кісіні бір-бірімен шатастырмаған жөн. Достың экесі Майлы биден басқа екінші Майлы би Қалжанұлы Абылай хан тұсында болған.

Сегіз сері жарты жасынан бастап, атасы Шакшак бидін бауырында өсіп-тәрбиеленгендіктен, халық оны Шакшакұлы деп атап кеткен.

Сегіз серінің өмірі мен коғамдық қызметі жайында аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда көптеген ғылыми макалалар 1977 жылдың шілде айының басынан бастап, осы кезге дейін оның біртарай шығармаларымен коса жарияланып келгендейтін. оның үстіне, 1991 жылы «Өнер» баспасынан белгілі әдебиетші-ғалым әрі ескі жазудың шебері Төлеш Әушахыманұлы Сүлейменовтін, «Жалын» баспасынан белгілі драматург-жазушы Нәбиден Әбуталиевтін бірбірімен аттас «Сегіз сері» деген әдеби және тарихи зерттеу енбектері жарық көргендіктен. Шакшакұлы әнші-акынның өміrbаянына токталуды кажет деп таппадык.

Алайда, Сегіз сері деген есімді оның үлкен ұлдарынан жасы кіші, кейінгі ұлдарымен жасы катар Кете Ешнияз, Алаша Садық, Кете(1) Аманжол. Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Кете Есенжол. Кете Шегебай, Кете Есімтай атты бір топ болып, бірге жүрген Сегіз акынмен, сондай-ақ Шакшакұлының алғашқы немерелерінен жасы кіші, кейінгі немерелерімен жасы шамалас Дулат руының Келімбет атасынан шыккан Әшім акын бастаған Сегіз жыршы жігітпен шатастырудан аулақ болайық. Әшім бастаған Сегіз жыршының Сегіз сал атанғаны рас, бірак олардың да, жоғарыдағы Сегіз акын атанған сегіз бірдей жыраудың да Сегіз сері Баһрамұлына еш катысы жок. Сегіз серінің бір ғана адам екеніне оның өмірі мен шығармаларын зерттеген жыраулардың бірі – Шәңгерей Сейіткереіұлы Бекеевтің (1847-1920 ж.ж.) «Сардар Сегіз» дастанындағы төмендегі шумак та дәлел бола алады:

Ақын да Жанақ төртеу, Жанкісі екеу,
Атақты Ер Бөгенбай өткен төртеу.
Әр кезде үш Бөгенбай батыр өтсе.
Қазакта ел қамқоры Сегіз біреу.

Сонымен қатар. Сегіз сері деген есімнің лақап ат екендігі жайында да сол өзінің «Сардар Сегіз» дастанында жоғарыда есімі аталған Шәңгерей ақын:

Батырдың Сегіз сері – жанама аты.
Орта жұз Керей елі – арғы заты.
Мұхаммедханафия – шын есімі.
Үш жұзге салдық құрып шыққан данқы,

– дейді.

Сондай-ақ Сегіз сері батырдың өзі де «Қашқын келбеті» атты аса көлемді тарихи дастанында өзі туралы былай дейді:

Мұхаммедханафия болса да атым,
Сегіз деп атап кеткен мені халқым.
Өнердің бойға біткен арқасында.
Көп елдер құрметтеді алыс-жақын.

Жоғарыдағы Сегіз бірдей ақынның есімі белгісіз бір қызбен айтысы 1964 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясындағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты дайындалған. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Айтыс» жинағының 392-400 беттерінен орын алған. Сонымен қатар, Әшім ақын бастаған Сегіз бірдей сал жігіттің Ұлбай қызбен айтысы да сол М.О.Әуезов атындағы әдебиет

және өнер институты әзірлеп. 1965 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Айтыс» жинағының екінші томынын 349-362 беттерінен орын алған еді.

Бұл ғылыми макалада Ер Сегіздің оз өмірінің жастық кезеңдегі бір көрінісін суреттейтін онын төл шығармаларының бірі – «Қыз сипаты» атты тарихи әрі ғашықтық дастаның оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік. Себебі, «Қыз сипаты» әлі күнге дейін еш жерде жарық көрген жоқ.

Сегіз серінің өмірі мен коғамдық қызметі туралы деректерді. онын шығармаларын көп жыл бойы жинап-зерттегендердің

(1 Кете – Кіші жүзге жататын Әлімұлының алты тайпасының бірі)

бастыларының бірі, ерекше енбек еткен филология ғылымдарының кандидаты әрі ескі жазудың шебері Төлеш Әушахымұлы Сүлейменов екендігі баршаға белгілі. Т.Ә.Сүлейменов ғалым 1988 жылы «Қазақстан әйелдері», «Еңбек таны» журналдарында (бірінші сандарында) жарық көрген өзінің «Ғайни қыз хакында» атты ғылыми макаласында Сегіз сері композитор шығарған кос нұсқалы «Ғайни» әнінің шығу тарихын, екеуінің де текстін толық қамтып, дәлелді түрде дұрыс жазған еді.

Әдебиетші-ғалым Төлеш Сүлейменов жоғарыда аталмыш ғылыми макаласында да, «Сегіз сері» атты монографиялық енбегінде («Сегіз сері». Алматы: «Өнер» баспасы – 1991 жыл) де Шакшакұлы әнші-акын шығарған «Қыз сипаты» хиссасын атап өтті. әрі одан үзінділер келтірді. Себебі, «Қыз сипаты» дастанын Сегіз сері Ғайни қызға арнаған екен. Сонымен катар, аталмыш жырдын бас жағында Шакшакұлы акын өзінің жас шағынан мәлімет берген. «Қыз сипаты»

жыры – Сегіз сері шығармаларының көлемділерінің және маныздыларының бірі болып саналады. Алайда оқырман қауым «Қыз сипаты» дастанымен таныс емес. Сондыктан Сегіз сері шығарған бір вариантты «Қыз сипаты» атты тарихи әрі ғашықтық жырды оқырмандарға таныстыруды өзімізге міндеп деп санадык. Дастанның тексті төмендегінше:

– Ей, Сегіз, жыр шығарсан, шерін таркар.
Жоситын кезен келді бейне аркар.
Ұл болып, ата-анадан туғаннан сон,
Ерлерге елі-жұрты үміт артар.

Манайы Омбы кала қалың шұбар*.
Үкілеп тенбіл көкке тактым тұмар.
Ұстауга мені жарлық шыкканнан сон,
Шамам жок бұл шаһарда енді тұрап.

Алла, аруак қуат бергей тіл-жагыма.
Әрқашан мәдет бергей ер бағыма.
Беліме қара ала қынапты қанжар іліп,
Сыйындым Дәүлен** бабам аруағына

*Шұбар – арасынан ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс-агашы өте жиі өскен орман мағынасынан білдіретін сөз!

**Дәүлен - әйгілі қолбасшы-бары Толыбай сыншының экесі. Ол қанішер жаулап алушы Ермак Тимофеевичтің канды кол әскерінен Сібір мұсылмандарын корғау үшін Қазақ хандығының қалың көлін бастап, азаттық соғыска катысып, Сібір татар ханы Көшімнің жасақтарына көмектескен ордабасы-баһадүр. Дәүлен тархан – Сегіз серінің жетінші атасы. Дәүлениң экесінің аты – Таузар!)

Құрбыдан осы күнде жөнім бөлек,
Көрмекпін қатты құғын елден ерек.
Сапарға шығатұғын болғаннан соң,
Найзаның өткірледім ұшын егеп.

Найза мен темір шоқпар алдым саптап,
Садақты оңайға алдым. жүрген сақтап.
Сапарым аса ұзақ болады деп,
Жаратып теңбіл көкті қойғам баптап.

Білгендей тіктіріп ем шекпен мауыт,
Бар еді ұске кисем женіл сауыт.
Нияз дос кіреукемді әкеп берсе.
Дариға-ай, болмас еді үлкен қауіп.

Жас едім мақсұтыма жетем деген,
Ой жоқ еді кашқын болып өтем деген.
Ойымда үш ұйықтасам барма еді менің,
Қоштаспай Мұқарамамен кетем деген.

Өнерім кетпесе де асып-тасып.
Жасынан ұсталықты еттім машық.
Қару-жарақ соғуды менгерген соң.
Ол жайын қайғырмадым титтей жасып.

Ешкандай колдаушы жоқ мен жағында.
Шығармын тірі болсам бір жағына.
Осы үйді солдат қоршап ала ма деп.
Әйнектен қарай бердім жан-жағыма.

Жаратқан тұлпарымның бауры тартық,
Өзім жас болмасамдағы жалыным артық.
«Қашқын боп ақын Сегіз кетесің», - деп,

Достарым қайғыруда басы катып.
Шақшактын ерке өсірген боздағы едім,
Қашқындық жас басыма киын сокты.
Қайыңын қуыменен ұшын майлап.
Толтырдым корамсакқа көп кол акты.

Ұлықтың егескен сон зарыменен.
Солдаттың соғыспак бол тобыменен.
Қоштастым аттанарда, өлең арнап.
Алты жыл білім алған Омбыменен.

Еш бөгет болмасын деп шығар жолда.
Туралап мылтық аттым он мен солға.
Ұлыққа қызмет етпей кете бардым,
Болса да бар мүмкіндік біздің көлда.

Жол тосып, жолаушыны тонап жүрген,
Кәпірді талға байлап. сакалын күзеп.
«Қазанбектін* тоғайы қайдасын?» - деп.
Жөнелдім Көк Есілге бетті түзеп.

*Қазанбек тоғайы – казіргі Солтүстік Қазакстан облысының Соколов ауданы мен Тұмен облысының Қазан ауданының шектесетін тұсынан өтетін көлденен Есіл өзені бойындағы тоғай. Бұл тоғай Қазан ауданы жерінен өтетін Есілдің бойын толық камтиды. Соколов ауданын казактар бұрын Мырза ағаш деп Қазан ауданын Қазан ағаш деп атаған екен. Бұл өнірлер ертеде Балта керейдін ағайынды Қазанбек. Мырзабек деген батырларының коныстары екен. XIX ғасырдың басында Ресей патша өкіметі отаршылары жогарыда аталмыш жерлерді тартып алтып. Қазанбек. Мырзабек сардарлардың ұрпактарын бостирып жіберген екен. Соғ Мырзабектен тараған ұрпактар Мырза руы атанған екен. Мырза елі казіргі Солтүстік Қазакстан облысының Бескөл ауданындағы Бостандық ауылында, сол облыстың Мәуліт ауданындағы Бексейіт ауылында тұрады. Оның Қолшыман деген батырының ұрпактары Орынбор облысының Ақбұлак ауданында Еренше Уак Бармак батырдың ұрпактарымен бірге тұрады.

Ұстамақ болды мені қалың жendet.
Олар сұм елді талап. жүрген дәндеп.
Бекініп ну тоғайда мылтық оқтап,
Атыстым солдаттармен келсең-кел деп.

Омбыдан келсе-дағы әдейі іздең.
Ала алмай үш күн бойы мені дәндеп.
Өзіме Алла, аруақ қолдаушы бол,
Оққа үшты атысам деп талай жendet.

Құтылмай қалғандары найзаға ұшып,
Жығылды топырақ қауып, жерді құшып.
Жақпады қанқұмарлық өздеріне.
Ұстауға келгенімен қолы қышып.

Қолданып мылтықты да. садақты да.
Тойтардым жау бастаған шатақты да.
Алла. аруақ, әулиелер жәрдемдесті,
Болмаса батыр емен атақты да.

Нияз дос Қызылжарда алды тосып.
Дұшпанмен соғыспакпыз тізе қосып.
Бес қару, ақ сауыттым қолға тиіп,
Кәпірден қаймықпадым жүрек шошып.

Құрдасым, сұық хабар естіген соң,
Ауылдан жеткізген мол қаруларды.
Атанға азық-киім теңдеп алып.
Әкелген қанқурен мен бозшұбарды.

Қалдырдым аға үйіне теңбілкөкті.
Аттандық дүрліктірмей дүйім көпті.

Қоштасып бозшұбарға мінген кезде.
Көзінен аға-женгем жасын төкті.

Дүние – көздің құрты, гүл – қызғалдақ.
Біз шыктық кан майданға жанды жалдап.
Дүние-алтайы арлан қызыл тұлқі.
Кететін адастырып акшыны алдап.

Көз жетті бұл дүниенің жалғанына.
Жетпеген ешбір пенде арманына.
Теріскей Сарыарканы кәпір алып,
Қазактың болмады орын бағыланына.

Ой-терен, талап – таудай, арман – биік,
Көз жасты көрсө-дағы тәнірім иіп.
Өтеді кас какқанша есіл өмірін.
Дүние – жеткізбейтін қашқан киік.

Осыны біздер ұқтық туғаннан сон.
Үйрендік жастан өнер куғаннан сон.
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт кидік.
Ерлікке белді бекем буғаннан сон.

Есіркеп желеп-жебеп аруақ, құдай,
Құтылдым жау торынан бірнеше ұдай.
Патшаның ғаскерімен соғысқанда.
Есілде пана болды-ау калың тоғай.

Сұрасан арғы бабам – сыншы Толыбай.
Қазагы біздің Арка жылкыға бай.
Сонда да бозшұбар мен қан қүреннен.
Басқа ат, нар бұйырмады-ау, дариға-ай.

Замана құбылып тұр жел-құйындей.
Дүние көзге ілінбес бір тындей.
Бойына өнер-білім дарыған сон.
Жүрелі жастық істен ер тыйылмай.

Омбы мен Бағыланның* арасында.
Көлденең көк Есілдің жағасында.
Аянбай дұшпандармен көп соғыстым.
Шулатып бекініспен қаласында.

Өтер деп басымыздан жастық бір күн,
Болмас деп бізге жолдас дүние шіркін.
Ата жау коршауында қалмас үшін.
Атыстық кәпірлермен дүркін-дүркін.

Жұртымның айтқан зарын тындаласа.
Адамға мұсылманды санамаса.
Кінәздің менменсінген қажеті жок,
Біз үшін графтардың бәрі аласа.

Мұсылман жаным ашып баласына,
Ғарыптың ем болсын деп жарасына.
Солдаттың бірнешеуін найзаладык,
Шыңғыртып кіші бесін шамасында.

*Бағылан-Тобыл өзенінің жағасындағы қалашық, оны орыстар Звериноголовка деп атайды. Оның маңында ертеде маусымдық базар-жәрменке болған екен. Оған Батыс Сібірдегі және қазақ сахарасындағы, Орта Азиядағы шаһарлардан. Батыс Сібір мұсылмандарының (казақ, башқұрт, татар) ауылдарынан көптеген ауқатты адамдар келіп, сауда жасапты. Осы күнгі Орта жүз Керейлерінің (Меркіт керейден басқасының) аргы-бабаларының бірі – Бағылан бидің қыстауына орнағандықтан, қалашық Бағылан деп аталған екен. Сол арада Бағылан бидің бейіті де болыпты. Кейін жер боп кетіпти.

Астымда кос тұлпарым арымады.
Жендеттер бізді қуып жарымады.
Как жарып жаудын тобын оте шыктық,
Түскен доп зенбіректен дарымады.

Бізді аяп жаманатты болмаңыздар.
Ұлықтын сөзін жөндеп колданыздар.
Жылкысын елдің Сегіз әкетті деп.
Шағымды жандаралға жолданыздар.

Келеді болысқымыз сіздерге деп.
Сегіздер мылтық атты біздерге деп.
Қашқындар Тобыл асып жогалыпты.
Түскенмен табылмады іздерге көп. -

Деп айт!?. - деп. Есенейге сәлем жолдап.
Октаулы мылтықтарды қолымызға ап,
Тағы да атысуға дайындалдык.
Түскен соң сонымызға үш топ солдат.

Осындей қысылтаяң жағдай болып.
Атама жұрт көсемі коштаса алмай.
Дұшпанмен каша ұрыс сап жүре бердік.
Кәпірмен енді қайтып достаса алмай.

Ауылдан он шакырым өттік таяу.
Жүрісі атымыздын болмай баяу.
Көрінбей ағайынға түнде өттік.
Көніліне, түспесін деп елдің каяу.

Бақұлдық жан атама айта алмадык.
Ат басын бұрып елге қайта алмадык.

Оқиелен қалың солдат қалмаған соң.
Баруға ауылымызға бата алмадық.

Бейне бір арыстандай айға шауып,
Тартпан деп өмір өксіп өткелекті.
Оғынан зеңбіректің алыс кеттік.
Болсак та бек қайратты, өжет, епті.

Қор етпек болды ұлықтар біздей ерді,
Байлантып жас жүрекке қайғы-шерді.
Елге зиян келтірмей кетпек болдық.
Паналап көрейік деп жырақ жерді.

Қоштастым көк құракты шалқар көлмен.
Жап-жасыл ну орманды жаннат жермен.
Лаухылда жазу солай болғаннан соң.
Қол үздік амалсыздан туған елден.

Айналып аяқ асты іс қынға-ай.
Аттандық еріксізден шет қыырға-ай.
Нияз бенен екеусіз елден кеттік.
Туған жер қала берді-ау. дәм бұйырмай.

Осындай сергелденге біздер түсіп,
Атқардық әрбір істі ойлап-пішіп.
Жазмыштың кермесіне киліккен соң.
Жат жердің дәмін таттық. сұын ішіп.

Дүние – бір жалмауыз кемпір деген.
Ешкімді мақсұтына жеткізбеген.
Дүние жуса кетер қолдың кірі.
Пенде жок мұңсыз өмір өткізбеген.

Алдырмай солдаттарға ілгери өттік.
Коршауын ата жаудын бұзып өттік.
Жол-жөнекей орманда туней жүріп.
Тобылдын өзеніне келіп жеттік.

Тобылдан өте шыктық атпен жалдап.
Өзеннен өткеннен сон кару камдалап.
Шалдырып төрт тұлпар мен сары атанды,
Отырдық айналаны карап андалап.

Дем алып, ол арадан әрман кеттік.
Жерлерін Арғын-Қыпшак басып өттік.
Жолшыбай қыстауларға кона жүріп.
Бестау мен Қамыстыдан* асып өттік.

Қадырлы Сарыарқадан таппай тұрак.
Коштасып туған жерден кеттік жырак.
Жағалбайлы, жаппаска аялдамай.
Ыңғызға бет түзедік жылдамырак.

Арт жактан жау қуарын еске алдык.
Дудак атып алып тамактандык.
Алтын менен Төлеуге көп бөгелмей.
Шөмекей, Табын жаққа кете бардык.

Жеріне Таракты Табын өтіп алдык,
Білінді жол сокты боп шаршағандык.
Ұйқыны конған үйде кандырған сон,
Коржыннан жыр айтуда кобыз алдык.

*Бестау. Қамыстың казіргі Қостанай облысына қарасты жер атаулары.

Табында күй де тарттық. ән де салдық.
Ол жұрттың жастарына ұнап қалдық.
Асауда тоқтап*. атты тынықтырып,
Арада кона жүріп Шекті бардық.

Аралас Шекті. Табын қонған екен.
Олар да патшаға өшті болған екен.
Көтібар** заманында ту көтеріп,
Халқына хал-хадари қорған екен.

Мейман боп Шекті. Табын арасында.
Көтібар. Арыстандай данасында.
Жырлап ем «Айман-Шолпан». «Қыз- Жібекті».
Қазақтың даңқым кетті даласына.

Көрдім ғой жаста болсам елдің жоғын.
Жүрекке тағдыр салды қайғы шоғын.
Өнердің бойға қонған арқасында,
Қасыма ертіп жүрдім ерлср тобын.

Таныдым замананың оң мен солын.
Уағыздап дін Исламның әр кез жолын.
Атағым сері деген мәшіүр болып,
Жеткендей пайдалы іске болды қолым.

*Асай – XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген көтерілісші батыр. оның әкесінің аты – Барак Сырым батыр бастаған қазак шаруаларының халық-азаттық көтерлісінің екі кезеңіне (1773-1775 жылдары және 1783-1797 жылдары болған) де катысқан батыр.

**Көтібар – «Айман-Шолпан» дастанының бас кейіпкерлерінің бірі. ол көтерілісші батыр. әкесінің аты – Берсен.

Бөгеліп жолдағы елде бір жарым ай.
Бойына Еділ-Жайық келіп ек жай.
Болармыз дұшпан құрған тордан қағас,
Қолдаса әулиелер, аруақ құдай.

Құм шағыл, дөңесі мол белге келдік.
Адырлы және тастақ жерге келдік.
Бойында Еділ-Жайық қалың Алшын,
Дейтұғын Байұлыдай елге келдік.

Жайықтың өзеніне салмен өттік.
Жағаға аман шығып, шүкір өттік.
Жайлыш-жайсыз қоныстың бәрін көріп.
Арылып құмшағылдан Еділ жеттік.

Әр елдің жақсысына жолықпақ боп.
Кенес қып серілермен талап өттік.
Байұлы елдерінде сауық құрып,
Еділдің шығыс жағын кезіп кеттік.

Еділдің суы – терен, жары – биік,
Жайылған алабында елік-киік.
Тоғайлы, көк шалғынды әсем өнір.
Қазакқа қоныс болған тәнірім иіп.

Еділдің екі беті орман, тоғай.
Сырымның кетуі одан болмапты оңай.
Жайлау, қыстау, күздігін кәпір алып.
Көшіпті батысынан қалың Ноғай.

Еділдің Тептер деген саласы екен,
Бұл жерге көрші елдер де талас екен.

Еділдін шығыс жағын мекен еткен.
Кіші жұз Байұлының баласы екен!

Кезінде кыстау қылған Қазак, Ноғай.
Еділдін екі жағы жыныс тоғай.
Қазак, орыс байлары зорлық қылып.
Мұсылман көшкен содан шулап койдай.

Ішінде Байұлының Ысық елі.
Сауықшыл болады екен жігіттері.
Көсемін Ысық, Тана* іздеп едік,
Қалдыбай** батыр екен кеменгери.

Жөнелмей батыр не қылсын,
Ерсарымен Қалдыбай.
Екі орыстан тең өлді, - деуі содан.
Ән салып, өлең айтып, келе жатып,
Алыстан шағаладай ауыл көрдік.
Сыбызғы ап ат үстінде күйлер тартып,
Ұзамай сол араға жақын келдік.

*Тана – Кіші жұз он екі ата Байұлыға жататын елдердін бірі. Бірак оны Кіші жұз жеті рұға жататын Тама елімен шатастырудан аулақ болайык.

**Қалдыбай – Ресей патшасы өкіметі отаршылдарына карсы бағытталған Сырым батыр Датұлы бастаған казак шаруалары көтерілісінің екінші кезеңінің соңғы он жылына қатысып, батыр атағын алған кісі. Оның экесі Қосаяқ батыр Сырымның ең сенімді серігі болыпты. Қалдыбай 1827-1829 жылдары, 1831-1833 жылдары, 1836-1837 жылдары болған казак шаруалары көтерілісін ұйымдастырушыларының және сардарларының бірі. Ол 1837 жылы – тауық жылы қараша айында Ресей патша өкіметі отаршылдарының қанды жол әскерлерімен болған азаттық соғысында Ерсарымен бірге каза тапқан. Ерсары да көтеріліс сардары болған кісі. Көтеріліс жаршысы. Отанышыл ақын Махамбет Өтемісұлының «Соғыс» деген өлеңінде:

Күздікке ауылдар кеп қонған екен.
Тарылып қоныстары болған екен.
Әр елден найзамды әпер ерлер шығып,
Жағдайын елдің байқап шолған екен.

Сен тұр, мен атайын деген сырбаз*,
Әр жерде топталысып құрған кеңес.
Қыстау мен салық жайы себеп болып,
Бұл күнде басталып тұр содан егес.

Еділдің шығысында тұрған елге,
Төңген соң қауіп казак орысынан.
Тептер мен Жиек құмның аралығында
Тұрғын жұрт айырылмақшы қонысынан.

Өтпейді айтқан зарың ұлық сұмға.
Ор қазар ел қорғаншы – батыр ұлға.
Еділдің шығысынан Байұлы елін,
Көшірмек болған кәпір Байпақ құмға.

Жер-суга тоймай жүрген құзғын ұлық,
Қазақты көшірмекші зорлық қылыш.
Еділдің салаларын тартып алмақ,
Елдерін Кіші жүздің жерден қуып.

Есітіп осы жайға болып қанық,
Біз-дағы кіріспекпіз талаптанып.
Найзаға жасыл ала ту байладым,
Жүрем бе аттаныстан кейін қалып.

*Сырбаз – бір сырлы, сегіз қырлы өнерлі жігіт деген магына-
ны білдіреді. Оны сарбаз деген сөзбен шатастырмау керек.

Қайда деп жұрт басшысы – Ер Қалдыбай,
Біз жүрдік конысының жөнін сұрай.
Ак үйлі бір ауылға кез боп қалдық.
Туатын секілденіп онымнан ай.

Жіберген томағасын сыпырып-ай.
Бейне бір ак сұнкардай жұтынып-ай.
Тұсина боз орданың жеткенімде,
Алдынан бір кыз шықты құлпырып-ай.

Ниязға жасыл туды мен ұстартым.
Көрген сон шын гөзелді шыдай алмай.
Тілдеспек болдым қызбен сол арада.
Келген сон іс орайы капы қалмай.

Бикешке кездескен сон. көнілім ауып.
Сұлудан дәмеленіп тағат қылмай.
Кетпессін дедім-дағы құтылып-ай.
Білектен ұстай алдым ұмтылып-ай.

Бір елдін ордактаған ақмаралы.
Колымда кала берді тұтылып-ай.
Гөзелді ат ұстінде жерден алдым.
Ұқсаған шалқар көлдін аккуына-ай.
«Кімсін?» - деп, сәлем етіп, сауал қойды.
Құбылып томағасыз ақ тұйғындай.

Мен айттым: Орта жүзде затым – Керей.
Серіміз салдық құрған екі бірдей.
Қасыма ерген сарбаз бәрі өнерлі.
Жүреміз ұлыққа да теңдік бермей.

Қызылжар* шыққан жанбыз өлкесінен,
Бата алдық әрбір елдің серкесінен.
Танысып жол-жөнекей жақсылармен,
Келеміз достасумен, серттесумен.

Мұнда да осы жаймен келіп қалдық,
Ерлермен достасуға талаптандық.
Бүтіндеп жұрт арасын жүрген едік,
Демендер бұл келіске қайран қалдық.

Сұрап ем Ғайни еken қыздың аты.
Кіші жұз Байұлыдан асыл заты.
Кездесоқ жазмыш ісі нәсіп етті.
Түсін деп біздей жастық ілтипаты.

Бөркінің үкі қадап төбесіне,
Сұту қыз дайын отыр кенесуге.
Босатып сол бикешті жіберіп ем,
Біз жайлы баяндады, женгесіне

Біз тоқтап, сөйлес қылдық ақбоз үйге,
Білдірмей жүргенімді қашқын күде.
Үй еken он сегіз канат бейне орда,
Түскендей лайықты бек пен биге.

*Қызылжар – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавловск қаласының қазақша аты. Сонымен қатар, Қызылжар – Оңтүстік Батыс Сібірдегі аймақтың аты. Осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысы – бұрынғы Қызылжар аймағының үштен бір белігі ғана. Сол өлкеге Қызылжар деп ат қойған Орта жүз Ашамайлы керейден шыққан әйгілі әскербасы – бары Толыбай сыншы Дәүленұлы (1603-1680 ж.ж.) еken.

Танысу әркімге лайық тенденсімен,
Көркем кыз үйден шықты женгесімен.
Жалт еткен көз жанары әсер етті.
Тұскендей патша кызы күймесінен.

Білінді жаксы екені жүздескенде.
Олар да бізді ұғынды сөйлескенде.
«Женеше, есенсіз бі?» - дегенімде,
Иіліп сәлем етті кездескенде.

Ұсынып қолын бізге сәлемдесті,
Біз-дағы амандастық жылы ұшырап.
Жоғалтпай әдепті боп ақыл-есті.
Жөн айттық, жүр едік деп жолаушылап.

Олар да: «Хош келіпсіз, мейман», - десті,
«Үйініз іздел келген осы орда!» - деп.
«Конактар, атыңыздан түскей», - десті.
«Шаршаған шығарсыздар, бұл жолда?» - деп.

Тұсірді бәрімізді атты ұстап,
Женгесі Файни кыздың сөзін костап.
«Ерлері аса жұрттың, мейман бол!» - деп,
Көрсетті ак орданы тура нұскап.

Ілзеде пайда болды нөкер кыздар,
Олардың жүздерінде жок дұр ызғар.
Файниға ат байлауға жәрдем десті,
Күтүге қонақ келсе, сондай құштар.

Боз үйге біз токтадық жакын келіп.
Ауылдың сәнді екенін көзben көріп.

Ғайни қыз ілтипатпен есік ашты,
Кермеге тұлпарларды байлап келіп.

Ордаға біздер кірдік сәлем беріп.
Жайланып отырмақ боп ішке еніп.
Ғайни мен нөкер қыздар сырмак салды,
Отаудан төсенішті төрге әкеліп.

Отырдық бәріміз де төрге шығып.
Ешкімнен жан емеспіз жүрген бұғып.
Енгізді ақ ордага тегенені.
Ғайни да келген біздің жайды ұғып.

Бір-бірден жағалатып бәрімізге,
Ұсынды шара аяқта шұбат құйып.
Бас қойдық, «бисмилла!» - деп. берген асқа,
Сусынды қандырмақ боп шөлді тыйып.

Жайылып алдымызға дастархандар,
Қойылды үстеріне түрлі тағам.
Келгенде үй иесі болмаған соң,
Сол жерде ой бөлініп. болдым алан.

Жігіттер малдас құрды, аяқ жиып,
Сол мезет әзіл сөзден аузын тыйып.
Амандық-саулыққа әбден қанғаннан соң,
Сұрадық ел жағдайын тындал үйып.

Шұбат пен қымыз ішіп әбден қандық,
Жоғалды ұзак жолда шаршағандық.
Шай жасап, қыз-келіншек бәйек болды,
Домбыра ап кезекпенен әнге салдық.

Қобызбен, сыйызғымен тартып күйді.
Бөледік тамашаға ақбоз үйді.
Ғайни қыз көп бөгелмей, мал алдырды.
Біздерге көрсетпек боп құрмет-сыйды.

Әкеліп жабағы мен құнан койды.
Малға бата беруді гөзел сұрап.
«Аса жұрттың ұлдары тілек айт!?» - деп,
Сол жерде жүрді сұлу ұшып құрак
Ата-анаң, ағаларың үйде жокта,
Оғаштау мынай ісін дедім шырак.

Төңкерме жасап әкеп Ғайнижамал,
Қонаққа мал соймасқа жоқ деді амал.
Бата қып осы екеуін бауыздап бер,
Батырсың жас та болсаң бұзған қамал.

Бауыздап бер құнан кой мен жабағаны,
Қайт қылмай замандастық талабымды.
Деген сон орындадым қыз тілегін,
Елжіреп еріксізден жас жүрегім.
«Осыған разы бол, бикеш», - дедім.
Гөзелдің ұстап тұрып ақ білегін.

Ішетін тамақ таппай жүрген жокпыз,
Серіміз елді кезген әр кез тоқпыз.
Әкене сәлем бере арнап кеп ек.
Жақсымен таныскалы жүрген топпыз.

Дедім де колды жуып, төрге шыктым,
Бұл елдің меймандастық сырын ұқтым.

Қобыз ап алты күйді тартып беріп,
Көп ойдың тұмандынан зорға шықтым.
Мәжіліс қызы тобына қатты ұнап,
Көңілі сұлтулардың бізге құлап.
Болғанда кіші бесін тегенемен,
Әкелді қонақ үйге қымыз, шұбат.

Бір-бірден жағалатып және бізге,
Ұсынды шара аяқты қымыз толы.
Түсер деп патша әскері ізімізге,
Еш ой жоқ тар болар деп қашқын жолы.

Еңселі біз отырған ақ ордаға,
Кеткендей бір жұз кісі еркін сыйып.
Кем емес хор қызынан бұл гөзелдің,
Маңынан кету қыын көзің қиып.

Боз үйдің салтанатын көзбен көріп,
Қанбакпыз әрбір жайға көңіл бөліп.
Келеді деп әке-шешем ертең кешке,
Саялға қыз да отырды жауап беріп.

Ауылдың сәлем беріп кәрі-жасы,
Біздерге ауып жастар ықыласы.
Басталды кешке жақын үлкен мәжіліс,
Арнаулы қыз берген соң қонақасы.

Жиналған жол-жөнекей жастар еріп,
Біздерге ілесуді макұл көріп.
Тоғайын Ақбұлактың бек ұнаттық,
Салуға үйлер, кора көңіл бөліп.

Елу жас үй салмақ боп сонда қалды,
Жұз жігіт бізге еріп сапарланды.
Қырық жігіт Серкештерде күтпек болды,
Алпыс ер бізбен бірге мұнда аттанды.

Алпысы жұз елу нөкер қасыма еріп,
Қайтпақшы ек Қалдыбайға сәлем беріп.
«Көп тосып қырық жігітім қалады-ау», - деп,
Отырдым алдағы істен хабар беріп.

Ішіліп болғаннан соң арнайы дәм,
Айтылды неше түрлі хисса, өлең, ән.
Тарасты танға таяу жұрт үйіне,
Дем алдық ақ ордада біз түзеп сән.

Екі күн тосып жаттық үй иесін,
Ол келсе, шешпек болып іс жүйесін.
Жалғанда қашқын болған қыын екен,
Ешкімнің ұрламай-ақ қой-түйесін.

Болғанда үшінші күн сабыр кетіп,
«Қырық жігіт көп күтті», - деп, ойға кетіп.
Келмесе кешке дейін үй иелері,
Қайтуға ертең ерте үағада етіп.

Кеңес қып осылайша отырғанда,
Тұс ауа Қалдыбай да келді жетіп.
Тоқтады ордасының дәл алдына,
Нөкерін, бәйбішесін – бәрін ертіп.

Кигені жібек шапан үстеріне,
Мінгені астарына өңкей жорға.

Бәрінің аяғында мәсі етік бар,
Бұзау тіс тобылғы сап қамшы қолда.

Артынша балалары келіп жетті,
Жайдары жандар еken ақ ниетті.
«Сіздерді күтіп жатқан мейман бар», - деп,
Файни қыз біз туралы хабар етті.

Келгенін үй иесі бірден білдік,
Ордадан шығып, біз де сәлем бердік.
Бәрі де салауатты ерлер еken,
Буынған белдеріне кісе-белдік.

Бұларға ұялаған бедел-ырыс,
Асынған белдерінде қайқы қылыш.
Тағылған белдігінде болат қанжар,
Дап-дайын әлде қалай болса ұрыс.

Сәлемді алып, ерлер аттан тұсті,
Сыпайы көрінеді жандар құшті.
Кермеге жорғаларды түгел байлад,
Файни да қызмет қып құрак ұшты.

Шешініп киімдердің шаңын қағып,
Барлығы жайланасты үйге барып.
Танысып жөн сұрасып бәрімізбен,
Отырды біздің жайға әбден қанып.

Kісі емес қыз анасы тұрған қурап,
Әкелді табаққа сап құйрық турал,
Женгесі тегенемен қымыз тасып,
Қызметке келді қыздар түгел шұбап.

Бұл ауыл сауады екен бие, інген,
Қалды-екен шаңыбаз екен кадыр білген.
Бізден басқа мейман да осы ауылға,
Бұрын-сонды үзбестен келіп жүрген.

Козғалып Ер Ырысалды сөзге жорға,
Жан екен түспей жүрген ол да торға.
Ақынын Орта жүздің тыңдайық деп,
Ұстатты домбыраны біздің қолға.

Шығарып айттым өлең ел ұнатар,
Мәжіліс басталған соң, шер тарқатар.
Өзімнің жағдайымды жыр қып айттым,
Істерді жасырғам жоқ жанға батар.

Жырладым онан басқа тағы дастан,
Шығардым түрлі толғау қажымастан.
Қозы Көрпеш-Баянды хисса еттім,
Естіген уакиғаны айнытпастан.

Қалғанын қырық жігіттің білдірген соң,
Мән-жайды құлағына ілдірген соң.
Шақыртып сарбаздарды алмақ болды,
Біз тоқтап, мәжіліске кідірген соң.

Сезген соң таусылғанын шыдамым да,
Шақыруға кісі аттанды адамыма.
Хат жаздым қырық жігітке: «келіндер», - деп,
Патшаның шабамыз деп қамалына.

Алған соң бізді сардар ілтипатқа,
Әрі карай қызмет еттім жәмиғатқа.

«Кожаберген жырларын айт?! - деген сон,
«Ер Көкше», «Елім-айын» айттым жатқа.

Тілегін кабыл алып Асан карттын.
Бабамның «Елім-айдай» күйін тарттым.
Қолка сап үйдегілер өтінген сон.
Мойныма жыр айтуды жүк кып арттым.

«Ер Көкше», «Елім-ай» да жыр ғой ұзак.
Осылайша бара жатты уақыт ұзап.
Сол шақта қырық жігітім де кіріп келді.
Мәжіліс одан әрі тіпті қызды-ак.

Сәлемін қырық нөкердің кабыл алдык.
Амандық-саулық сұрап әбден қандық.
Халайық: «Әрі карай жалға?!» - деді.
Сонан сон ән шырқауды мойынға алдык.

Қайтармай өтінген сон жұрт месесін.
Шырқадым Салғара атам «Жиырма бесін».
Өзімнің бес әнімді қоса айттым.
Қоздырып бозбаланың делебесін.

Сойдырып бір айттар тайлакты етті конак.
Қалды-екен айттар сөзге емес олақ.
Дәм айдаپ, біздін жаққа келіп капсын.
Болғайсың киын іске берік болат.

Жалғыз хак әр ісінді макұл көрген.
Өзіңе бар өнерді үйіп берген.
Амалың кайратына сай келген сон.
Мына жастар тірек кып соныңа ерген.

Күшіңе білімнің сай жас екенсің,
Топтанған бозбалаға бас екенсің.
Мінезің мінезіме сәйкес кеп тұр.
Озің де хан, патшаға қас екенсің.

Естіп ем балуан, мерген, әнші-акын деп.
Саятшы, күйші, емші, жас батыр деп.
«Жолығу жағы қалай болар?» - деп ем.
Кездестің өз ордамда ақыры кеп.

Кем емес еш пенден ақыл-санаң.
Жинай бер, елден сарбаз, болма алаң.
Бір Алла жас басыңа бақ қондырсын.
Бетіңнен осы алған қайтпа балам!

Нұр жаусын әрбір басқан қадамына,
Салдық құр, беделді бол заманыңда.
Жас күнде сайрандап қал, ұлым – Сегіз.
Таймайтын берік болсын табаның да.

Ауыр іс кез болып тұр таланыңа.
Шайқасы мол жыл боп тұр заманың да.
Сау-саламат сері боп жүрсөң-дағы,
Шабарсың әлі-ак жаудың қамалына.

Ғұмырлы бол, карағым, дәулетті бол.
Ешбір алып тенденспес әuletті бол.
Елден таңдал алғаның сұлу болып,
Жұртын қорғар, опалы перзентті бол.

Тіршілікте мінгейсің жүйрік, жорға.
Әрқашанда дүшпаннан елді қорға.

Алла, аруак, әулиелер жебеу болып.
Аман бол, кайда жүрсөн, түспе торға!!!

Үлдарымды әрдайым аға сана.
Жас болсан да. Сегізжан, сен бір дана.
Колдан келген шаруаға көмектесіп.
Қысылшаңда болармыз біз де пана!

Деп маған Ер Қалдыбай бата берді.
Жоймак болып мендегі кайғы-шерді.
Әкесінің сөздерін ұйып тындал.
Ғайнидың жүзі жайнап сала берді.

Маңайы ак орданың толды жанға.
Қажымай үлкен дастан шығарғанда.
Хиссаға «Қазиғұл» деп есім бердім.
Болар деп аты қалай сұрағанда.

Шырқа деп Қожаберген «Елім-айын».
Өтінді сонда келген барлық кісі.
Зарлы ән «Елім-айды» айтканымда.
Ұйыды жиындағы үлкен-кіші.

Расында Қожаберген менің бабам.
Үш жұзге заманында болған корған.
Басқарған қазак колын батыр адам.
Азбаған, айнымаған ата жолдан.

Әйгілі Қожаберген бабам менің.
Корғаған жаудан ылғи мұсылманды елін.
«Елім-ай» әнін, күйін, жырын – бәрін.
Шығарған майданда сол ардагерін.

Халайық тарқамастан бата берді,
Жырыма, ән-күйіме баға берді.
Көрсеткен өнеріме дән риза боп.
Ұлдары Қалдыбайдың сыйлық берді.

Тартуына, алғысына көңіліміз толды,
Халайық бізді мейман етпек болды.
«Ертеңнен бастап кезек шақырамыз», - деп.
Ауылдың адамдары айтып қойды.

Бәйбішесі Қалды-екенің жақын келіп.
Сөйледі кезек алтып көңілденіп.
Ұлым деп ықыласы маған түсіп,
Бетімнен сүйді жылы шырай беріп.

Біз сенің екінші ата-анаң деді,
Бақытың өрлей берсін балам деді.
Ғайниым лайық ер екенсің,
Әрдайым Алла болсын панаң, деді.

Әр жерде алғыс алдым жарлы-байдан,
Жасырып қашқындықты салдым сайран.
Алғаш рет көрсө де ықыласы ауган.
Қалдыбай мен ауылына қалдым қайран!

Бата алдым Ысық, Тана ағасынан.
Атақты Қалдыбайдай данасынан.
Мейірбанды шешенің ісін көрдім,
Ғайнижамал сұлудың анасынан.

Баласы Қосаяқтың Ер Қалдыбай.
Ұлдары: Иманбай мен Қабыланбай.

Ту ұстап, әке-ағаға ере шықкан,
Кенжесі және де бар Есмағұлдай.

Кезінде Ер Сырымда болған сардар,
Қалдыбай картан батыр екен дегдар.
Таныссак сол алыптың жағдайымен.
Азамат һәм жауынгер он ұлы бар.

Он аға аркасында өскен бұла.
Ғайнинің кыз тым көрікті әсем тұлға.
«Әрі әнші, әрі өжет, әрі алып», - деп.
Әкесі балайды екен оны үлға.

Жайына Ғайнижамал салсам назар.
Гөзелдің жүрген жері думан-базар.
Женгесі: Балжан. Тенденк тым әдепті.
Анасы-ак бәйбіше, есімі – Ажар.

Жолығып Байұлыда Ғайниниң сұлу.
Онымен міндет болды серуен құру.
Екеуіміз бір-бірімізге ғашық болдык.
Біздерге жат шаруа деп қарап тұру.

Жас болсам да, аралап біраз жерді.
Өзіме нөкер еттім жүз елу ерді.
Ғайнимен серттесуге талап қылдым,
Бойдағы арылтпак боп қайғы-шерді.

Ерлерге максат қыздың сырын білу.
Дұрыс кой жастық шакта ойнап-кулу.
Ата-ана, аға-женге тілеулес боп.
Ғайнимен бізге лайық бірге жүру.

Қалды-екең жас тілекті қабыл алды,
Болгай деп күйсөу бала ақыл салды.
Бәйбішесі Ажар да қолдады оны,
Кім жақсы көрмес ондай абзал жанды.

Он ұлы бек шаттанды естіп мұны,
Бізге енді айналды деп істің оны.
Уағада Файнижамал бергеннен соң,
Бекіді қосылмаққа сөздің соңы.

Жүректің әміріне бөгөу бар ма,
Шығардық ән-күй, өлең ғашық жарға.
Ел-жұрты, ағайыны болды разы,
Аққуымыз кез болды деп ақ сұнкарға.

Сондықтан жыр арнадық көркем қызға,
Айналмай тұрғанында көніл мұзға.
Таппаған уақытында теңін іздең,
Отырып қалуы хақ батпақ-сызға.

Ғұмырым болама ұзақ, әлде қыска.
Әйтсе де қалдырайын дұрыс хисса.
Қалайша жыр шығармай отыра алам,
Нарында жолықкан соң аққу құска.

Тапсырса ауыр болар дәммен тұзға.
Ондайда айнығыштар құлар құзға.
Ысықта қол алысып, уағада етіп,
Шідерін ғашықтықтың салдым қызға.

Салған соң жас жүрекке ғашық өртін,
Бекіді Файни қызбен еткен сертім.

Көрген соң райхан гүлдей асыл қызды.
Болмады достаспаска менің еркім.

Тілектес болды ата-анасы да,
Костады женгелері, ағасы да.
Косылуымызды жөн көрген елі-жұрты,
Қалма деп күншілдердін табасына.

Колдай көр ақыныңды әр кезде пір.
Жыр шығарарда, болмасын көнілде кір.
Жарандар, кемі болса, сөге көрме.
Файниды суреттейтін жеткенше тіл.

Адамзат дүние есігін ашқаннан соң.
Өзіне лайыкты жар тауып алмак.
Болсам да бұл жалғанға аз күн конак.
Ғашықтық дариясына салдым кармак.

Жүйрік ат, лашын, бүркіт, тазы баптап,
Шығардым ғозелдерге ән-күй арнап.
Ішінен көп сұлудың ұнатқаным.
Ысықта Файнижамал құрбым болмак.

Сүйкімді үлбіреген жұка ерні мен
Құлпыраған көркем жүзі ерге салмак.
Корінер тамағынан ішкен асы.
Сүйріктей тұзу саусақ, қалам бармак.

Окалы берен бешпент ұске киген,
Құрбыға сәлем беріп, басын иген.
Нарынның ақбөкені – Файни қызды,
Жігітте болмас арман таңдап сүйген.

Өзінің қарал бас пен аяғына.
Жылқының ұқсап жүйрік саяғына.
Басында кәмшат бөрік, қолда жүзік.
Кигені Қосай етік аяғына.

Жаралған шыныменен асылдан қыз,
Құрбыдан салтанатын асырған қыз.
Гөзелдің тал бойында еш міні жоқ,
Әрдайым аулақ жүрген масылдан қыз.

Мінеді өзі үйреніп, атты таңдал,
Сейлейді жындарда сөзді андал.
Арасы ағайынның ала болса,
Оны да бүтіндейді еппен жалғап.

Икемді іс тігуге аса шебер,
Тамғандай он саусактан әртүрлі өнер.
Көргенде қызықтырып көз тартады,
Белінде қаптырмалы белбей кемер.

Ғайнин қыз әр қашанда жүрер сергек.
Тәптіштеп сөз сұрамас жұртты тергеп.
Отырмас орамалды кестелеумен,
Салатын кәсібі бар түрлі өрнек.

Данышпан, парасатты, амалды қыз.
Барабар ер жігітке табанды қыз.
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт кисе,
Бұзардай қайраты мол қамалды қыз.

Сүйекті, шымыр дене, сұнғақ бойлы.
Сабырлы, тура сөзді, терен ойлы.

Шағылысар күн көзіне аппақ болып,
Сұлудың ер қызығар алма мойны.

Көргенде жігітке ой салдырған қыз,
Мас етіп, ерді есінен тандырған қыз.
Қолына домбыра алып, ән шырқаса,
Тәтті үні құлак құрышын қандырған қыз.

Молдадан жастай дәріс алған сұлу,
Бінтасын дін оқуға салған сұлу.
Жасы оның он жетіге кәміл жетіп,
Болып тұр талайларға арман сұлу.

Алладан адал жарды тілеген қыз,
Азуын көктегі айға білген қыз.
Ұрынған ащы тілмен шайпауларды,
Сөз тауып, ойын-тойда мінеген қыз.

Жайдай қас, ақтай кірпік акку қабак,
Өзгеше басқа қыздан тұлпар сағак.
Қымылды өте шапшаш, шаруаға епті,
Ешқашан қол қусырып, тұрмас қарап.

Ғайнидың ойында жок ешбір қорқу,
Ақылмен жұмбақ шешер, болмас толқу.
Қолынан Қалдыбай қызы тағы келеді,
Алаша, мойын орағыш, кілем тоқу.

Тоқиды белбеу, қолқап, шекпенді де,
Қолданар шым оярда кетпенді де.
Шөп шабу, егін ору қолынан келеді,
Ұнатады арпа-бидай еккенді де.



Армандал киялымен шарқ ұрап қыз,
Жігіттің ең тектісін жар қылар қыз.
Сөйлескен әр адамның тілін тауып,
Басқадан ақыл-оймен артылар қыз.

Ғайниды көрген жанды болмас ерік,
Айырықша оған біткен ажар-көрік.
Жайқалып құлағында алтын сырға,
Өзгеше көрінетін сертке берік.

Қараумен екі көзді талдырған қыз,
Жүректе ғашық отын жандырған қыз.
Ат ізін суыттырмай сан келтіріп,
Жігітті әуреге салдырған қыз.

Шаштарын түнде жуып, күндіз тарап,
Қолына шарайна алып, жүзін қарап.
Қап-қара екі көзі от жалындей,
Пәндеге бір көргенде, қатты ой салар.

Жегені қазы-қарта, жая мен жал,
Жетпейді бағасына дүние-мал.
Секілді шекер-балдай тәтті қызға,
Бозбала талабы бар көздерің сал.

Үлдеге, бұлдеге де оранған қыз,
Біріндей ер жігіттің бола алған қыз.
Құрбысын өнерімен менгеріп ап,
Бағыттап тұзу жолға сала алған қыз.

Жасы оның он жетіге әбден толып,
Аңдайды айналасын көзбен шолып.



Етегі Қазине* көйлек дөңгеленіп,
Жүреді бір топ қызға басшы болып.

Күлкісі тау суындағы сылдыр қаққан,
Шолпысы шашындағы шылдыр қаққан.
Гөзел қызы-үйліжыған ақша бет қыз,
Маралдай жазықта ойнап сылаң қаққан.

Қырандай аспандада өрлең қалқыған қыз,
Жақсыға қосылуға талпынған қыз.
Жатқа да, жақынға да тым қолайлы,
Дегдардың шарапаты шарпыған қыз.

Лебізі тәтті шәрбат секілденген,
Орнымен ата-анаға еркелеген.
Мерген қыз, алғыр ойлы, сезімтал қыз,
Ән салса, көмекейі бұлкілдеген.

Кең мандай, бота көзді, аққұба қыз,
Ерекше асып туған акқұла қыз.
Қолаң шаш, жазық жауырын, қыпша белге,
Жігіттер, көре қалсаң сұқтанарсыз.

Қыр мұрын, меруерт тісті, қызыл ерін,
Бойынан жұпар иісі аңқыған қыз.
Әзілге, қалжынға да сондай ұста,
Шаттанып, шабыттанып шалқыған қыз.

Келбетін көргендердің есі кетіп,
Буынын құртып босқа алдырған қыз.

*Қазине – асыл жібек матанын бір түрі. Одан мұсылман әйелдері кос етек кейлектер тігіп киген екен.

Жасынан жалған сөйлеп көрмепті өзі,
Қауымды іс атқарып нандырған қыз.

Ер пішін, әсем басты ат жақты қыз,
Беделді ел-жұрттына ардақты қыз.
Женілтек, шатынаған мінезі жоқ,
Әр істі ойлап шешер салмақты қыз.

Сымбатты, оймақ ауыз, әдемі иек,
Тік дене, әсем құлак, лағыл сүйек.
Мақтамен бауыздардай тілі өткір,
Жүреді жастар жағын өзі билеп.

Аршын төс, ақку мойын, айбарлы қыз,
Ішінде қатарының жайдары қыз.
Жаңылысқан пәндеге жөн сілтейтін,
Алдырмас шөпшендіге айлалы қыз.

Бел байлар қыындыққа гөзел төзіп,
Айтпай-ақ, ойдағынды тұрар сезіп.
Бойында тәkkаппарлық болған емес,
Пақырға көмектесер жүрмес безіп.
Такқаны мойынына алтын алқа,
Жаркырар білегінде қос білезік.

Шешен қыз ата-анадан үлгі көрген,
Ұзын қос білектей қып бұрым өрген.
Қосқанда домбыраға асқақ үнін,
Пернеде он саусағы аттай желген.

Дүшпанға қарсы тұрар жүректі қыз,
Ғарыпке қорған болар білекті қыз.

Өзіне көп адамды баурап алар,
Ақылы, білімі мол тіректі қыз.

Кілемге, түс киізге, текеметке,
Менгерген Ғайни салу оюды да.
Ауылда ер-азамат жоқ құндерде,
Атқарған конакқа кой союды да.

Ер, жүген, өмілдірік күмістелген,
Байпалтып боз жорғаны көшке мінген.
Сөздерін әр адамның дұрыс тыңдалап,
Назар сап айтылғанды құлаққа ілген.

Құлімдеп езу тартса, қасын керіп,
Тірі жан оны көрген болар жерік.
Жасынан жүретүғын ғадеті бар,
Тоғайда серуен құрып, жидек теріп.

Қыздардың тобын бастар шын көсем қыз,
Тоқтатқан талайларды тым шешен қыз.
Кескіні, денесі де жүрттан бөлек,
Жұмбакқа, жаңылтпашқа ересен қыз.

Шаштарын түнде жуып, күндіз өрген,
Көп жанға тыңдаулы боп сөзі жүрген.
Пенденің тірлігіне қолайлы деп,
Әрдайым пайдалы іске көніл бөлген.

Биязы, тым сыпайлы көрмарал қыз,
Жас еді тәрбиелі, қадыр білген.
Еріні бұлдіргендей көркем қызбен,
Жігіттің арманы жоқ ойнап-кулген.

Мінезі сұлу қыздың жүртқа жайлышы,
Шаруаны атқаруға өте ынғайлы.
Әр іске бала кезден епті болып,
Ғайни қыз жақсы атағын жүртқа жайды.

Мақпал, Жібек, беренге малынған қыз,
Атағы жүрт құлағына шалынған қыз.
Ас пен айт, ойын-тойдың – бәрін де,
Аузына барша көптің алынған қыз.

Дүниеде ойлап тұрсақ, бәрі бекер,
Жастық шақ басымыздан әлі-ақ өтер.
Қолынан Ғайнижамал ішкен сусын,
Татиды алуа, миуда, бал мен шекер.

Шабыт келсе, ер қалмас бойды тежеп,
Жыр айтарда, тұра алмас ешкім бөгеп.
Бұл хисса – «Қыз сипаты» өз алдына,
Шығарған Ғайни жарға әнім бөлек.

Он жастан бастап жырдан шаштым жеміс,
Даңқыма Үш жұз халқы қанық тегіс.
Сұлуға Ғайнижамал хисса арнаған,
Ақыны Орта жүздің есімім – Сегіз.

Алайда, Сегіз серінің қосылмақ болып уағдаласқан қызы – Ғайнижамал сол 1834 жылы қазан айының басында кенеттен ауылғына шабуыл жасап, жылқы-түйелерді күйіп, айдай жөнелген жаулардың оғына ұшып қаза табады. Өйткені, өжет қыз Ғайни тонаушылардан жылқы-түйелерді айырып алу үшін, найза ұстап, атпен шығып, жауды бөгемек болған екен. Мейірімсіз жау өздеріне қауіп төндірген бикешті атып кетеді де, со-

ның салдарынан ғашық жігіт Шақшакұлы әнші-ақын ол сұлумен қосыла алмайды. Сүйген жары жендеттермен ұрыста каза тапқан Ер Сегіз Файнижамалға арнап, жоқтау өлең, зарлы күй шығарады.

«Файни» күйі және жоқтау өлең шығарылғандығын белгілі әдебиетші-ғалым Т.Ә.Сулейменов өзінің 1988 жылы «Қазақстан әйелдері», «Еңбек таңы» журналдарының бірінші сандарында жариялаған «Файни қызы хакында» атты ғылыми макаласында толық баяндап бергені де елге мәлім.

Сегіз серінің ардақты жары Файнижамал Қалдыбай қызына (1818-1834 ж.ж.) арнап шығарған «Файни» әнінің екі нұсқасы, «Файнижамалға» деген өлеңі, «Қызы сипаты» дастаны, «Файни» күйі, жоқтау өлеңі сол 1834 жылы – жылкы жылы қыркүйек, қазан айларында оның сарбаздары, достары арқылы ауылдан ауылға, елден-елге тарап кеткен екен. Сегіз сері «Файни» күйі мен жоқтау өлеңді қазан айының басында сүйген жары Файнижамалдың қаза тапқанын естіген шақта шығарыпты. Ол жайында Сегіз серінің әрі досы, әрі құрдасы, әрі ауылдасы Нияз сері Бекдәuletұлы өзінің «Құрдасым» атты толғауында былай дейді:

Еділ-Жайық дариясы суы
Дәм айдап келдік Самар даласына.
Ән-күй мен жыр шығарып жиындарда,
Біз жүрдік Байұлы елі арасында.

Басшымыз Сегіз сері қолбасы еді,
Бірге өскен қанды көйлек жолдас еді.
Аз күнде Кіші жүзге сыйлы болдық,
Қындық деп ойладық болмас енді.

Сымбатты, өте бойшаң, тым ажарлы,
Сегізге ауған еді жұрт назары.
Батырга нелер сұлу көңілі ауып,
Басталды ғашықтықтың шын базары.

Болған соң Ер Сегізде таудай талап,
Ақынды талай бикеш жүрді жанап.
Артықша басқа қыздан жақсы көріп,
Файниды ұнатқан еді өзі қалап.

Арнады «Файнижамал» деген өлең,
Шығарып «Файни» деген әнін қоса.
Сегіз бен Файни сұлу уәделесті,
Келер жаз қосылмаққа Алла қосса.

Және де «Қызы сипаты» деген жырды,
Шығарды Сегіз сері Гайниға арнап,
Қозы Көрпеш-Баяндай болды екеуі,
Қатардан қандай жігіт кейін қалмақ?

Қызы ауылы маңайын қыстамақ боп,
Қазанда Ақбұлақтан шықтық жолға.
Жау тиіп қапияда малдарына,
Оққа ұшқан Файнижамал біздің сорға.

Бұл іске бәріміз де қайғыландық,
Файнидың қабіріне топырақ салдық.
Серт еттік құран ұстап екі жұз ер,
Қызы кегін жоктаймыз деп міндетке алдық.

Көңілі сүйгеніне ауған Сегіз,
Қайтпаған бетті еді даудан Сегіз.

Соңынан кәпірлердің қалмай жүріп,
Жартылай кек қайтарды жаудан Сегіз.

Жанына қыз өлімі қатты батып,
Шығарды Ғайніға арнап күй мен жоктау.
Сегізге зарлығымыз көңіл айтып,
Сол жерде керек дестік құнын жоктау.

Сондай-ақ, Сегіз серінің кіші шәкірті белгілі әнші-ақын, композитор Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929 ж.ж.) да Шақшақұлының «Ғайні» атты қос нұсқалы ән мен «Қыз сипаты» дастанын Ғайнижамалға арнап шығарғандығын өзінің «Ер Сегіз» толғауында ашық айтады:

Сал Сегіз әуес болған нақ құндызыға,
Көз салған әр елдегі шын жүлдышыға.
Арнаған қос нұсқалы «Ғайні» әнін,
Еркесі Ысық жүртү Ғайні қызыға.

Ғайнидың Ғайнижамал нағыз аты,
Ұстаздың оған түскен ілтиппаты.
Онымен қосылмаққа серт еткен соң,
Шығарған дастаны бар «Қыз сипаты».

Шакшақұлы батыр-жыраудың Ғайнижамал Қалдыбай қызына ғашық болып, оған арнап, «Ғайні» деген әні, «Қыз сипаты» атты жыры болғанын өзінің «Сегіз сері» атты тарихи дастанында атақты әнші-ақын Нұржан Нау-шабайұлы (1859-1919 ж.ж.) былайша толғайды:

Сегізді Ғайнижамал бек ұнатқан,
Ата-ана тілектес боп һем қуантқан.



Секілді кермаралдай құрбы қызды,
Серінің көркемдігі шын балқытқан.

Өнермен Сегіз көпті таңырқатты,
Болған соң қатарында салтанатты.
Сұлуға Файнижамал көңілі ауып,
Шығарған әсем әнін «Файни» атты.

Ел қойған еркелетіп Файни аты,
Алшын да Байұлы-Ысық шыққан заты.
Файниға ғашық болған Сал Сегіздің,
Шығарған хиссасы екен «Қыз сипаты».

Сонымен қатар, Сегіз серінің Файниға ғашық болып, «Файни» атты ән шығарғандығына, Файнижамалдың жау қолынан қаза тапқандығына және сол Шакшакұлының «Файнидан» басқа «Жылы ой», «Әйкен-ай», «Шолпан» әндерін де шығарғандығына Еділ-Жайық ара-лығындағы елкеде, яғни Батыс Қазақстанда өмір сүрген әрі Сегіз сері өмірі мен шығармаларын жинап-зерттеген белгілі ірі ақындардың бірі – Шәнгереj Сейіткерейұлының «Сардар Сегіз» атты тарихи дастанындағы мына шумактар да айғақ бола алады:

Ойымда менің Сегіз жүрген көптен,
Сұлуға әнін арнап, жырын төккен.
Алшынның Файни, Әйкен, Жамал, Шолпан,
Дейтұғын гөзелдерін ғашық еткен.

Оларды күймен Сегіз елжіреткен,
Жорғасын Түрікпеннің тарту еткен.
Тербеліп эткеншекте сұлулармен,
Жүйрігі Орта жүздің сайран еткен.

Доп атып патша әскері зеңбіректен,
Ер Сегіз қоршau бұзып ұзап кеткен.
Қашқындық салдарынан қосыла алмай,
Әйкен, Жамал, Шолпандар арманда өткен.

Ғайни да дүниеден жастай өткен,
Сұлуды шапқыншылар атып кеткен.
Сегіздің алғаш сүйген жары дейді,
Серіні өлімі оның көп күйзелткен.

Ұйытып жүртты жырмен, күйіменен,
Түзеген батыр Сегіз салдық сәнін.
Төрт жүйе төрт сұлуға шығарыпты,
«Ғайни», «Жылы ой», «Әйкен-ай»,
«Шолпан» әнін.

Бұлардан басқа Асанбек шешен Нұрғожаұлы (1752-1846 ж.ж.) «Сегіз сері» атты толғауында, Мәделі кожа Жұсіпқожаұлы «Асыл ер» деген өлеңінде Шақшақұлы әнші-акынның (1818-1854 ж.ж.) Ғайнижамал сұлуға арнап, екі вариантты «Ғайни» әнін, «Ғайнижамалға» деген өлеңді, «Қыз сипаты» дастанын, «Ғайни» күйін шығарғандығын дәлелді түрде орынды атап өткендігін жүргізгендер.

Кейбір күншілдер мен рушылар Шақшақұлы әнші-акын, композитордың қазақ сахараасын аралап, салдық-серілік құрғандығын, бара қалған жерлерінде бейбіт елдің жылқы-түйесін жаудан айырған көпшілік батыр екендігін жокқа шығару үшін Сегіз сері Бекейлікте, Жылы ой жайлауында болмаған дегенді айтатын көрінеді. Біріншіден, қазақ ақындарының аттарының тұяғы тимейтіндей, Бекей ордасы мен Жылы

ой жайлауы жер шарының шеті емес қой. Екіншіден, жас шағында басына қын іс түскенде, Ауған, Фарсы елдерінің жерлеріне, Орал, Кавказ тауларына барып паналаған, кейін Үш жұзге жататын елдерді, Сібір Татары, Шалабай (Челябинск) башқұрты, Қарақалпақ жұрттарын аралап, ән салып, өлең-жыр, күй шығарып, сауық-сайран құрған Сегіз серінің баруына Ішкі Орда (Бөкей ордасы немесе Самар даласы) мен Жылы ой жайлауы аса шалғай жер болмаса керек.

Енді бір жікшілдер Сегіз сері Омбыдағы кадет корпусында оқымаған, оны бітірмеген дегенді айтып, оның әнші-акын, композитор екенін жоққа шығарғысы келетін сияқты.

Бұл – бос сөз. Ақын болу үшін кімге болса да, кадет корпусын оқып бітіру шарт смес. Мысалы, Шәңгерей Сейіткерейұлы Бекеев (1847-1920 ж.ж.), Жәңгір ханның немересі) кадет корпусында оқығаннан ақын болған жоқ, оның ақындығы – табиғи дарындылық екені кімге болса да белгілі жайт.

Халқымыздың аруақты сыйлау ата дәстүрі болса да, кейбір мәңгүртердің баяғыда дүниеден өтіп кеткен дарынды ақын Сегіз серіге қайта-қайта соқтыға беруіне кім де болса таңғалғандай. Халық әндерін Сегіз серіге теліп жүр деген сияқты бос сөздерді де рушылдар айтатын көрінеді. Шын мәнісінде халық әні деген ән жоқ екені де, көп адам бір жерге жиналышп, ән не күй шығармайтыны да жұртшылыққа мәлім. Шығарушысы (авторы) естен ұмыт болған әндер ғана халық әні саналатыны оқырмандарға бұрыннан-ақ белгілі. Сегіз серіге ешкімнің әні де, өлеңі де, жыры да телінген емес. Керісінше, Сегіз серінің әндері халық әні болып кетті. Сонымен бірге оның кейбір шығармалары басқаларға телініп кетті. Шындығына келсек, Сегіз серінің өмірде



болғандығын, оның үлкен дарын иесі екендігін жоққа шығарушы жікшілдердің сол Шақшақұлының шығармаларын талан-таражға салып, оның өлең-жырларын қолдан ақын жасау үшін пайдаланғысы келетіндер екендігі олардың жалақорлығынан, күншілдігінен-ақ айқын көрініп тұр. Мұнан кейбір ақын, жазушы, ғалымдардың көзқарастарының рушылдық өрісі тар шеңберде қалыптасқандығын аңғару кім-кімге болса да қызын емес.

Сондай-ақ, тіпті кейбір мәңгүрттердің пікірінше патша өкіметі билігі тұсында Батыс Қазақстан өлкесіне жолаушылап барған кісілер архивте болулары міндетті сияқты. Әрине, бұл да жалақорлардың ойлап тапқан сасық тәсілдері екені көзі ашық адамдарға - айдан анық жайт. Себебі, кез келген Батыс Қазақстан аймағына барған ақындар не басқа жолаушылар Ресей патшасы өкіметіне қызмет етпегендіктен, Орынбор мен Текеге (Оралға) барып әкімшілік орындарына өзерінің Самар даласында (Ішкі ордада немесе Бөкей ордасында) жүргендігін мәлімдей бермегенін ескерген жөн болар. Кез келгенде архивте тіркей бермегенін түсінген дұрыс.

Жазығы жок, ертеде өтіп кеткен әнші-ақын, батыр Шақшақұлын орынсыз кінәлаудан ештеңе өнбейді. Қазақтың басқа ақындарына зерттеу барысында қандай талап қойылса, Сегіз сері шығармаларын зерттеуде де сондай талаптар қойған жөн. Оның бар айыбы: кеш зерттелгендігі. Ол кезінде талай рет тексерістен өтті. Оны қайта-қайта тексереп беруден ештеңе шықпайды.

Бізде Сегіз серінің ата-бабалары мен ұрпақтары таратылған шежіре бар. Біз Сегіз сері өміріне, оның шығармаларына бала кезден қанықпыш, оның немере-шөберелерін де көрдік. Оған арнаулы түрде Сол-

түстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының әкімі, белгілі ғалым Шаймұрат Смағұлұлының жетекшілігімен туған халқы 1994 жылы 17 тамызда Құран бағыштап, ас берді. Егер Сегіз сері жай бір адам болса, ел оның аруағын сыйласап, ас бермеген болар еді.

Ер Сегіздің жоғарыдағы «Қызы сипаты» дастанын 1958 жылы 19-20-21-22 шілде күндері Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны: зейнеткер-қария Нұрмамбет Экібайұлынан жазып алдық. Ол кісі бізге хиссаны жатқа айтып беріп отырды және оны өз ағайыны Есенәлі Бөлекұлы деген балуан әншіден жазып алған жатталғанын ескергі. Салыстыру мақсатымен Шақшақұлы композитордың «Қызы сипаты» тарихи жырын 1959 жылы 11-12-13-14 тамыз күндері Солтүстік Қазақстан облысының Полуденъ ауданындағы Асановка темір жол бекетінде кездесіп, белгілі шежіреші зейнеткер-қария Мәлік Рамазанұлынан (1891-1973 ж.ж.), Шынғыс Уәлиханұлы төренің (1811-1902 ж.ж.) жиені елі – Жансары Уақ, әйгілі классик ақын Мағжан Жұмабаевпен, педагог Бекмамбет Серкебаевпен Қызылжар, Үпі (Уфа) шаһарларындағы медреселерде бірге оқыған кісі) жазып алдық. Салыстырғанымызда екі кісіден жазып алған «Қызы сипаты» дастанының текстерінде пәлендей айырмашылық бола қойған жоқ. Сегіз серінің «Қызы сипаты» хиссасын жатқа білетін адамдарды көп кездестірдік.

Сегіз серінің «Қызы сипаты» жырын баспасөзге дайындағандар:

*Марат КЕНЖЕГОЗИН,
Экономика гылымдарының докторы,
Куантай ӘУБАКИРОВ
17.01.1998 ж.*





Балғожа – Жәмила



Әскерге кетер алдында. 1941 жыл.



Женіс мерекесі күні. 1985 жыл 9 мамыр.



Балғожа мен Жәмила (ортада) туыстарымен, ауылдастарымен алтын тойларын атап өтуде.



Жоғарыдағы қатардан солдан онға қарай – ұлы Марат, күйеу баласы Сайын, немересі – Мараттың ұлы Тимур, немересі Жан, келіні Әлия қызы Шынармен, күйеу баласы Есет, келіні Рада, ұлы Біржан, келіні Пішан, Жәмила – Балғожа, құдағыны Зура.



Ұлдары Біржан және Маратпен. 1971 жыл.



Артқы қатарда – қызы Марина, күйеу баласы Есет, келіні Рада, немересі Ерлан, алдыңғы қатарда – немересі Жан, ұлы Марат, зайыбы Жәмила, немересі Асқар. 1987 жыл. 25 қыркүйек.



Ортада – Балғожа, күйеу баласы Бекім, балдызы Базарбек, жиені Қайыргелді, күйеу баласы Энуар Тұрғынов.



Женіс мерекесі күні жастармен бірге.
Суретті қарт журналист Есілбай Қазбеков
тұсірген. 1983 жыл. Мамыр.



Анамыз Жәмила (ортада) келіні Радамен, қудағиымен,
қызы Розамен, қудашасы Сәулемен, ұлы Маратпен
және немересі Тимурмен Алматыда. 1968 жыл.



Анамыз Жәмила, әкеміз Балғожа немерелері Динара, Жанар, Жанна, Нұрлан және құдағыны Дәмелі.



Балғожа алтын тойында ауылдастарымен бірге.



Балғожа Женіс мерекесі күні
балаларымен, немерелерімен бірге.



Экеміз бен анамыз құдасы
Борашпен Алматыда дем алуда.



Балғожа шөбересі Жанатпен.



Балғожа күйеу баласы Сайынмен



Журналистер Амандық Жантеміров пен Жарасбай Сүлейменов Балғожа ақсақалмен әнгімелесуде.



Марат ағайын-туыстарымен Есептің тойында



**Солдан онға қарай – Біржан, Науқан, Боташ,
Есет, Сайын, Марат, жиені Мерген табиғат аясында
1984 жыл, 11 тамыз.**



**Марат, Біржан, Марина, Сайын
Алматыда демалыс үйінде**



Анамыз Жәмила келіні Бағия, қызы Раимен



Балғожа туыстарымен



Солдан оңға қарай – Марат, Рада, Бағия, Науқан



Біржан (ортада) қоныс тойында



Біржан жиналыста




Сайын – Роза немере-жиенімен



Сайынның үлкен қызы Жанна отбасымен



Боташтың отбасы



Сайынның кіші қызы отбасымен серуенде



Марина қыздарымен, құдаги-құдашаларымен



Балғожа немересі Ержанмен



Роза Эскерқызы, Роза, Марина, Рая,
Марат Эскерұлы, Біржан. Балғын балалық шақ



Біржан келіншегі Торғын,
ұл-қызы Кенже мен Камила



Люба, Біржан



Біржан туыстарымен



Жоғарғы қатарда – Біржан, Әлия, Гүлстан,
Құрманғазы. Төменгі қатарда – Ринат,
Елнара, Нұрлан, Гуля. Елнара
мен Нұрланның үйлену тойында

*«Жеті атасын білген ұл,
Жеті жүрттың қамын жер»*

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ


ШЕЖИРЕ-ДЕРЕКТЕР




КЕНЖАҒОЗИНДЕР ӘУЛЕТІНІҚ ШЕЖИРЕСІ

ОРТА ЖҮЗ

РУЫ КЕРЕЙ-ҚӨШЕБЕ





Осы шекіреден толық мәғлұмат алу үшін жазушы Нәбиден
Әбуталиевтің «Шок жұлдыз» кітабынан үзінді беріп отырмыз.

«ШОҚ ЖҰЛДЫЗ» КІТАБЫНАН ҮЗІНДІ

Нәбиден ӘБУТАЛИЕВ

Қарабас тархан ағамды,
Алаш жұрты тындаған.
Соғысқа, дауға қатысып
Ер еді жастан шындалған.
Мұра боп қалған көне сөз
Низам мен заңның мәні бір.
Талқылаған низамды, -
Қарабас ағам сөзі гүл.
Әз-Тәуkenі ағамыз,
Әрқашанда қолдаған.
Қайта қарап низамды -
Қазактың заңын күраған.
Қарабас күйші ағамның
Қағидасын жаттадым.
Ақ былғарыға түсіріп,
Мұқияттап хаттадым.
Әз-Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті жарғыны».
Салыстырып талдадым, -
Бергі менен арғыны.
Әз-Тәуkenің бас биі
Майлы бидей ағамыз,
Нұсқа айтқан соң Майлыкең
Кеңіп қалды жағамыз.
Көмектесті біздерге
Қазыбек, Төле, Әйтеке,
Қазактың заңын нығайтып, -

Тыйым салды тентекке.
«Жеті жарғыны» жазуда
Іс тындырдым бірталай
Айтқанымды құп алды,
Деген жоқ ешкім бұл қалай?
«Жеті жарғы» заң жазып
Билер мен ханды куанттым.
Тәлім беріп баршаға, -
Көңілін жүрттың жұбаттым!

Бұл өлеңді 1954 жылы 21 шілде күні Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны, шежіреші Балғожа Кенжеғозыұлынан жазып алып едім. Содан кейін осы өлеңді 1956 жылы 17 маусымда Қарағанды қаласының Жамбыл көшесіндегі 45-үйде тұратын ауыз әдебиетінің білгірі, қарт педагог Омар Иманбайұлынан екінші рет жазып алып, екеуін салыстырғанымда, еш айырмашылығы болмады. Осы арада Майлы бидің кім екенін айта кетелік. Майлы би Толыбайұлы Коғажабергеннің ең үлкен ағасы. Шежіре дерегі бойынша 1662 жылы туған. Жас жігіт кезінде салқам Жәңгірдің, Шығай ханның бас уәзірі болған. Кейін жасы ұлғайған шағында Әз-Тәуkenің төбе биі болып сайланған. Төле биге, Қазыбек биге, Әйтеке биге бата беріп, олардың әуелгі ұстазы болғанын білеміз. Бұл кісі қазақ жылнамасы бойынша үлкен Майлы би деп аталады, себебі Көшебе керейден шыққан әрі ата-анасы осы данышпаннның есімін қойған екінші Майлы би және болған. Оның әкесінің аты Қалжан батыр. Осы Майлы бидің жасы, үлкен Майлы бидің кіші немересімен шамалас. Бұл Абылайханның тұсында әрі қазы, әрі оның уәзірі болған. Біз сөз етіп отырған осы үлкен Майлы биді екінші Майлы бимен шатастыруға болмайды.

...Танаш бидің Манас есімді інісі майданда каза болады да оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша ұрпак көбейту мақсатымен қайнысының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш қазыға қосады. Танаш биден он жеті бала. Оның он алтысы Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Алпан, Ақпан, Сапу, Қантар, Қырым, Орал, Орак, Орман Көшебе, Мамыр (Айша бәйбіshedен) біреуі – Тарышы (Сәлиманнан) туады. Танаш өзінің үлкен баласы Балға батырга Сібір татарының begі Ағайынбетің қарындасы Фалия сұлуды атастырып әпереді. Содан – Балғадан - Әзім есімді жалғыз ұл туады. Әзім туғаннан кейін көп ұзамай Танаш бидің бәйбішесі Айша ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып ұл бала табады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе қояды. Ел жайлауға көшіп барғанда Танаштың інісі Аббас Баһадурдың әйелі Бәтиха да босанып ол да ұл табады, оның атын Жайлаубек қояды. Әзім туғаннан кейін екі шешесінің екеуі де ер бала тапты, арты құтты болды, деп женгелері Әзімді сыйлы бала деп, содан Әзім сый бала атанып кетеді. Келе-келе ел осы сыйбаланы Сибан деп атаған, Керейдің Сибан руы осыдан тараған.

Танаш бидің органшы баласы Балта батыр әртүрлі мұсылман халқынан он бір сұлу қызды атастырып алған екен. Солардан ол 47 ұл көріпті. Осы қырық жеті ұлдың ұрпағы әуелде көп ел болыпты. 1723 жылғы Жонғар қалмақтарымен болған соғыста Балта тарханның ұрпағы орасан көп қырылыш тұқымы азайып кеткен. Кезінде осы Балта Танашұлының қырық жеті баласынан тараған әulet Балта деп аталған. Қазіргі кездегі Балта керей руы көбінесе сол Баһадурдың үлкен ұлы Ноғай бимен кіші ұлы Құлшыман батырдың

тұқымынан тарайды. Кейінгі шежірешілер Балта батырдың ұлдарының да немере-шеберелерінің де аттарын ұмытып Ноғай би Балтаұлының тоғызынышы ұрпағы боп есептелетін Иманқұл, Қарімқұл, Дәрімқұл үшеуін Балта батырдың бел баласы деп қателесіп жүргенін де білеміз. Тобыл өзені бойын мекендейтін Қарасары Балтакерей руы (атақты Тұрсынбай батыр Ертісбай-ұлының елі) Балта батырдың Құлшыман есімді кіші баласынан тарайтынын да айта кетелік.

Танаш бидің Айшадан туған кенже баласы Көшебе сардардан он үш бала: Жауынгер, Жәдігер, Жәрдембек, Жарқынбек, Жақыпбек, Жазы, Жомарт Жанкөрпе (кіші жұз қызы Балумаржан бәйбішеден туады), Жанат, Жантелі, Жанкелді (Балшекер атты екінші әйелінен), Жауағашты, Жалайыр (әйелі – Гұлсарадан) (татар қызы) туады.

Көшебенің үшінші әйелі Жұқадан (башқұрт қызы) бала болмаған. Көшебе батырдың соғысқа көп қатысып кезінде Алтын Орда хандарына әскер басылық қызмет атқарғанын да айта кетелік. Көшебе батыр бір соғыста ауыр жаараланып, оны ауылға үлкен баласы Жауынгер батыр мен оның сарбаздары наизаға салып алып келеді. (қазіргі Омбы қаласы орналасқан жер) Көшебе батыр осы жерде дүниеден өтеді.

Көшебе қайтыс болып, асы берілген соң оның төртінші әйелі Гүлсараны ел басшысы әрі адудынды Ноғай би өзінің көп шешелерінің бірінен туған Оразымбет деген інісіне қосады.

Көшебенің әйелдері Балумаржан мен Балшекер қайтыс болғанда оның Жауынгерден басқа балаларының бәрі Жұқа бәйбішениң қолында қалады.

Оразымбет Балтаның женге алған Ғазима дейтін әйелінен туған жалғыз бала екен, әрі өзі момын болады.

Балтаның өзге балалары оны шеттетіп, «Қаракұл» деп ат қойып, жылқы, түйе бақтырады. Соның салдарынан Оразымбетті келіндері бірде жылқышы-ата, бірде түйеші-ата деп кеткен. Оразымбеттің Гұлсара әйелінен төрт бала. Өтеғұл, Тілес, Қайдауыл, Қайдакұл туады. Кейін Балтаның немерелері Оразымбеттің Уәзипа де-ген бірінші әйелінен туған балаларын ғана бауырларына тартып Гұлсарадан туған төрт баланы өздеріне манайлатпай куып жібереді. Олар атасы Қәшебенің балаларына барып паналайды. Жиенбай туады. Өтеғұлдан бес бала: Қәшекбай, Шерубай, Жылсай, Қылмойын, Коңыр, Шерубайдан Орсак туады.

Өздерінің бабалары кім болғандығы жайында «Баба тіл» дастанының соңғы жағында Қожаберген жырау Толыбайсынышыұлы былай дейді:

Алты алаштың ағасы
Заманының данасы.
Қорған болған жұртына
Ер Фархадтың баласы.
Ақылына күші сай
Танаш биден жарапдық
Мекендереп Батыс Сібірді
Қалың ел боп таралдық.
Танаштың ұлы Қәшебе
Біздің арғы бабамыз
Өсіп-өндік сол ерден
Кемімес бедел-бағамыз
Қәшебенің тұнғышы
Жауынгер бабам ер болған.
Темірдің колын басқарып.
Мұсылманға бел болған.
Орта жүздің ішінде
Ашамайлы Керейде

Қамалын бұзып кәпірдің
Бөлсіңсін ерлік-мерейге
Толыбайсыншы ұлымын
Тұлпар мініп, ту алған.
Тыныштық кезең болғанда
Мағына айтқан Құраннан.

Көшебенің тұнғыш ұлы Жауынгерден тараған тұқымды ел Бәйбіше баласы бәйбіше-көшебе, үлкен көшебе, тұбектегі Көшебе, немесе қызылжарлық көшебе деп атайды. Жауынгерден Асылболат, одан Байбол, Бибол туады. Байболдан Алдаспан, одан Шілікші би туады. Осы Шілікші бидің Жаңбыршы, Бораншы, Құланшы, Аққас, Қарақас, Жастабан Жолжақсы есімді жеті бірдей батыр ұлы болған. Шілікшінің тұнғыш ұлы Жаңбыршыдан Ораз, Шәміл, Мәміл де-ген үш ұл туады. Ораз батырдан Айболат, Байболат, Ерболат, Есболат, Жанболат, Ақболат, Сойылгер, Найзагер, Қамшыгер, Сойырғаш, Еламан, Жоламан, Таузар, Баузар, Қанжарбек, Қылышбек есімді он жеті ұл туады. Сойырғаш батырдан бес бала – Есенжан, Есенжол, Есенғабыл, Есенбек, Есентай. Есентайabyздан Қарымсақ, Сарымсақ, Қайыршақ, Қаймақ, Маймак атты бес бала туады. Қарымсақтан Мейірман – сыйнықшы туады. Еламаннан екі бала: Төс, Сейдек. Төс пен Сейдек бес ауылды бастап Сібір татар ханы Ядигерге көшіп барады. Қазіргі Тобыл қаласынан әрі қарай, Қайындыдан өтіп Ертіске құятын Бағай өзенінің бойына коныстанады. Сөйтіп Төс батыр Сібір татар хандығы әскерін басқарады. Ал Сейдек Ядихерханның қырық уәзірінің бірі болады. Ядигерхан қайтыс болғаннан соң орнына Көшім хан болады. Ядигер де, Көшімхан да Шыңғыс ханының тұқымы. Иван Грозный

патшаның тапсыруымен ел тонаушы стрелецтердің қанішер атаманы Ермак Батыс Сібірдегі жаулап алғуға күш салғанда Төс пен Сейдек Көшімханның әскерін бастап Ермакка қарсы соғысып, ел корғайды. Артынан қанқұйлы Ермак жасағы женіліске ұшырағанда, Ермакты осы Сейдек Еламанұлы Тұмен облысы жерінде (1585 ж.) итке талатып өлтіреді. Сөйтіп ол Көшімханнан сыйлық, халықтан алғыс алады. Сейдектің казак-орыс атаманы Ермакты женғен осы ғажап ерлігі кейін Көшебе керейдің ақыны Дәстемсал Қарабасұлұның (1977-1752 ж.ж.) «Дәстемнама» атты дастанында бастан-аяқ суретtelгенін жақсы білеміз. Атышұлы казак-орыс атаманы Ермак Тимофеевичті (әкесінің аты белгісіз) өлтірген Сейдек батыр оқиғасынан 141 жыл кейін қазіргі Новосібір облысының Шанин ауданына қарасты Тармақкөл өніріндегі Бұрматал деген жерде өз бала-шағаларын қырған қаракшы соқыр Ермакты өлтірген Сүйіндік арғын Сәтбек Ескелдіұлының оқиғасымен шатастыруға ешбір болмайды. Бұдан орыстың екі дәуірде өмір сүрген екі қаракшы Ермагының екеуі де казак жерінде емес, Сібір татары жерінде қазақ батырларының қолынан мерт болғанын көреміз.

Ораз сардардың Жоламан есімді баласы қыдыр да-рыған аса бай болса да тек қартайған шағында пер-зентті болыпты. Жоламанның Ханша (сары бәйбіше) есімді әйелінен Алтыбасар, Мәмбет, Үмбет есімді үш бала туады. Алтыбасар палуаннан екі бала: Ақша, Құтым. Ақшадан төрт бала: Баян, Шоңай, Қантай, Жантай туады. Ал Баян мырза өте бай әрі қолы ашық жомарт адам болған. Ол Абылайханның әскерін қалмақ соғысы кезінде он жыл бойы азық-түлікпен, ат-түйемен жабдықтап оның сенімді уәзірлерінің бірі болған. Ол туралы Уақ Тәтіқара жыраудың «Жо-

марттық жолдан тая алмай, Көшебе керей Баян бай. Фаскерге көмек берген соң, уәзір еткен Абылай» – деп жазғаның білеміз.

Баян Ақшаұлының ұрпактары бұл күнде Солтүстік Қазақстан, Корған облыстарында тұрады. Ақшаның екінші баласы Шоңай мырзаның Қыранқабақ есімді ұлы атақты құсбегі болған. Одан Қыдыrbай қажы, Кәрішал мерген, Тоқсанбай молда туған. Қыдыrbай қажы ауылында мешіт, медресе ашқан. Оның он бір мың жылқысы, төрт мың бес жүз түйесі болған. Қыдыrbайдан Шабақ қажы туады. Оның Қызылжар, Омбы қалаларында өзі салдырган қонақ үйлері, дүкендері болған.

Алтыбасар палуанның екінші баласы Құтым емшінің көп балаларының бірі Шонқара. Одан Айыртау, Айыртаудан екі бала – Тұбекбай, Кенжеқозы туады. Кенжеқозыдан үш бала Байкен, Жұмағожа, Балғожа туады. Жұмағожадан екі бала: Әскер, Жасұлан. Әскерден Марат туады. Мараттан Сәкен. Ал Балғожадан үш бала Марат, Науқан, Біржан туады. Мараттан Темір, Ерлан, Науқаннан Ержан, Нұржан, Біржаннан Нұрлан туады. Жоғарыдағы Айыртау өз түсында әйгілі Құсбегі, ат сыншысы, жауырынышы, аңшы мерген адам болыпты. Айыртаудың кейінгі ұрпактарының бірі Балғожа Кенжеғозыұлы ауыз әдебиетінің білгірі әрі шежіреші болды. Ол тоқсан жасында 1992 жылы Қызылжар қаласында қайтыс болды. Балғожаның үлкен ұлы Марат экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясында экономика институтының директоры болып қызмет істеді.

МАЗМҰНЫ

Өмірдерек	6
Алғысөз. Ұстаз. Жарасбай Сүлейменов	9

БІРІНШІ БӨЛІМ

Дастандар, өлеңдер, шежіре-шешендік сөздер

Әсет-Әсия, дастан. Балғожа Кенжегозин	14
Әсет пен Әсияның кездесуі.....	17
Ақ Бұркіт. Балғожа Кенжегозин	32
Әлім мен Разия. Балғожа Кенжегозин	36
Нұржан Наушабайұлының сөзі	47
Кожаберген жырларынан	49
Абылай ханға көніл айту	51
Үрістем ханға Бала Бөлтіріктің көніл айтқаны	53
Төлебиге Қаз дауысты Қазбектің айтқаны	54
Керей, Уак, Шағырайдың сөздері.....	55
Шағырайдың батасы.....	56
Сакқұлак бидің Мұсаға қойған сауалы.....	58
Баталар	59

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Әр жылдары жазылған естеліктер

Ертеңін ойлаған адам. Бақыт Мұстафин	62
Ардагер азамат. Есілбай Қазбеков	69
Өнегелі әмір. Қосыл Омаров	74
Сегіз Сері және Бектас. Жарасбай Сүлейменов	78
Болған еді осындай карт. Ринат Азamatұлы	83
В памяти живы все дорогие нам люди.	
Рада Рахметовна Кенжегузина.....	86
Отец и мать в моей судьбе.	
Роза Балғожаевна Есенгулова	99
Әділ, ақылшы еді. Сайын Есенғұлов	102

Я горжусь своими родителями.	
Рая Хайнетова (Кенжегузина).....	108
Әке туралы сыр. Біржан Кенжегозин	112
Посвящение Балғожа ата.	
Мадина Маратовна Кенжегузина	123
Ел намысын корғаған ер еді... Қайролла Мұқанов.....	124
Ақсакал еді аяулы... Шашубай Малдыбаев.....	128
Атам жайлы естелік. Ержан Кенжегозин	133
Келін бақтыы. Бағия Жұқақызы Кенжегозина.....	135
Жақсы жезде әкедей. Мәкенов Еслям.....	140

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Біржан Балғожаұлы Кенжегозин	144
Әскер Балғожаұлы Кенжегозин.....	148
Роза Балғожакызы Есенғұлова	151
Марат Балғожаұлы Кенжегозин. Қайролла Мұқанов....	154
Асыл аға. Зейнолла Әкімжанов	162
Рухыныз жалғасып жатыр, аға.	
Бакытқан Дәүлетбеков.....	164
«Қыз сипаты». Марат Кенжегозин	166

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Шежіре-деректер

Кенжегозиндер әuletінің шежіресі	236
«Шоқ жұлдыз» кітабынан үзінді.	
Нәбиден Әбуталиев	238



Балғожаулы
КЕНЖЕФОЗИН

**ӨМІРДЕ ІЗІН ДЕ,
ІСІН ДЕ ҚАЛДЫРҒАН**

Сдано в набор 25.10.2013 г.

Редактор Ж.Шаханов
Корректор А.Жакупова
Дизайнер Е.Горковенко

ТОО «Издательство «Северный Казахстан»
150001, г. Петропавловск,
ул. Кошукова, 5.